ауқымды ұғым екені де белгілі. Тіпті ұғым деп атаудың өзі шарттылықтан туатындай. Әйтпесе дәстүр көркем әдебиеттің жаны, тіні десек те болады. Ал, дәстүрдің жаңашылдығын зерттеу әдебиеттану ғылымының басты мәселесі. Кез келген ұлттық әдебиеттің алғашқы дәуірі мен бүгінгі бағытының арасындағы поэтикалық эволюцияны сақтаушы әрі жаңашылдыққа бастаушы құбылыс. Дәстүр ұлттық болмысты айқындаушы өлшем. Дәстүр ұғымын өнердің барлық түрінен алып өмірлік болмыс қасиетіне қарай түсіндіріп кете беруге болады. Дәстүр дегенде бізге ең әуелі ата-баба жолы, қалыптасқан салттық ғұрыптар елестері анық.

Ұлттық дүниетанымның сан ғасырлық даму кезеңдерінен өтіп, халықтық мәдениет белгі сипаттарына айналған да дәстүр көрсеткіштері. Бұл ұғым ғылымның әрбір саласында өзіндік анықтамалықтары мен тұжырымдарға ие. Әдебиеттегі дәстүр мәселесі де өнерлік тұрқына жауап берерлік қағидаттармен толысқан десек болады. «...Сонымен әдебиеттің тегін қарастырудағы дәстүр ұғымы (оның қарапайым құрылымдық жағы мен мазмұндық тереңдік аспектілерінде) маңызды жауапкершілік роль ойнайды» [1, 355]. Әсілі, дәстүр ұғымынан бөлек «мәтін ішіндегі мәтін» туралы көзқарастардың да, дәстүрге қарсы принциптердің де қалыптасу тарихы болғандығын теоретик В.Е.Хализов баяндап өтеді [1, 356]. Ұлттық әдебиеттануда да дәстүр проблемасын зерттеу кеңестік дәуірде жүзеге асқандықтан біржақты баға беру көзқарастары кездесіп жатты. Не жаңаның басы болсын біз Абайға апарып тіреуден аса алмадық. Ғылыми тұжырымдамалардың бәрін саяси салмақ басып жатты. Дегенмен бұл ұғымды арнайы зерттеген әдебиетші ғалымдар болды. Ауқымды ұғымды әдебиеттанушы Ә.Дербісалин былайша түсіндірді. «Дәстүр – өте бай ұғым. Ол адамзаттың өміріне, өнеріне, біліміне қатысты салалардың көбіне тән құбылыс. Қай салада болмасын, жалпы дәстүр атаулыға тән қасиет – ол дайын күйінде тумайды, не өзге біреуден оңай алына салмайды, ол заманалар жемісі, тәжірибелер нәтижесі, уақыт сынынан, ұрпақтардың ақыл-ой елегінен мүдірмей өткен, халықтың тіршілік тұрмысына жауап беру арқылы өміршең сипат алып, әрдайым өсіп, өніп, жалғасып отырған әрі тұрақты әрі жанды, белсенді құбылыс» [2, 14]. Бұл жерде ғалым дәстүр атауына жалпылама баға беріп отырғандығын ескерткіміз келеді. Яғни дәстүр атауының, ұғымының не мағына беретіндігін, өмір мен өнердегі адамзат санасы танып зерделеген түсінік талғамды жинақтап беріп отыр. Бұл тұжырымдаулар көркем әдебиеттегі дәстүр мәселесіне де

тиесілі. Бірақ әдеби дәстүрдің жанрларда қалыптасуының сыртқы қалыбын аңдатқанымен оның ішкі тарихи көркемдік құрылымына ене қоймайды. Дәстүр мәселесін оқырманға ұғынықтырақ түсіндіру үшін оны заттандырып, табиғаттағы тіршілік процесімен алмастырып жеткізген ғалым М.Қаратаев болды. «Топыраққа еккен бидайдың дәні шөп болып өседі де басына жаңа дән салады. Бұл да бұрынғыдай бидай дәні, бірақ санасы жөнінен бұрынғының дәл көшірмесі емес, кейбір айырмасы бар – не құнарлырақ, не қасаңырақ. Ол өсімдіктің топырағына, күннің тағы басқа қоректің аз, көп жағдайына байланысты» [3, 5]. Бұл мысалдан дәстүрдің өмір сүру заңдылығын, оның жаңарып жаңашылдыққа бой ұрып отыратындығын тануға болады. Жаратылыс заңдылығына сай табиғаттағы не жанды нәрсе болсын ұрпақ алмасып өсіп, өніп отыратынындай. Дәстүрдің өмір сүру принципі табиғат тіршілігімен салыстыра қабылдап ой топшыладық. Бұл да дәстүр ұғымын, мәнін жалпы тіршіліктің эволюциясымен айқындап жеткізгендей. Қарап отырсақ әдеби дәстүр де табиғаттағы жанды заттардың өсімі секілді о бастағы нұсқалардың бойында түзіліп, дүниетанымдық ерекшеліктерді жинақтап, көркемдік тарихында екшеліп, жаңарып, жасарып отыратын процесс иесі іспетті. Дегенмен әрбір атау, ұғымның әртүрлі ғылым саласында түсіндірілу, сипатталу ерекшелігі болатынындай әдебиетте де өзіндік даралық қасиеттерге толы дәстүр мен жаңашылдықты жанр өзгешелігіне сай жаңа танымдық арнада қарайтын да уақыт жетті. Бұған зерттеу барысында кеңірек тоқталатындықтан әзірге мәселенің зерттеу жайы мен ондағы принциптерді талдауға ойысайық. Қазақ әдебиеті тарихына үңілетін болсақ әрбір кезеңнің өзіндік бағыт-бағдары болып дәстүрлі арналардың жолға түсе бастағанын бағамдаймыз. Ұлттық дүниетанымның кемелденуіне орай эстетикалық мәдени талаптардың да сұранысы арта түсті. Дүниені көркемдік қабылдаудың өнерде бедерленуінің амал-тәсілдері жанданды. Әдебиетіміздің ежелгі дәуірінен бергі әрбір кезеңнің идеялық көркемдік құрылымының ішкі қабаттарының сыры әлі де ашыла қойған жоқ. Кеңестік дәуір тұсында өнердегі ұлттық дәстүрлеріміздің жаны байырғы дәуірлерде жатқандығын айта алмадық. Тек қана ауыз әдебиеті мен фольклордан бастау алып ақындық поэзияда кейбір үлгілердің болғандығын сөз арасында меңзер күй кештік. Кеңес дәуіріндегі қазақ өлеңтанушы ғалымдарының бірегейі Ә.Нарымбетов дәстүр мен жаңашылдықты

арнайы зерттеді. Ғалымның қазақ өлеңіндегі дәстүр табиғатын тексеру әдісі тақырыптық қырынан даралап алуымен ерекшеленді. Қазақ поэзиясындағы табиғатты жырлау үрдісін арнайы сөз етуі біржақты көрінгенімен, дәстүрдің қалыптасуымен жаңашылдық арасындағы өзгешелікті танытуда қолайлы екендігін білгеніміз жөн. Дәстүр мәселесін арнайы сөз еткен бұл ғалымның да өз тұстастары секілді идеологиялық белгіленген шекарадан аса алмағаны заңдылық. «Ақындар орыстың классикалық әдебиетінен тікелей творчестволықпен үйрене отырып, табиғатты жырлаудың белгілі бір көркемдік дәстүріне жол ашты. А.Құнанбаевтың, Ы.Алтынсариннің, С.Торайғыровтың, С.Дөнентаевтың таңдаулы табиғат лирикасы бұған толық дәлел»[3.5]. Зерттеуші айтып отырғанындай аталған ақындар шығармашылығынан кейінгі қазақ ақындарының үйренгені жетерлік. Еңбекте арнайы сөз болатын Қалижан Бекхожинның табиғатты жырлаудағы өз өрнегінің айқындығы да дәл. Жыл мезгілдерін жырлау Абай ендірген дәстүр екендігін оны Қ.Бекхожин секілді қазіргі қазақ ақындарының жалғастырып жаңа жеңімпаз заманға орайластырып суреттеуін көрсете отырып зерттеуші мынадай қорытынды ой береді. «Әдебиетте дәстүр деп біз кейде көне ауыз әдебиетінің көркемдік амалдарын жаңғырта пайдалануды айтамыз. Ауыз әдебиет мұрасына творчестволықпен арқа сүйеудің әрі дәстүр екені, екінші жағынан жаңашылдық екені рас. Өйткені ауыз әдебиеті сарынының қазіргі жаңа өмірді жырлауға қызмет етуі, әрине, дәстүр. Ал сол көне сарынды жаңғырта, жаңа идеяны, тың кейіпкерді жырлауға қалауын тауып ұтымды пайдалану - жаңашылдық» [3, 20]. Ғалымның дәстүр мен жаңашылдық мәселесінің көркем әдебиеттегі орны мен қолданылу қызметіне орай бағалап отырғаны дұрыс-ақ бағыт. Бұл еңбектің аталмыш проблеманы зерттеуде ұсына алатын ғылыми бағдарламалары бар. Оларды сұрыптар болсақ: біріншіден ақындардың жыл мезгілдерін жырлау дәстүріне, еңбек адамдары мен өз замандастарының портретін енгізуі, екіншіден табиғат лирикаларындағы қалыптасқан ұлттық сөз – бейне, сөз – образдарды заманына лайық сөз мағыналарымен түрлендіруі, үшіншіден фольклордағы аңыздық желіні пайдалану шеберліктері, даланы бейнелеудегі Қ.Бекхожин, Қ.Мырза Әлі жырларындағы көркемдік амалдар жаңалығы. Ғалым Ә.Нарымбетовтың қазақ лирикасындағы дәстүр мен жаңашылдықты сөз еткен еңбегіндегі негізгі түйіндеулер социалистік реализм бағытында қалған. Бұл дәстүр мәселесінің ұлттық поэтикалық бірлікте қарастырылуының жүзеге аса

қоймағандығын көрсетеді Қазақ әдебиетіндегі дәстүрді Абай лирикасымен сабақтастыра қарап, халық ақындары поэзиясының жаңалыққа бой ұруына үңілген ғалымның бірі Е.Ысмайылов. Дәстүрді социалистік реализм әдісі теориясымен халық ақындары шеберлігіндегі жазба әдебиеттің ролі арқылы таныған ғалым еңбегінде де жаңалықты қырлар баршылық. Халық поэзиясының негізгі ерекшеліктерін жазба әдебиетпен қарым қатынасын саралай келе, дәстүр табиғатына бастар ойлар қалдырды. «Біздің бұл айтқандарымыз ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің өзара қарым-қатынасы туралы проблеманың бір жағы болса, оның екінші күрделі бір саласы – ауыз әдебиетінің жазба әдебиетке ықпалы, анығырақ айтқанда, көркем әдебиеттегі фольклоризм мәселесі. Бұл мәселе қазақ әдебиетінің тәжірибесінде бұл күнге дейін өз алдына арнаулы тақырып болып зерттелген емес. Жазылған кітаптар мен мақалаларда біздің көрнекті ақын жазушылардың ауыз әдебиетімен байланысы жалпылама түрде, сөз болып жүр» [4, 83]. Ғалым бұл ойларын жүзеге асыруды М.Әуезовтен бастап белгілі ақын-жазушылар шығармашылығынан іздеуге үндейді. Демек ғалымның дәстүр поэтикасына қатысты ойларының тым әріге, ежелгі мұраларға бастайтыны сезінуге болады. Тек оны социалистік реализм әдісімен тексеру бағыты жемісті нәтижелер бере қоймады. Айтылған ойлардың бүгінгі әдебиеттану ғылымының жаңа танымдық арналарына бастау жол болғандығын айта кетуіміз керек. Тәуелсіздікке жақындай түскен жылдардан бастап ұлттық әдебиеттану да басқа ғылымдар секілді тарихи тегін тануға ұмтылды. Біз әдеби дәстүрдің ежелгі келбеті арқылы ұлттық сөз өнеріміздің поэтикалық қуаты әлдеқайда күшті, әрі терең екендігін ұғындық. М.Әуезовтің «Біздің поэзия өзінің өткен тарихтық тегінен үзіліп, төркінсіз әдебиет боп кеткен жоқ! Халықтық асыл мұрасының үлкен арнасын, саналы мұрагер есебінде, үлкен көлемімен ілгері қарай жақсы дамытып, асырып өсіріп келеді. Сана да, сапа да, түр, көрік те солай. Екінші бір жай, ұлттық традиция мәңгі-бақи бір орында сілейіп қатып тұратын қалып емес. Ол үлкен қозғалыста, өзгерісте» [5, 375]-деуінде танымдық мән жатыр. М.Әуезовтің осы бір салихалы ойларының жалғасы социалистік реализм теориясымен ұштасып кететіні қайырымсыз уақыттың бедеріндей көрінеді. Десе де, М.Әуезов қазақ поэзиясының ұлттық бояуының әлі де қанықтығына, мұрагерлік жолдан айнымай келе жатқан қалыбына іш тартса керек. Ғалымның «саналы мұрагер» -деп бағалаған сөздік қолданысы мен «сана, сапа, түр, көрік» секілді өлеңнің құрылым түзуші негізгі белгілерін даралап,

атап көрсетуінде ғылыми дәлдік пен позициясы да қылаң береді. «Ұлттық сана», «ұлттық дәстүр» ұғымдары бір-бірін толықтырып отыратынымен де көп жағдайда «сана» атауы осы ұғымдар салмағын таразы басып отыратыны белгілі.

Оның үстіне М.Әуезовтей ғұлама замана ағымында ұлттық санаға салмақ түсіп отырғаны және бар мәселенің соған байланысты екендігін де ескеріп отырғандай. Қазақ поэзиясының тінінен ажырамауы басқа да ұлттық құндылықтар секілді «ұлттық санаға» тәуелді. Ұлттық сана уланған тұста өнерден дәстүр іздеудің өзі неғайбыл. Ұлттық сана қазығына байланған өнердегі дәстүр жаңарып, дәуір тынысын айшықтап отырары да сөзсіз. М.Әуезовтің қазақ әдебиетінің атасы қара өлеңнің бойынан сананы іздеуі астарлы идеялық мақсатты да оятқандай. Дәстүрге сол халықтың дүниетанымы мен тіршілік белгілерімен қарау керек. «Сөйтіп әдебиеттегі дәстүр дегеніміз – жылдарды өткеріп, әдеби даму үстінде қырланып, жұмырланып, сомдана түсіп барып халықтың таразысынан, көркемдік талғамынан, әдебиеттану ғылымы мен эстетикалық ақыл-ойдың мойындауы, жалпылауынан өтіп барып, кейінгі дәуірге, келер ұрпаққа көшіп отыратын идеялық-көркемдік тәжірибе болса, жаңалық дегеніміз - әдебиеттің мазмұны мен түр жағынан – жаңа көркемдік, жетістіктерімен, прогрессивтік идеялармен, жаңа творчестволық әдістермен, жаңа геройлармен, жаңа амал-тәсілдермен, көркемдеу құралдарымен жаңарып, молығып – толығып отыруы» [3, 75]. Бұл анықтамалық дәстүр ұғымының әдебиеттегі өміріне, оқырман санасында мазмұн табиғатын ұялатуына жақын-ақ келеді. Әдебиеттегі дәстүр ең әуелі сол халықтың ұлттық ерекшеліктерімен, әдет-ғұрып, салт-сана белгілерімен, тілдік айшықтарымен, мінез психикасымен, тұрмыстық тіршілігімен байланысты. Кез келген құбылысты суреттеудегі тілдік қолданыстардағы көрік амалдарының мән-мағынасында ұлттық поэтиканың колориті болады. Жалпы адамзаттық сананың қабылдауында биік өре танытып ортақ көзқарастарды қалыптастырар поэтикалық құрылым қуаты да дәстүрден екшеліп барып дараланса керек. Мұндай поэтикалық байламдарда дәуір, қоғам, уақыт билігінің тынысы сезіле қоймайды. Біздің кеңестік дәуір тұсында да, қазіргі уақытта да қайта-қайта Абайға соға беруіміздің де төркіні осындай өміршең поэтикалық дәстүрлі арналарды іздеуімізден. Кеңестік дәуір тұсында да, қазіргі уақытта да кейбір ғалымдарымыз ұлттық поэзиядағы дәстүр табиғатының жалпы адамзатқа ортақ, түсінікті болуы керек дейтін қағидатты жиі айтатындығын естіп

Ислам Д.А. Қазақ өлеңіндегі дәстүр мен жаңашылдықтың зерттелуі.

қаламыз. Әрине, бұл бір жағынан дұрыс та талап. Өлең бойындағы адамгершілік, азаматтық, ғибраттық сарындармен қатар түрлі тақырыптарды жырлаудағы адами өреге ортақ дүниетаным белгілерінің болатындығы белгілі. Мұның әрқайсысында тіпті әрбір сарынның дәстүр құраған өрнектері бар. Сонымен қатар сол құрамда белгілі бір ұлттық танымға тиесілі ғана көркемдік өрнектің болатынын да ұмытпаған жөн.

Ондай ұлттық дүниетаным өресіне тиесілі нақыштармен өрілген көркемдік бейнелеулердің салты басқа елдің оқырманына түсініксіздеу болып жататыны заңдылық. Ойымызды М.Базарбаевтың пікірімен бекіте түссек. «Басқа кәсіпті ұстанған елдер үшін «қойдың маңырағаны» мен «сиырдың мөңірегені» соншалықты эстетикалық қанағат бермеуі мүмкін. Тіпті көп халықтың поэзиясында бұл қайта тұрпайы, ерсі көрінер еді. Әрі халықтың өз түсінігі, нанымы, бойынша, әдемілікті, жарастылықты білдіретін бейнелі суреттері әртүрлі болмақ» [6, 56]. Бұл пікірлерден халықтың тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылық кәсібіне т.б. қатысты қолданған бейнелеу сөз өрнектерінен өміршең, адами өреге тең дәстүр түзілмейді деген ой тұмау керек. Ұлттық ерекшелікке кәсібіне т.б. қатысты дүниетанымнан да түзілген дәстүр адамзат танымындағы ортақ ойлар биігін қанағаттандыруарлығы хақ. Сөз басында дәстүр ұғымының ауқымды екендігін айттық. Ұлттық дәстүр халықтың бітім-болмысының көрінісі десек, сол халықтың әдеби дәстүрінің негізі оның өмір сүрудегі қалыптасқан ғұрыптық, дүниетанымдық заңдылықтарынан да туындайды. Ұлттың этнографиялық өзгешелігі бірден пайда бола салған жоқ қой. Тіпті бір халықтың ежелгі ата тегінен бергі тарихында қаншама діни сенімдер мен нанымдардың болғандығы да белгілі. Сан ғасырлар өткелдерінде өркениеттердің де бой көтеріп, белгілі бір тарихи кезеңдерде алмасып отырғанын да жоққа шығара алмаймыз. Қоғамдық формациялардың ауысуымен жаңа бір жол жоба пайда болғанымен ескінің бәрі халық жадынан шыға қоймайды. Демек кез келген дәстүр аясында оның о бастағы мән-мағынасының белгі сипаттары сол ұғымның материалы ретінде өмір сүрмек. Ал, әдеби дәстүрді қалыптастыратын көркем тіл болса, сол тіліміздің әрбір сөзінің өзінде поэтика бар екендігін де естен шығармаған жөн. Себебі әр сөздің заттық атауымен бірге оның мән-мағына тудырар тірі организм секілді құбылыс екені ғылымға аян. Қазақ әдебиеттануында қалыптасқан «дәстүрлі образ» терминінің өзі көп нәрсені аңғартады. «Дәстүрлі образ» – ұлттық дүниетаным аясында қалыптасқан тұрақты бейнелеу тілінің қолданылуын білдіреді.

Жоғарыда айтылғандай халықтың әрбір ұғымды түсінуінің негізінде келе-келе, бейнелеу құралдарының әр қырымен тұрақты көркем тіл құрайды. Дәстүрлі поэзияның тілі негізінен сол зат пен ұғымға алмастырылып, не тура мағыналардың бейнеленуші көркемдік атрибуттарынан тұрады. «Халық санасының сол өмір, тұрмысқа, еңбекке, бір-бірімен қатынасына қарай түзіліп, ұзақ эволюция жолымен дамитыны сияқты, көркем әдебиетте сананың сәулесі ретінде ұзақ эволюцияны бастан кешіреді, халықтың сана-сәзіміне, дүние танымына сай образдар мен суреттер негізінде өрістейді. Түбегейлеп келгенде бұл, әрине халықтық, ұлттық дәстүрдің ең алғашқы негізгі, атрибуты; сондықтан да ол аса тұрақты, айшықты белгі ретінде қазіргі әдебиеттің де ерекшелігі болып табылады» [6, 67]. Ғалымның бұл айтқандарынан дәстүрдің әдебиеттегі көрінісі қандай процестермен жүзеге асатындығын байқаймыз. Кенестік дәуір тұсында жазылған зерттеу болса да, біз М.Базарбаев еңбегінен дәстүр табиғатын ұлттық ерекшеліктерімен қарастырудың ғылыми принциптерде жүзеге асқанын көрдік. Әрине, бұл еңбекте де социалистік реализмнің әдістері басшылыққа алынғаны белгілі. Дегенмен, ғалым дәстүрдің халықтық сөз өнерінің фондында, тіршілік диалектикасымен даму эволюциясын айқындауға көп көңіл бөле алғандығы қуантады. Мәселен, қазақ тағдырындағы «дала» ұғымының қаншалықты киелі екендігі, соған байланысты даланы суреттеудің неше алуан көркемдік байламдары өрнектелгенін тілге тиек етеді. Сондай-ақ қазақ сөздерінің әуенділігі дала табиғатымен үндес келіп мекендік ерекшелікті танытуы да талданады. Ғалым осындай ерекшеліктерді дәйектеп «Жер мен суға, тау-тасқа, ен далаға, жаратылыстың осы өлкеге лайық көріністері мен ғаламаттарына байланысты түзіліп, қалыптасқан сөздер, теңеулер, метафоралар қазақтың сөйлеу тіліндегі және поэзия мен әдебиетіндегі дәстүрлік белгіні байқатады. Ауыз-екі тілге жүгінсек, мұның көп мысалдарын көреміз. Халықтың көшпелі өміріне, тіршілігіне байланысты туып орныққан, немесе осыдан барып бейнелеу құралына айналған сөздер ұлттық тілдің, сөздік қордың негізгі мол бөлімі десек қате емес» [6, 76], - деп ой түйіндейді. Ғалым әдеби дәстүр мәселесі шығарманың мазмұнымен қатар оның сыртқы құрылымында, түр өрнектерінде көрінетіндігін баса айтады. Мазмұндық тұрғыдан қарағанда сөздік қор жаңалықтары мен көріктеу құралдарында жатса, формалық тұрғыда әуендік өлшем-өрнегінде көрінеді. Идеялық жаңалық ақындық қиял траекториясымен сол дәуірдің мақсатынан

туындаса, пішін сол идеяларды жеткізудегі ізденістерімен жүзеге асып жатады. Бұл тұста, ұлттық эстетикада қалыптасқан бейнелеудің дәстүрлі өрнектері де жаңартыла қолданысқа түседі. Мұнан тілдік ұлттық ерекшеліктердің дәстүрлі бейнелеуге айналған сілемдерін көреміз. Ақынның ұлттық эстетикада бар дәстүрлі бейнелеулерді өз заманының үніне салып көркемдікке көтеруі жаңашылдықты танытады. Дәстүрлі бейнелеу мен жаңашылдық арасында бір-бірін сабақтастыра тұратын тіл поэтикасы. Жаңашылдықты танытатын көркемдік бейненің сөздік мағыналық қызметі мәнін күшейткенімен оның көлеңкесінде дәстүрлі дүниетанымның реңктері сақталады. Тек ақын сол реңкті өз идеясына жұмылдырып, рухани қажеттілікке жауап берерлік уақыт тілінде безбендейді. М.Әуезов «Дәстүр мағынасына характер де, түр де, оқу мен өсу де, дами түсіп өзгеру де, мазмұн мен сыртқы сипат көрік күй мәселесі – бәрі де түгел кіреді» [5, 375], - дейді. Кез келген жақсы өлеңнің бойында мінез болуы тиіс. Сол мінез арқылы өлеңнің өн бойынан жаңалықтың лебі есіп тұрады. Ол мінез оқу мен өсуге, ақындық қиял мен шабытқа тәуелді. Мінез ақындық «меннің» не лирикалық бейненің бойындағы өлеңдегі көрініс десек бір жақты кетеміз. Мінез әуелі дүниетанымдық түсінудегі бетбұрыста жатыр. Рухани қажеттіліктен адамның өзін іздеуі, өмірде жанының ізгі сұранысын қанағаттандыруы. Жанның рухани ләззаты өзі өмір сүрген ортадан табылса мақұл, табылмаса рух, арман, мұрат үні жаңғырыққан дәстүрлі өткенге қарайлайсың. Сол бір рухани ізденіс дәстүрлі поэзияның тынышын бұзады. Дәстүрлі поэзия рухани сұранысқа орай қозғалыс, қимылға көшеді. Соның күшімен сөз оянады. Ақындық дүниетүсінікпен сөз мәнін, мағынасын күшейтуге серпілген мінез танытылады. Сөзде тірілген мінез, сөз тіркестерімен ой құрып, ұйқасып, үндесіп өлеңге айналады. Ал ондай өлеңде жаңалықты тіршілік болмауы мүмкін емес. Сөзге қатысты өлеңтанушы З.Ахметовтың мына пікірлері жаңашылдықтың бастауындай көрінеді «...Жаңа мағыналы бейнелі ой, көркем ұғым түсініктер үнемі тың, бұрын қолданылмаған сөздер арқылы берілмейді. Көп жағдайда бұрыннан бар, белгілі сөздер, ұғымдар мүлде жаңа мағына алып, өзгеше бейнелілік, суреттілік сипатқа ие болады. Және бұл тәсіл-поэзия тілін байыту, өрістетудегі аса үлкен, кең арна» [7, 84]. Қарап отырсақ жаңадан сөз пайда бола қоймайды екен. Жоғарыда айтқандай сөз, сөз тіркестері келісті өрнек құрап бейнелі ой тудырады. Мәтінде әрбір сөздің ұғымы идеялық мақсатта жаңа бір түсінік танытып өзгеше мінез көрсетеді. Сөздегі тосын мінездік қолданыстар дәстүрлі не жаңа

бір көркемдік тәсілдер келтіруі де мүмкін. Дәстүрлі көркемдік амалдармен жүзеге асса да өлеңдегі мінез құбылысы жаңалыққа жуықтайды. Бұрынғы бар дәстүрлі бейнеліліктен өңге мінез танытпаса ол қайталау. Кеңестік қазақ өлеңінің тарихында жаңа заманды бейнелеуде тілдік жаңалықтар болғаны рас. Бірақ ол табыстарымыздың көпшілігі жаңа дәуір бейнесін жасаудағы идеялардың жетегінде кетті. Сөз өзінің тибиғи мінезін емес қоғамдық идеяны жеткізуші ретінде жасанды құрал болды. Жаңа дәуір жаңалықтарын бейнелеуді сөз табиғатын сындырып жасадық. Онымыз сол дәуірдің керемет жаңалығы да болды. Сөздің де табиғи мінез болмысы ауысқан жағдайда жаңалығымыз кезеңдік қуаныш болып қалатынын кем ұқтық. Дәстүр мен жаңашылдықты ақындық тілден іздеген зерттеушілеріміздің көпшілігі кезеңдік жаңалықты мадақ етті. «Жаңалық – бұрын құлағың естіп сол байырғы тіл өрнектерімен жасалуында. Өлеңді оқып отырғаныңызда, бүгінде кино, телевизор арқылы күнде көріп, көзің қаныққан болат, шойын қорыту процестері, цехтары көз алдына келеді. Ақынның «ұрпақтар ойнап, билеп би», «машинада қоңыр күй» деген жолдары зырлаған станоктарды, «толғатқандай отты пеш, салады бебеу ойбайды», «шұрқ-шұрқ еткен шойын шоқ, қазанда қайнап» деген жолдары, домна, мартен пештерін көз алдыға келтіреді... Өлеңдегі жаңа жағдайда, жаңа мағынаны білдіру үшін жаңа нагрузка берілген байырғы сөздер, суреткердің тапқырлығымен тоғысып, оның ойын әдемі атқарып шыққан» [3, 87]. Сөз жоқ орынды бағалау. Ақын теңеулері мен жаңалықты бейнелеулері де тың. Бірақ неге ғалым зерттеп отырған Ілияс, Сәкен, Сәбиттің осы құралыптас жаңалықтағы өлеңдері қазір оқылмайды? Қазіргі өндіріске қатысты да аталған ақындардың өлеңдерін оқысақ болмас па? Сол пеш те, темір балқыту да орнында емес пе? Ендеше бұл өлеңдер неге жаңалық болып, дәстүрлі поэзия сапында тұрмайды. Мұның себептерін бәлкім ол «коммунизм» дәуіріндегі жаңалық болғандықтан да деп түсіндірушілер табылар. Оларға айтарымыз ол дәуірде жазылғанымен бүгіннің руханиятына көшкен өлеңдердің де бар екендігі. Ондай рухты өлеңдерді зерттеу барысында арнайы талдаймыз. Ал, мына өлеңдердің сол «коммунизм» көшімен бірге кетуінің себебіне үңіліп көрсек. Кеше жаңашылдық деп саналған өлең бүгін неге көмескіленді екен? Біздің ойымызша оның бірнеше айыптары бар. Біріншіден өлеңде мінез жоқ. Мінездің болмайтыны өлең үгіт, насихатқа құрылған. Өлең сөздеріндегі ұғымдардың кейбірі белгілі бір идеяны айту үшін зорлап, күштеп қиыстырылған. Ал, ең

бастысы өлең өндіріс мазмұнын «темір балқыту» процесінің жүруін дәуір жаңалығы ретінде сырттай қызықтап әсірелеуден аспаған. Мұнда пеш жағушы, темір балқытушы адамның жаны, тағдыры емес, сол пештің өзін қызықтау, ұлықтау ғана бар. Мазмұндық пафостың баянсыздығы да осында. Мұндай өлеңдердің сол дәуірдің ғана жаңашылдығы болуы да өлеңдегі сөзге, сөз мағынаға жасанды мінез бен бояу жағуымызда. Идеяны жеткізудегі ой салмағында, ойдың теңеулер арқылы өндіріс қозғалысын бейнелеулері мен суреттеулерінде мін жоқ. Тек соы бір сөздерді құбылту, жаңа мағынаға жеткізудегі ізденістер өндірістегі адам психологиясынан шет қалғанын баса айтқымыз келеді. Бұл өлеңнің өнерге емес, идеологияға қызмет етуінің салдарынан. Кеңес дәуіріндегі қазақ өлеңінің жаңашылдыққа бағытталуы көбіне осы мазмұндық формализммен жүзеге асып жатты. Мазмұндағы социалистік мүддеге қатысты көзқарастардың тілге тың мағына жүктеуі де уақыт талабынан болатын. Бұл орайда поэзияның қоғамдық күш әсері де арта түсті. Өнер биігіндегі таза лириканың дамуы бәсеңси түсіп, қоғамдық негіздегі қолданбалы лириканың бағасы артады. Лириканың қолданбалы түрдегі тілдік мағыналарының уақытты бейнелеудегі жаңалығының дәстүр құра алмауы да өзінің идеялық біржақтылығынан еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хализев В.Е. *Теория литературы*. Учеб. – Москва, «Высшая школа», 1999. - 398 с.
2. Дербісалин Ә. *Дәстүр және жаңашылдық*. - А., Ғылым, 1976. -203 б.
3. *Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы*. – А., Ғылым, 1981. -320 б.
4. Ысмайылов Е. *Әдебиет жайлы ойлар* (Ақындық өнер мен ақындар туралы).- А., Жазушы, 1968. -320 б.
5. Әуезов М. *Әр жылдар ойлары*. –А., Санат, 1959. -375 б.
6. Базарбаев М. *Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы*. -А., Жазушы, 1973.-256 б.
7. Ахметов З. *Өлең сөздің теориясы*. –А., Мектеп, 1973. -212 б.

**ҚОҢЫРАТТАР: ТҮПКІ АТАТЕК ТАРИХНАМАСЫ
KONYRATS: HISTORIOGRAPHY OF RELATIONSHIP**

О. НҰСҚАБАЕВ*

Түйіндеме

Еңбекте бұрындары айтылмаған тың деректік мағлұматтар негізінде Қоңырат тайпасының шығу тегі, этногенезі, ата-мекені, мәдениет ескерткіштері, ғұн этнонимінің және ғұн империясының құрылуындағы орны мен рөлі, қоңыраттардың ғұндардан кейінгі дәуірлердегі тарихы талданады.

Кілт сөздер: ас, қаңлы, қоңыр (ат), маң, ішғұз (сақ-скиф), сиунну (ғұн), кидан этносаяси бірлестіктері, көне мәдениет ескерткіштері.

Summary

Based on the data that were previously on this work, not to talk about the origin of ethno genesis of Konyrats tribal homeland, culture and role in the structure and the ethonym, Hun Empire, and analyzed the history Konyrats after Hun.

Key words: food, Kangly, brown (horse), skid, ethnic and political groups, the ancient monuments of culture.

**1.3. Ғұн этнонимінің, Ғұн империясының құрылымдалуындағы
қоңыраттардың орны мен рөлі**

Осы көші-қон жолай әрлі-берлі сапырласып, көшіп-қонып жүрген ру-тайпалар мен шағын ұлыстық бірлестіктерді өзіне қосып алып, ілгері жылжи келе, ж.с.д. 3 мыңжылдықтың орта шенінде Қытайдың солтүстіктегі шекаралық аймақтарына жете қоныстанған. «... Шиэншун және Шиунжу ұрпақтары, тіпті сонау Тан мен Уй (Юй) патшаларының заманынан-ақ қытайдың терістік шекарасында малын бағып, бір жайлаудан бір жайлауға көшіп жүретін» [1, 24].

Осы анықтамалық сөйлемді одан әрі тереңдете талдай келіп Л.Н.Гумилев өзінің «Хунну. Хунны в Китае» атты зерттеуінде былайша тербенеді.

Ж.с.д. 3 мыңжылдықтың орта шенінде Қытайдың теріскейіне батыс тараптан мал қамын күйттеп, жайылым қуалай келіп шән-жұн,

*Социология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.
Doctor of sociological sciences, Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan.

шиэншун, шиунжу сияқты ондаған тайпа жұрттары қоныс тепті. Қытайлар оларды кемсітіп, неше түрлі жаман атаулармен атамалады.

Айталық, қытайлар олардың бәрін бірге топтамалап «Ху» деп атамалады. Бұнысы олардың өз мемлекеттерінің теріскейін сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай ата қонысы санап, мал жайылымын қуалай әрілі-берілі көшіп-қонып жүрген көшпелі халықтарды кемсітіп «Жабайы тайпалар» деп мысқылдаған түрлері тұғын. Осыған ұқсатып олар шығыс тұсты мекендеген көшпелі халықтарды «И» - шығыс жабайылары, батыс жақта қоныс тепкендерді «Жұң» - батыс жабайылары, оңтүстіктегілерді «Мэн» - оңтүстік жабайылары деп атамалап, жылнамаларына хаттап қойды.

Осы далалық көшпелі тайпалар ішінен ж.с.д. XII ғасырда екі тайпа жұрты- хуньюй мен хяньюнь ерекше көзге ілініп, аттары құрметпен атала бастады. Ғұндардың арғы тегі осы екі тайпа жұрттарынан құрылымдалды.

Аттары аталған екі тайпаның бірі – хуньюйлерді көне қытай тарихшылары «Хунгур» деп әліптейді. Өйткені, хуньюй дыбысталғанда құлаққа «хунгур» болып естіледі. Қиыр Шығыс пен Карпат таулары аралығында «хунгур» деп аталатын жер, су, тау, асу, ауыл атаулары жиі ұшырасады. Мысалы, Хунгария /Венгрия/ мемлекеті атауында, осы елді ұйыстырған негізгі халық- хунгурлардың аты сақталып қалған. Атаудағы «хун» ұғымы этнонимдік атау, қазіргіше түсіндіргенде «күнге табынушы жұрт». «Хун» ұғымының жалғасты сөзі «гур» да тайпа атауы. Демек, хунгурлар /қоңыр(ат)тар/ әртүрлі ру-тайпалардан құрылымдалған ұлыс жұрты [2, 17-35].

Аталған екінші этноним «хяньюнь» деп аталады. Қазақшасы «қиян». Бұл қауым жұрты да осы хунгурлардан, атап айтқанда, Хиндикуш тауларының теріскейінен Каспий теңізінің шығыс бетін жағалай Қара теңіздің солтүстігіне қарай ауа көшкендерден (14-13 мыңжылдықтар шамасында) Жайық өзені атырабында қоныстанып қалған қауымдардан өрбіген жұрт ұрпақтарынан. Көк түріктері мемлекетінің құрылуына ұйытқы болған Ашина әулеті осы «хяньюньдерден» /қияндардан/ өрбіген жұрт [3, 47].

Сондай-ақ тарихи деректерде жиі өзектелетін Шыңғыс ханды өмірге келтірген Боржығын, Әмір Темірді (Ақсақ Темірді) өмірге әкелген Барлас, Едіге биді өмірге жеткізген Маңғыт тайпаларының арғы шығу тектерінің бастауында тұрған Қият тайпасының да арғы түп тектік қайнары осы Қиян тайпасының жұрттарынан.

Оған растаманы Рашид-әд-Диннің түсіндірмелерінен байқауға болады. Оның айтуына қарағанда, Ергене көңнен шыққан Қияттықтар (Бөрте Чино ұрпақтары) да, Нүкіздіктер (Нохой ұрпақтары) де ханьюньнен /қияндардан/ өрбіген жұрт.

Бөрте Чино да, Нохой да тотемдік атаулар. Белгілі бір тайпаның шығу тегіне меңзейтін қасиетті ұғым-түсініктер. Демек, «Бөрте Чино» ұғымы қияттықтардың шығу тегі- Көк бөрі екендігіне меңзесе, ал «Нохой» ұғымы «Төбет» шоқжұлдызының атауы. Байырғы тайпалардың атаулары жаңаша әліптелгендігімен, түпкі мағыналары өзгеріссіз қалған. «Ұзын тұмсықты ит», «Төбет» тарихтан белгілі Еділ мен Жайық өзендері аралығын сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай мекендеп келе жатқан күшігір тайпасы, кейінгі нохой, ноғайлар. Олардың да біршама қауымдары ж.с.д. 3 мыңжылдықтың орта шеңінде мал жайылымына қолайлы шұратты, шүйгін шөпті, көк майсалы алқаптарды қуалай Қытайдың теріскейіне жетіп, қоныстанған-ды [3, 32-33; 158].

Демек, қоныс аудару өңірлерінің бір-бірінен жырақ жатқандығына қарамастан бұл екі тайпа жұрттарының арғы, түпкі шығу тектері бір хунгурлардан /қоңыр(ат)тардан/ болатын.

Түпкі, арғы шығу тектерінің бір екендігін сезінгендіктен де болар, бұл екі тайпа Қытайдың ақ қорғанының теріскей бетін бірге жайлап, бірге көшіп-қонып жүретін [2, 24].

Осы екі тайпаның көне қытай тілінде «Хуньюй» деп аталғаны, дейді қытай тарихшысы Дуэн Лиэн Чен, олардың өз ана тілінде, яғни түрік тілінде «хунгур» деп ұлықталады. Себебі, «хунгур» ұғымы қытайлықтардың құлағына «құян» болып естіледі. Ежелгі қытай тілінде де, қазіргі қытай тілінде де «р» дыбысы дыбысталмайды. Осыны білгендіктен біз «қуян» болып дыбысталған ұғымға «р» дыбысын қосып, айтар болсақ «құян» «қоянр» (қоңыр) болып дыбысталып шыға келеді.

Хунгурлар көшпелі халықтар арасында өте беделді, текті тайпа ретінде танылған. Сондықтанда болар олармен аралас-қоралас қатар қоныстанған көршілес тайпа билеушілері тек хунгурлармен /қоңыр(ат)тармен/ құдандалы болып, тек солардан қыз алып, тек соларға қыз ұзатып жекжатсынуды өздеріне мәртебе санаған [4, 25].

Хунгурлар /қоңыр(ат)тар/ хяньюньдермен (қияндармен) қатар тек ғұн этнонимінің қалыптасуына ғана емес, сонымен бірге Ғұн империясының құрылымдалып, шарықтауына да айтарлықтай үлес қосқан. Сондықтан осы арада реті келіп тұрғандықтан өздері тәріздес

түптері түрік текті басқа ру-тайпа жұрттарымен қатар Хунгурлар да /қоңыр(ат)тар да/ шаңырағын көтерісіп, уықтарын шаншысып, босағасын бекімдеген Ғұн империясы туралы қысқаша мағлұмат бере өтелік.

Ғұндар ж.с.д. 3 ғасырдың соңына таман бірігіп, Ғұн империясын орнықтырды. Қағанат 24 тайпалық бірліктен құрылымдалды. Олардың әрқайсысының өз билеушісі болды. Тайпа билеушілері Бек деп атамаланды. Әр тайпаның көшіп жүретін өз жері болды. Қағанат билеушісі «тәңірқұт» деп ұлықталды. Ал, ғұн қағанаты «тәңірқұтын» ежелгі қытайлар өз тілдерінде «шаньюй» деп атамалады. Ғұндардың өмірінде көшпелі мал шаруашылығы басты рөл атқарды. Жылқының асыл тұқымдарын өсіріп, ат баптауды жетік меңгерген ғұндардың ішінде отырықшы тұрмыс кешіп, егіншілікпен шұғылданғандары да болған. Ғұндар дәнді-дақылдардың ішінде тарыны көп өсірген. Кен қазып, металл қорытқан. Қол өнері мен бейнелеу өнері жоғарғы деңгейде болған. Зергерлік өнердегі полихром стилін дүниеге әкелген. Ат сайыс ойындарының негізін салған. Көк тәңіріне табынып, ата-баба рухына сиынған. Өздерінің дәстүрлі құқық жүйесін қалыптастырған. Онда негізінен мыналар көзделген: «Ұрлық жасап кінәлі болғанның жері алынады, шайқаста жаудың басын шауып алған немесе оны тұтқынға алған адамға бір кеспек шарап сыйланады, қолға түсірілген олжа соған беріледі, ал тұтқынға алынғандар соның құлдары мен күңдері етіледі; ұрыс алаңында қаза тапқан адамның сүйегін кім әкелсе, оның отбасының бүкіл мүлкін сол алады». Ғұндар өз арасында қылмыс жасап, айыпты болғандардың бетін тілген. Тілінген беттің тыртығы бұрынғы қылмысын білдіртіп тұратындықтан, ондай адамдардың қайта қылмыс жасауға батылы бара бермеген. Себебі, келесі жазаланғанда өлім жазасына кесілетін. Ғұндар соғыс тұтқындарын құл қылып, оларды үй қызметшілері, бақташылар, қолөнершілер және жер жыртушылар ретінде пайдаланған. Ер азаматтарының барлығы дерлік қатардағы жауынгер саналған. Ғұндар әскерінің негізі атты әскерден тұрды. Салт атты жауынгерінің қару-жарағы, садақ, семсер, қанжар, найза, бұғалық (ұры-құрық). Ғұндардың жауынгерлік құдіретінен сескенген Қытайлықтар Ұлы Қытай қорғанын салып алды.

Бірақ, соған қарамастан әбден күшейіп алған ғұндар шет отырған Қытай кінәздіктерін жиі-жиі шауып, олардың ойран-топырын шығарып кетіп отырды. Осыған әбден ашынып, күйінген қытайлықтар ғұндарды «Сиунну» деп атамалап кетті. Мұнысы олардың ғұндарды

иттің етінен де жек көріп, «Өркөкірек кекшіл құлдар» дегендері көрінеді. Ұғым екі сөзден құрылымдалған. Алдыңғы сөйлем, яғни «сиуң» кеуделі, соңғы «ну» құл деген мағынада түсінілген. Екеуі қосылып, «сиуңну» аталып «өркөкірек құл» делінген.

Осыған қарағанда жоғарыдағы «ғұн» атауы да, «сиуңну» атауы да көшпелілердің төл атаулары емес. Қытайлықтардың елдерінің ойран-топырын шығарып, жиі-жиі шауып кетіп отырған көшпелілерді кемсітіп, анайы «балағат» сөздермен атамаулары, жек көрушіліктерінен туындаған атаулар болса керек.

Сонда көшпелі халықтар өздерін қалай атамалаған. Ол жағы белгісіз. Құжатталмаған.

Сондықтан да ресми тарих осы уақытқа дейін көшпелі халықтар туралы тек көне қытай жылнамаларында хаттамаланып қалған халықтар атауларын, мәліметтерді ғана пайдаланып келеді.

Сиуңну (ғұн) империясы, әсіресе ұлы билеуші тәңірқұт деп ұлықталған Мау-Дүн (Модэ, ж.с.д. 209-176) билік құрған тұста өте күшейді. Ғұндар осы уақыттарда Қытайды түгелге жуық бағындырып, 50 жылдан астам уақыт олардан алым-салық алып отырды.

Қытай патшасы Гао-ди ж.с.д. 198 жылы сиуңнулардан (ғұндардан) біржола жеңілгендігін мойындап, тәуелділік шартына қол қойды. Шарт бойынша: Ақ қорғаннан (Ұлы Қытай қорғанынан) сыртқы барлық жерге және елге сиуңну билеушілері иелік етеді. Ал, Ақ қорғанның ішіндегі жер мен елге сиуңну билеушілері рұқсат бергенде ғана қытайлық патшалардың билігі жүреді. Оған дәлел Хань мемлекетінің міндеттемелік құжаты. Онда былай делінген: «Ұзын қорғанның (аққорғанның) сыртындағы садақ ұстап, қылыш асынған шошақ тымақтылар әулеті Шаньюйдің /Тәңірқұттың/ айтқанына еріп, айдағанына жүрсін. Ал, ұзын қорған ішіндегі, шапан-тымақтыларды мен басқаратын болайын,-деп Ханьдық қытайдың /Орталық мемлекеттің/ патшасы мойын ұсынып ант берді». Ханьдық патшалығы Сиуңну мемлекетіне 50 жыл бойы алтын-күміс, торғын-торқа, жібек мата, арпа-бидай сияқты дүние-мүлік, азық-түлікпен алым-салық төлеп тұрған.

Қытайды өзіне тәуелдендіріп, көңілін бір демдеп алған Модэ артын ала қағанатының шығысында көшіп-қонып жүрген сябилер мен ухуаньдарды өзіне бағындырды. Одан әскерін батысқа қарай жылжытып Юечжи тайпаларын тәуелдендірді.

Сөйтіп ол қазіргі Кореядан Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейін созылып жатқан аумақты Ғұн империясының қол астына қаратты.

Ж.с.д. 201 жылғы жаугершілік жорықтарында ғұндар алтайлық барлық ру-тайпаларды өздеріне бағындырды. Ал ж.с.д. 177 жылға қарай Тынық мұхиттан Каспий теңізінің жағалауларына дейінгі жерлерді өздеріне бағынышты етті. Осылайша ғұн империясының құрамына түбі түрік текті ұлыс жұрттары: дунхулар, қырғыздар, қаңлылар т.б. түгелге дерлік кірді.

Ж.с.д. I-ғасырдың орта шеніне қарай империяға айналған Ғұн мемлекеті толассыз қанды соғыстан, ушыға түскен тақ таласынан, бір орталыққа бағынғысы келмеген күштердің әсерінен әлсірей түсті. Нәтижесінде ж.с.д. 56 жылы ғұн Хуханье бастаған оңтүстік және Чжичжи (Шөже) басшылық еткен солтүстік топтарға бөлінді. Оңтүстік ғұн Ордос өңірінде қоныстанып қалды да, солтүстік ғұн өз тайпаларының қысымымен Саян және Байкал өңірлеріне ығысты.

Ж.с.д. 49 жылы Чжичжи Хань империясына бодандыққа түскен оңтүстік ғұндардың жерін басып алуға, сол арқылы бірлікті қайта орнатуға әрекет жасады. Бірақ оның бұл ниетінен нәтиже шықпады. Солтүстік ғұндарды 87-93 жылдары қытайлардың, сяньби және динлин тайпаларының бірлескен одағы талқандады. Жеңіліске ұшыраған солтүстік ғұндардың бір бөлігі V-ғасырда Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияда өз мемлекетін құрып, Ауғанстан мен Иранды, Үндістанның біраз бөлігін жаулап алды (Ақ ғұндар). Хань империясының бодандығынан құтылған оңтүстік ғұндар 304 жылғы көтеріліс нәтижесінде Лю-хан атты өз мемлекетін құрды. 318 жылы Лю-Хан мемлекеті Үлкен Чжао және Кіші Чжао болып екіге бөлінді. 329 жылы Кіші Чжао Үлкен Чжаоны және Солтүстік Қытайды бағындырды. 350 жылы Чжаоның шыққан тегі қытай болып келетін қолбасшысы Жан Мин мемлекет билігін тартып алып, Кіші Чжаодағы ғұндардың көп бөлігін қырып тастады. Бұл көп ұзамай Кіші Чжаоның құлауына алып келді. Оңтүстік ғұндар IV-ғасырдың соңына қарай қайта күшейе түсті. V-ғасырдың бас кезінде олардың әйгілі қолбасшысы Хэлян Баба Ся патшалығын, ал Мэн Сун көсем Бэй Лян патшалығын құрды. Ордос пен Наньшан (қазіргі ҚХР-дің Ганьсу провинциясы) өңірінде құрылған осы екі мемлекет 439 жылы Табғаштардың (тоба) шабуылы нәтижесінде қирады. Солтүстік ғұндардың Еділ-Жайықтағы үлкен бөлігі IV-ғасырдың 2 жартысында Қара теңіз жағалауын, Днепрге дейінгі өлкені бағындырды. Сарматтарды тізе бүктірген соң,

аландармен күрес жүргізді. 375 жылы Остгот, герул, генид тайпаларын бағындырып, Қап тауына жорық жасады. ғұндардың батысқа жорығы «Халықтардың ұлы қоныс аударуына» түрткі болды. Ғұндар Еуропада өз империясын құрды [5, 111-112].

Жалпы ғұн билеушілері әлеуметтік теңдік, экономикалық қуат, саяси бірлік құра білген, ру-тайпалық, ұлыстық басқарушыларды жыл аралата шақырылып тұратын құрылтайда бұқара көпшіліктің ашық дауыс беруімен сайлататын реформашыл қағандар болды. Олардың барлығы дерлік әр отбасынан алынатын салық мөлшерін өте төменгі деңгейде белгілеп, салықтың солай жиналуын қатаң бақылап отырды. Әкімшілік жүйені үнемі жетілдіріп, жаңалап отыруды ұнатты.

Сондықтан да болар ғұндар тоқшылықта өмір сүрді. Көп өнер туындыларын өмірге келтірді. Оған Солтүстік Қытай мен Қиыр Шығыстан бастап, Дунай, Карпат өлкелеріне дейінгі аралықта ғұндар дәуірінен қалған (ж.с.д. II ғ.-ж.с. V ғ. аралығы) қоныстар, обалар, ғұрыптық құрылыстар, металл өндіру орындары, ұстаханалар, ұн уататын диірмендер, кездейсоқ табылған көмбелер мен жекелеген зергерлік бұйымдар дәлел бола алады.

Оларды тауып, қазу, зерттеу жұмыстары әлі күнге дейін үзілмей жалғасып келеді.

Ал, ғұн дәуірінен Байкал көлі маңында қалған 100 обаны алғашқы болып XIX ғасырдың соңына таман тауып, қазған Ю.Талько-Грынцевич деген ғалым болды.

Десек те 1924-25 жылдары П.Козлов экспедициясы Солтүстік Моңғолиядағы Ноян-Ола үлкен обаларын зерттегеннен кейін ғана ғұн мәдениеті айшықталып, айқындала түсті. Шығыс ғұндардың негізгі ескерткіштері Ордос, Моңғолия, Бурятияда, ішінара Саян-Алтай, Енесей, Қиыр Шығыс өлкелеріне тараған. Оларды С.Руденко, Л.Кызыласов, С.Киселев, П.Конавалов, С.Вайнштейн, А.Мандельштам, А.Давыдова, С.Миняев (Ресей), Х.Пэрлээ, Ц.Доржсурен (Моңғолия) және қытай, жапон Еуропа ғалымдары зерттеді. Мұндағы ғұн ескерткіштері ж.с.д. II - ж.с.д. I ғасырлар аралығын қамтиды және «суджа», «дерестуй» деп екі мерзімдік топқа бөлінеді. 20-ға жуық қоныс, мыңдаған оба тіркелген. Бірнеше қоныс пен 900-ге жуық оба қазылды. Бурятиядағы Селенга өзенінің бойынан қазылған Иволга қалашығының маңызы зор. Мұнда орташа аумағы 5x4 м. балшық қабырғалы, төбесі екі қанатты ағаш шатырмен жабылған 54 үйдің орны анықталды. Қабірлер ұзынша пішінде қазылған, мүрделер ағаш табытқа салынып, басы солтүстікке қаратыла 1-2 м.

тереңдікте жерленген. Ал, үлкен обаларда ағаш табыт бөренеден жасалған қима ішіне салынған. Қабірдегі заттар арасында қытай бұйымдарынан айна мен теңгелер жиі кездеседі және олардың ескерткіштердің уақытын анықтауда үлкен мәні бар. Ноян-Оланың үлкен обалары тас пен топырақтан үйілген. Бұл жерде жерленген ғұн көсемдерінің мүрдeleri өте терең шұңқыр ішіне орнатылған қос қабатты бөрене қималарға қойылған. Тақтай табыт пен бөрене қималар, қабірдің бас жағына мал бастарының салынуы ғұндар мәдениетінің тұрақты белгілеріне жатады. Темірұшты жебелерге сүйек ысқырғыштар қондырылған, белдік қапсырмаларына аңшылық сюжеттер мен зооморфты бейнелер тән. Қыш ыдыста толқынды сызықтар түріндегі оюлар жиі кездеседі. Сондай-ақ, ағаш, металл ыдыстарда да көптеп қолданылған. «Ғұн садағының» ұзындығы 1,5м. Сүйек пластиналармен мейлінше күшейтілген, күрдеі әрі ауыр садақтың осы түрі жебені сақ садағына қарағанда әлдеқайда алысқа атқан. Ғұн мәдениетіне тән айрықша үлгілер, негізінен үлкен обалардан алынды.

Ғұн дәуірі ескерткіштерінің келесі топтарына Қазақстан, Орталық Азия, Батыс Сібір, Орал мен Еділдің оңтүстік өлкелеріндегі түрлі жәдігерлер және IV-V ғасырларда Еуропаға барған ғұндардан қалған қабірлер мен көмбелер жатады. Шығыстағы тарихи ғұн мәдениетінің таза сипаттағы ескерткіштері бұл өлкелерге тән емес. Жергілікті қаңлы, сармат, т.б. мәдениеттердің ескерткіштері тараған. Бұларға шығыстық ғұн элементтері қосылып, кей өлкелерде «кеңқол» тәрізді аралас сипаттағы ескерткіштер тобы пайда болған. Жалпы, шығыстық элементтерден, әсіресе, қару-жарақтағы, қыш-ыдыстағы, жекелеген бұйым түрлеріндегі ықпалдарды айтуға болады. Жерлеу ғұрпында да өзгерістер байқалады. Оларды А.Бернштам, Ю.Заднепровский, С.Сорокин, К.Ақышев, И.Қожамбердиев, А.Максимова, М.Қадырбаев, Б.Нұрмұханбетов, Л.Левина, В.Могильников, И.Засецкая, М.Мошкова, О.Обельченко, т.б. зерттеді. Кеңқол ескерткіштері Шу мен Таластың жоғарға алқаптарында ашылды, олардың кейбір ықпалдары Оңтүстік Қазақстандағы Жамантоғай, Шәуші құм, Бөріжар зираттарынан байқалады. Сонымен қатар, ғұн әсері бар Жетіасар мәдениетінің (Арал маңы), Құлажорға (Шығыс Қазақстан), Қорғантас (Орталық Қазақстан) кезеңдерінің ескерткіштері зерттелуде. Жетісудағы Қарғалы, Теңдік зираттарынан көптеген сәнді алтын бұйымдар, Ақтастағы қоныс пен зираттан құнды деректер алынған. Батыс өлкелердегі сармат тайпаларының соңғы

кезеңдеріндегі ескерткіштерінде шығыс ғұндары ықпалы байқалады. Қазақстаннан бастап, Қара теңіз, Дунай, Карпатқа дейін тараған 4-5 ғасырларға жататын ескерткіштер ерекше топты құрайды. Бұлардың негізгі қару-жараға мен бағалы бұйымдары көп бекзадалардың, атақты жауынгерлердің қабірлері, жиі кездесетін көмбелері болып табылады. Айрықша белгілері-полихромды стильмен жасалған бағалы бұйымдар. Олар шығыс ғұндарының мәдениетінде жоқ, кейін қалыптасқан дәстүрге жатады. Асыл тастар, түрлі шынылар орнату, сіркелеу (зернь), сымкәптеу (скань), бөгетті эмаль және алтын-күмістеу тәсілдерін қолданып жасаған сәнді бұйымдар Қазақстанда (Бурабай, Қарағаш, Қанаттас, Батыр), одан әрі батысқа қарай Еуропа жерлерінен көптеп табылды. Шығыс ғұн ескерткіштері мен Еуропаға барған ғұндарға қатысты ескерткіштердің арасындағы тікелей генетикалық сабақтастық ғылымда дәлелденбеген. Кейбір байланыстар тек жекелеген бұйымдардан ғана байқалады. Солтүстік Кавказға, Еуропаға барған тайпалардың мәдени бейнесінде Қазақстан, Еділ бойының жергілікті мәдениеттердің салмағы басым [5, 111-112].

Мұның бәрін тәптіштеп түсіндіріп беріп жатқандағы ойымыз ғұн этнонимінің де, Ғұн империясының да құрылымдалып, шарықтауында Хунгурлардың да /қоңыр(ат)тардың да/ айтарлықтай үлесі бар болғандығын нұсқалап, ол үлестің тарихи жазбаларда сипатталуына септігімізді тигізу.

Жыл санауымыздың I-IV ғасырлары аралығында ыдырап, келмеске кеткен Ғұн қағанатының орнына Сяньби мемлекеті қоныстанды. Көшпелі халықтарды Сяньбиліктер деп атай бастады.

Ж.с. IV-VI ғасырлары аралығында Сяньби мемлекетінің орнын Жужан империясы иеленді. Көп рулы түрік-моңғол тектес халықтар жужандар деп атамаланды.

Жужан қағанатының артын ала VI-VIII ғасырлар аралығында Еуразияның төс ортасын алып жатқан ұлан-ғайыр сайын далалық аймақтарда түрік қағанаты орнықты. Жергілікті халық өздерін түрік тектеспіз деп атап, мақтанды.

Түріктердің артын ала Ұйғыр хандығы /VIII-IX ғасырларда/ бой түзеді. Бұларды өкшелей X-XII ғасырлар аралығында Қидан империясы дәуірледі. XIII-XV ғасырлар аралығында Алдыңғы Қытай, Батыс Сібір, Орталық Азия, Орта Азия, Кавказ халықтарын, Дешті Қыпшақты қол астына қаратқан Ұлы Моңғол империясы дүрілдеді.

Бірінен соң бірі орнығып, дәуірлеген алып далалық империялардың халқы атанып, сол мемлекеттердің атымен

аталғандықтарына қарамастан (мысалы, сиуңнулар, сяньбилер, жужандар, түріктер және т.б. атанғанымен), сонау ықылым заманнан бері ұлан-ғайыр далалық аймақтарда мекен еткен көшпелі халықтар ата-тектік түп тамырларын ұмытпаған. Ұрпақтар санасына қай атадан, кімдерден тарайтындықтарын, ру-тайпалар мен ұлыстық бірлестіктердің қандай тектерден құрылымдалғандығын сіңіріп отырған. Сондықтан да болар ешкім де, ештеңе де ұмытылмаған. Арғы тек, одан бері сиуңну /ғұн/, дунху /татар/, жужан, түрік және тағы басқалары болып аталғандарымен, өздерін түбіміз бір түрік тектес халықтармыз деп таныған.

Осыған қарамастан «ұлы қытайшылдық» көзқарас аясынан аса алмай, қытайлармен көршілес тұрған барлық халықтардың арғы тегін қытай нәсілінен таратуға бейім тұратын тарихшылар да жетіп артылады.

Оларды тұстар болсақ, бірнеше қытай тарихшыларымен қатар, бірлі-екілі еуропалық оқымыстылардың да аттарын атауға болады.

Десек те, олардың түркі-моңғол текті халықтарды қытайлық жұрттардан таратуы сын көтермейді. Әрі мұндай пайымдаулар тарихи шындықпен жанаспайды, құр бос сөздерден, ойдан құрастырылған «жалған» әңгімелерден құрастырылған.

Ал, шындығында қытайлықтардың өздерінің теріскейі мен теріскей батысындағы көшпелі халықтарды түстеп, түгендеп тани бастаулары, тарихи жылнамаларында хаттамаулары тым беріден, шамалап айтқанда, ж.с.д. 325 жылдан бері қарай ғана басталған.

Оған жоғарыда талдап өткен факторлар, атап айтқанда, көшпелі халықтардың бір орталыққа ұйысып, мемлекеттерін орнықтыруы, көбейе, күшейе келіп өздеріне жақын орналасқан Қытай кінәздіктерін жиі-жиі шауып, ойран-топырын шығарулары себепші болған.

Оған дәлелді Сыма-Цяньнің «Тарихи жазбаларынан» таба аламыз. Ол былай деп жазған: «... олардың (сиуңнулардың) арғы ата-тек шежіресін анықтаудың мүмкіндігі болмады. Маудунның (Мүдэнің) тұсында ғана ғұндар (сиуңнулар) мейлінше күшейіп, дәуірледі. Олар терістіктегі күллі бұратаналардың (хулардың) тізгінін қолдарына алды, түстікте Жуңгомен (Орталық мемлекетпен) үзеңгі қағыстырды. Содан кейін ғана олардың ата тек, елдік шежіресін, мансап-мәртебе лауазымдарын қағазға түсіру мүмкіндігі туды» [Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер-Бейжің: Ұлттар баспасы, 1998.-79-бет].

Жалпы, қытай тарихшыларының атасы саналатын осы Сыма Цяньнің (ж.с.д. 145-86ж.) «Ши-Цзи»-інде /Тарихи жазбаларында) далалық көшпелі халықтардың тым ерте дәуірлерден ж.с.д. 122 жылға дейінгі аралық тарихы мазмұндалған.

Одан кейінгі, яғни ж.с.д. 206 жылдан ж.с. 25 жылына дейінгі аралықтағы ежелгі қытайлықтардың «далалық халықтармен ара қатынасы» әйгілі қытай тарихшысы Бан Гудің «Ця-хан шу» (Хан кітабында) өзектелген.

Одан бергі, яғни жыл санауымыздың 25-ші жылынан 220 жылға дейінгі аралықтағы қытайлықтардың «далалық» көшпелі халықтармен сауда-саттық байланыстары, теке-тірестері, қақтығыстары, соғыстары Фань Е деген қытай тарихшысының «Хоу-хань-шу» атты тарихнамасында сараланған. Еңбек 130 тараудан құралған.

Қытай мемлекеттерінің өздерімен көршілес «далалық» халықтар құрған мемлекеттермен 265-648 жылдар аралығындағы арақатынасы тарихшы Фан Сань-линнің «Цзин-шу» атты еңбегінде талданған. Ал, VII-XV ғасырлар аралығындағы жағдаяттар Цзя-и-дің «Синь-шу», Лю-сиянның «Що юань», Чун Лунь Хэннің «Фэнсу-гуньи» атты тарихи жазбаларында қарастырылған. Бұл еңбектерде қытайлық мемлекеттердің өздерімен көршілес «далалық» мемлекеттермен арақатынасы баян етілуімен қатар, ондағы өмір, тұрмыс, салт-дәстүрлер, жөн-жоралғылар, халық саны, әскер, олардың қару-жарақтары, сауыт-саймандары, ат көлігі, шаруашылығы, темір, тұз өндіру кеніштері, тұтыну заттары, т.т. жан-жақты суреттелген.

Осы жоғарыда аттары аталған қытай тарихшыларының еңбектерінің аудармаларына, сондай-ақ, «далалық» көшпелі халықтардың өздерінің ата-тектік шежірелеріне, жазба-сызбалық деректеріне, тұрмыстық хикаяттарына, батырлық жырларына арқа сүйей отырып түркі-моңғол тектес халықтардың сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарайғы тарихын түптеп, түгелдеп қалам тартқан орыс тарихшыларының саны да біршама. Бұл игілікті істе, әсіресе Н.Я.Бичуриннің (Иакинф әкейдің) еңбектері аса құнды. Ол қытайлық жазбаларды сүзе ақтарып, Орталық Азия көшпелі халықтары туралы деректемелерді мұқият жинастырды. Жиналған деректемелерін 1851 жылы орыс тіліне аударып, жеке жинақ етіп бастыртты.

Н.Я.Бичуриннің (Иакинфтің) осы аудармаларын негізге ала отырып, орыс тарихшылары көшпелі түркі-моңғол тектес халықтардың тарихын түптеп зерттей бастады. Айталық, А.Н.Бернштам өз

зерттеулерінде ғұндар тарихын өзектей келіп, оларды түркі тектес халық деп дәлелдеді.

Әрі ол өз дәлелдемелерін түркі тектес халықтар мекендеген аймақтардан табылған археологиялық қазба деректерімен негіздеді. Сондықтан оның еңбегі басқалардыкіне қарағанда маңыздырақ деп есептеледі. Осындай көзқарасты Г.Е.Грумм-Гржимайло, К.А.Иностранцев, В.В.Радлов, П.К.Козолов және тағы да басқа ондаған тарихшы ғалымдар ұстанды. Ал, тарихшы ғалымдардың келесі бір тобы, мысалы, Л.Л.Викторова, А.Ю.Якубовский және басқалары ғұндарды ешбір қоспасыз таза моңғол тектес халық деп таласып бақты.

Бұл пікір таласы әлі күнге толастамай, жалғасып келеді. Айталық, бүгінгі моңғол ғалымдары Н.Ишжанц, Р.Сұхбаатар, еуропалық зерттеушілер Б.Бергман, Х.Ховорс, жапондық тіл маманы К.Сиратори және тағы басқалары ғұндар моңғолдардың арғы тегі болуы мүмкін дегендей екі ұшты болжамға ұйыйды. Ал, тіптен, Сен Мартен деген ғалым ғұндарды «финдердің арғы тегі» деген байлам жасады. Бірақ бұлардың да, осылар сияқты пікірдегі басқа ғалымдардың ұстанымдарын бүгінгі таңдағы тарихшылардың ешбіреуі де қолдамауда.

Әйтсе де қаңлы, сақ, ғұн, сяньби, жужан, түрік, қара қытай (қидан), татар, моңғол атанып бір емес, бірнеше алып империялар құра білген көшпелі халықтардың ата-тегінің кім екендігі әлі күнге дейін нақтылы айтыла қойған жоқ.

Оған бітіктастарға қашалып жазылған тарихи жазбалардың оқылып, мазмұндалуы да, соңғы 130 жылдан астам уақыттан бермен қарай үзбей жүргізіліп келе жатқан археологиялық қазбалардан табылған артефактілер де айғақ бола алмай отыр. Оған себеп айғақты факт ретінде танылатын оларды бір тарихшылар түркі тектес халықтардың ата-бабаларынан қалған десе, екіншілері тунгус-моңғол, тіптен кейде тибет-манчжур тектес халықтардың ата-бабаларына тілейді.

Соған қарамастан, біздің пайымдауымызша, түбі түркілік немесе түбі моңғолдық деп бөле жара аталып жүрген халықтардың ескерткіш тас мүсіндерінде қашалып жазылып қалған ата тек тарихының ұқсастығы, фольклорлық туындыларының бір ізділігі, «аң» нақышты зергерлік заттарының бірегейлігі, тұрмыстық құрал-жабдықтарының бірдей екендігі, әр түрлі бұйымдардағы ою-өрнектерінің, қол өнерінің айна-қатесіз бірін-бірі қайталайтындығы түбі бір екендігіне дәлел болады. Осындай, сондай-ақ басқалай да

жазба деректерге, артефактілік айғақтарға сүйенген бүгінгі ресми тарихтың көне замандарда ежелгі қытай елінің теріскейі мен теріскей батысын мекендеген көшпелі халықтарды бір тектен тараған халықтың ұрпағы деп түсіндіргені жөн.

Оған негізде жоқ емес, бар. Шығу тегі бір арғы алтай-оралдық тілділі жұрағаттар. Одан бергісі арғы түпкі түрік тілділілер. Олардан өрбігендер: арғы түрік тілді астар, қаңлылар, хунгурлар /қоңыр(ат)тар/, мандар, ішғұздар (сақ-скифтер), ғұндар т.б.

1.4. Ғұндардан кейінгі кезеңдердегі қоңырат тарихнамасы

Ғұн империясының іргесі сөгіліп, оның орнында бірінен-соң бірі күш-қуаттанып дәуірлеген түп тектері түркілік далалық ұлы қағанаттар кезеңдерінде көшпелі жұрттар қайталап құрылымдалып жаңа рулық, тайпалық, ұлыстық бірлестіктерге ұйыса бастады.

Осылайша қайталап, құрылымдалып, шаңырақтанған бірлестіктердің алдыңғы қатарында керей, қоңырат, найман, қидан, қыпшақ, шивей (отыз татар) тибет-мәнжүр т.б. дараланып, бір-бірінен оқшаулана бастады. Әрі дәл осы шамада жалпы бұқара көпшіліктің ашық дауыс берумен ел үшін кесімді не саяси, не әлеуметтік, не экономикалық шешім қабылдау мақсатында жыл аратыла шақырылатын кезекті бір құрылтайда терең әлеуметтік-демографиялық мәні бар бір шешім қабылданды. Осы шешімге сәйкес ру ішілік, яғни өзара туыстас адамдардың балалары мен қыздарына бір-бірімен некелесіп, отбасын құруға тыйым салынды. Себебі қан тазалығы әрбір ру мүшесінің ауру-сырқаусыз дені сау, дене бітімі мығым жарамды азамат болып өсуіне ықпал етеді. Осылай түсінілген әрі қабылданған бұл шешім әлі күнге дейін өзінің мәнділігі мен өміршеңдігін жоғалтпай, адам баласының өсіп-өнуіне кәдімгідей жәрдемін тигізіп келеді. Әрі адам баласының ойлап-тауып, өз кәдесіне дұрыс жарата білген ең прогресшіл шешім болып қабылданады. Ал, көшпелі халықтардың арғы ата-бабалары осындай өмірлік мәні бар шешім қабылдап, құқықтық күші бар заңды баб етіп бекітіп алған тұста ерте дүниелік өркениет ошақтары саналатын Қытай, Иран, Мысыр, Византия елдері халықтарында өзара ағайынды адамдар бірінің қызын екіншісінің баласына қосып, ал екіншісі баласына біріншісінің қызын атастырып жату үйреншікті әдет болатын.

Ғұн бірлестігі ыдырағаннан соң қайталап құрылымдалған ұлыстық қауымдастықтардың ішінен ең беделділерінің алдыңғы санында көрінген Қоңырлар /қоңыр(ат)тар/ Үлкен Хинган жотасының

батыс бетіне қоныстаныпты. Олардың оңтүстік шығысын ала қидандар, олардан батысқа қарай оңғұттар мен керейттер, оңтүстігінде наймандар жайлап жатыпты.

Бұл уақыт шамалап айтқанда, қазіргі жыл санауымыздың I-IX ғасырлар аралығы. Осы екі аралықта қоңыраттар Сяньби, Жужан, Түрік, Ұйғыр қағанаттарына қарайланған сыңайлы. Ұйғырлардан кейін аз-маз уақыт осы өңірді жаулап алған қырғыздарға қараған қоңыраттар 901 жылы жаңадан бой көтерген Қидан қағанатына тәуелденген.

Десек те, қоңыр(ат)тардың қидандармен арақатынастары тым әріден, қазіргі жыл санауымыздың IV ғасырынан, олардың екеуінің де шивейлердің (отыз татардың) құрамында болған кезеңдерінен бері қарай көрініс береді. Бұл екі халықтың осы, жоғарыда аталған кезеңдердегі ара қатынасы қытай тарихшысы Ли Ю-Данның «Ляо ұлысының тарихи құжаттамалары» атты еңбегінде жан-жақты баян етілген. Ал, қидандар мен моңғолдардың төркіндес халықтар екендігі «Юань-чао би-шиде» /«Моңғолдың құпия шежіресінде»/, Мэн-да бей луда /«Моңғол-татарлардың толық сипаттамасында»/ және Рашид-ад-Диннің шығармаларында тілге тиек етіледі.

Қидандар моңғол үстіртінде (901-1125) екі ғасырдан артық уақыт үстемдік етті. Қытай жылнамаларында «қидан», араб, иран, еуропа тарихшыларының еңбектерінде «қара қытай» деп аталған бұл халықтың тарихы сан қилы, өте күрделі.

Қытай жылнамаларында, атап айтқанда, ежелгі Вей ұлысының құжаттамаларында қидандар IV ғасырда Сяньбилерден бөлінген рутайпалардан құрылымдалған жұрт делінген. Осы және тағы да басқалай дерек көздеріндегі мағлұматтарға қарағанда, олардың арғы түбі «ху» (ғұн) жұртына барып тіреледі. Олар солардан өсіп-өрбіген. Қидандар 388 жылы Вей ұлысының әскерлерінен оңбай жеңіліп екі бөлініп кетеді. Олардың батысқа қарай ойысқандарын былайғы жұрт «си» (комоси) деп атамалап кетсе, шығысқа қарай озғандарын «қидан» деп ұлықтаған көрінеді. Ал, байырғы моңғолдар оларды «Хитай» деп атаған. Кейіннен бұл атаумен әлем халықтары «ханзуларды», яғни құжынаған көп халықты «Жунго» (Орталық мемлекет) мемлекетінің халқын атамалап кеткен. Ал, олар өздерін бұрындары да, қазір де «қытай» деп атамаған, атамайды да.

Қидандар IX ғасырға дейін өз дербестігін сақтағанымен, өз алдына хандық құра алмаған. Тоба, түрік, ұйғыр қол астында жартылай тәуелділікте болған. Таң ұлысы қидандарды 646 жылы Сунгар әскери әкімшілігіне айдап алып келіп қоныстандырып, оларды 10 бөлікке

бөліп басқарады. Олар осы өлкеде Шань-Жун тауынан Ляо өзеніне дейінгі екі аралықта көшіп-қонып жүріп күнелтеді. Қытайларға салық төлеп тұрады. Олар 901 жылы елюй (елу үй) руының жетекшісі Амбагянның басшылығымен қытайларға қарсы көтеріліп, тәуелсіздікке қол жеткізеді. Амбагян қаған атанады.

Ол қағанатты екі бөліп, алдыңғыға қытайланған отырықшы халықтарды, артқыға көшпелілерді тұрақтандырып орналастырады. Көрші мемлекеттермен қарым-қатынастар орнықтырып Парсы, Корея және басқа елдермен елшілік алмастырады. Басқару жүйесіне өзгерістер енгізіп, егіншілікті қолға алдырады. Қол өнерін, ұсташылдықты, кен қазып, темір өндіруді дамытып, ондаған отырықшы қалалар салдырады. Елді ауқаттандырады.

Осылай, күшейе келе қидандар 936 жылы Қытайға жорық жасап, оның артқы 16 аймағын қол астына қаратады. Сонан былай күш-қуаты артқан қидандар қағанат атын «Ұлы Ляо» мемлекеті атандырады. Қидандар әбден күшейген кезде оларға 55 аймақ тәуелденген көрінеді. Десек те, небір алып далалық империялар ішкі тақ таласынан, тәуелді елдің басқыншыларға қарсы жанкешті күрестерінен күйрегендері сияқты, Қидан қағанаты да 1125 жылы құрдымға кетеді. Сөйтіп, 200 жылдан астам уақыт айналасындағыларды төстеп билеген Қидан империясы күйреп, көпшілік халқы моңғол, мәнчжур, қытайларға сіңісіп кетсе, біршамасы кінәз Елюй Дашидің демеуімен батысқа қарай жөңкіледі. Олар тыныш кетпей, жолай жолыққан майда ру-тайпаларды өздеріне қосып ала жүріп, Әмударияға дейінгі ұлан-ғайыр аумақты иеленеді. Кінәз Елюй Даши 1124 жылы өзін Гурхан деп жариялап, «Батыс Ляо» қағанатын орнықтырады. 1126 жылы Шу өзені жағасына өз ордасын тігіп, осы жерде бұрыннан болған шағын кенті «Хусун Орда (Қайын Орда)» деп атандырып мемлекетінің астанасы етеді [6, 95-97].

Мұның бәрін тәпештеп түсіндіріп жатқанымыз, Солтүстік Ираннан Арал теңізіне дейінгі аралықтағы түпкі ата жұрттарынан ауа көшіп келіп, ж.с.д. 3-ші мыңжылдықта Қытайдың теріскейіне жетіп тұрақтанған, осы өңірлерде өсіп-өне келіп, жергілікті түбі түрік текті ру-ұлыстармен араласып, ж.с.д. 1-мыңжылдықта «ғұн» этнонимінің қалыптасуының, ал ж.с.д. III ғасырда Ғұн империясының құрылуының бас қасында жүрген текті жұрт Хунгурлармен /қоңыр(ат)тармен/ аралас-құраластығы осы уақыттарға дейін ажырамаған қидандар (қара қытайлар) тарихы қоңыраттардың тіпті, қала берді түбі түрік текті барлық халықтардың бүгінгі ұрпақтары үшін еш бөтендігі жоқ

бауырлас, ағайын-туыс халықтың тарихы. Өйткені қидандар түбі түрік текті халықтардың барлығына дерлік суға суға батқан тастай болып сіңісіп кеткен ағайын-туыс жұрт.

Содан да болар ресми тарих, хунгурлар /қоңыр(ат)тар/ мен қидандарды арасын бөліп жармай бір-бірімен төркіндес халық санайды. Тілдік айырмашылықтары тіпті жоқ деп есептейді. Бір-бірімен қыз алысып, ұл үйлендіріп жүретіндіктерін тілге тиек ете келіп, күллі түркі жұртына ортақ «құда-құдағи», «абысын-ажын», «күйеу бала», «кит кигізу», «ұрын бару» сияқты ұғым-түсініктерді алғаш тілдік нұсқада осылар қолданған деп пікірлейді. Осыны ескергендіктен шығар, Л.Викторова моңғолдардың қоңыраттармен бұрыннан жалғасып келе жатқан құдандалық байланыстары қидандардың салт-жоралғыларының моңғолдар арасында таралуына көп әсер етті, дейді [7, 4-5; 166-167].

«Хунгур» (Қоңыр) атауының қоңыртқа айналуы да олардың осы қидандардың бодандығында жүрген тұстарында орныққан сыңайлы. Өйткені қидан тілінде кез келген атауға -ат, -ет, -т көптік жалғауын қосып сөйлеу әдетті жағдай болған көрінеді. Демек «қоңыр+ат» атауы қоңырлар дегенді білдірген.

Қидандар құрған алып империя ыдырар тұста моңғол үстіртін түрік, моңғол, тунгус тектес көптеген көшпелі ру-ұлыстар мекендеп жатқан-тұғын. Олардың қайсы біреулері хандық, мемлекеттік дәрежеде, кейбіреулері ұлыстық деңгейде, ал бірқатары әскери-саяси бірлестіктер болып құрылымдалған. Айталық, Ханғай тауы, Орхон, Завхан өзені бойында Керей хандығы, Алтай тауы, Ертіс өзені бойында Найман хандығы, Байкал аумағы, Селенгі өзені бойында Меркіт, Баяуыт, Түмет, Барғұт бірлестіктері, Кем өзені бойында Қырғыз, Ойрат бірлестіктері, Керулен, Онон өзендері бойында Моңғол, Жалайыр тайпалары, Хянған тау жоталарында Татар, Тайшут бірлестіктері, Бұйыр, Көлүн маңында Қоңырат, Олқынуыт бірлестіктері, Ішкі моңғол аумағында Татар, Оңғыт бірлестіктері, Манжүрияда шивей (отыз татар) және де басқа ірілі-уақты ондаған ру-тайпалар өмір сүріп жатты [7, 45-46].

«Олар қытай жылнамаларында аталып қалғандай, киіз үйлерде тұрған. Үйлерін төрт не алты доңғалақты арбалар үстіне тіккен. Үй айналасы киізбен қапталған. Үй іші не екі, не үш бөлмелі әрі өте жылы болған. Арба үстіндегі үйлер үнемі көшіп-қонып жүруге өте ыңғайлы болатын. Олар мал жайылымы ыңғайына қарай үнемі көшіп-қонып жүрген. Сүтпен, етпен қоректенген. Айран, қымыз, құрт, май, қатық,

қаймақ т.б. тағамдар жасаған. Малдан жылқы, сиыр, қой, ешкі ұстаған» [6, 7-8].

Көршілес өмір сүріп, бірде шабысып, бірде табысып, ит жығысты ғұмыр кешкен осы көшпелі халықтардың ішінен қоңыраттармен бұрыннан құдандалы болып бірге қоныстанып, бірге жайлап жүрген моңғолдар әулеті 12 ғасыр басында айрықша бөлектеніп, шоқтана түсті. Ұлыс басшылары Байшонхор сотқар, Тұмбинай шешен биліктері тұсында күллі моңғол жұрты бірігіп, Хамаг моңғол (Тұтас моңғол) атанды. Содан болар, моңғол тарихшылары Моңғол ұлысының құрылуын 1101 жылдан бастап санайды. Ұлыстың алғашқы ханы ретінде Шыңғыс ханның төртінші атасы 1130-1137 жылдар аралығында билік құрған Хабыл (Тұмбинай шешенің баласы) аталады.

Бірақ, көпке бармай Тұтас Моңғол жұрты дербестігінен айырылып қалады. Содан арада 50 жылдам астам уақыт өткеннен кейін ғана Тұтас Моңғол жұртын бір хандыққа біріктіру бақыты Тэмүжиннің (Шыңғыс ханның) басына бұйырады. Ол 20 жыл ат жалынында жанталаса арпалысып жүріп, 1189 жылы Моңғол ұлысын бір тудың астына біріктіріп, өзін хан сайлаттырады. Бұл кезде Тэмүжин бар-жоғы 27 жаста ғана тұғын. Ал, ол 2006 жылы Көшпелі халықтардың Ұлы империясын құрып бас қаған сайланғанда 45 жаста болатын. Жоғарыдағы талдаулардан көрініп тұрғандай, өздері тәріздес басқа көшпелі жұрттардан шоқтығы биіктеп даралана бастаған моңғолдардың бір шаңырақтың астына ұйысып, Хамаг Моңғол (Тұтас Моңғол) ұлысы ретінде танылуы 1101-1206 жылдар аралығы.

Ал, 1206 жылдан 1260 жылға дейінгі аралық Ұлы Моңғол империясының барынша дүрілдеп, айбыны асқақтаған дәуірлеу кезеңі.

Көне тарихты парақтай түссек моңғолдардың шығу тегін, моңғол тарихшыларының өздері де, сонау есте жоқ ескі замандарда батыс жақтан мал қамын күйттеп, жайылымға ыңғайлы, шұрайлы жерлерді қуалай жылжи-жылжи келіп, Алтай-Саян тауларынан асып, моңғол үстіртіне келіп қоныс тепкен көшпелі жұрттардан бастаттырады. Олардан кейін өздерін өздеріне дейінгі далалық ұлы империяларды құрған халықтардың суиңнулардың (ғұндардың), сяньбилердің, жужандардың, түріктердің және басқалардың ұрпақтарымыз дей келіп, таза моңғолдық ата тарихтарын 1101 жылдан бері әрі қарай қазбалайды.

Моңғолдардың шығу тегін түп тамырынан бері қарай қазбалай зерттеген моңғол тарихшысы Чулуунның Далайының түсіндіруінше,

«...бұдан талай ғасыр ілгері, біздің жыл санауымыздан әлдеқашан бұрын байырғы моңғолдардың бабалары түркі тектес халықтардың жойқын жорығынан қырғындалғаннан қалған, Нохос, Хиан (Хиат) атты екі тайпаның азғантай ғана әулеті әрең дегенде қашып құтылып, Эргүнэ-Күн деген жерге жасырынып мекендеп қалады. Рашид-ад-Диннің жазуына қарағанда Эргүнэ деген атау қия-құз, күн деген сөз сұлама жар дегеннен туындайды екен. Ал, сол Эргүнэ-Күн деген жер қайда, қандай жер екені белгісіз, тек болжал, аңыз ретінде айтылып келеді» [6, 217].

Десек те, Ергене көңге барып тығылып, жан сақтап қалған азғантай ғана әулеттен өрбіген көшпелі жұрттың ұрпағы Шыңғыс хан Еуразиялық кеңістіктің нақ орта төсінде адамзат тарихында айрықша құрметпен бөлек аталатын Ұлы Моңғол империясын құрушы тұлға. Ол бар-жоғы 27 жасында моңғол жұртын бір тудың астына біріктіре алса, ал 45 жасында шашырап жүрген күллі көшпелілер әулетінің басын қосып, өте ірі империялық құрылымды мәңгілікке орнықтырды.

Мұндай түйін түйуімізге себеп, осы заманғы батыстық ресми тарих, бүгінгі таңдағы алып империя Ресейдің ірге тасының қалануы Шыңғыс хан мен оның мирасқорлары құрған далалық алып империялардан басталады әрі қазіргі халқының өзегін түркі-моңғол тектес халықтар құрайды деп есептейді.

Демек, Шыңғыс ханның өзінде де, ол құрған империяны да даттап, жамандайтын тарихшылар жазғандай, ол қанқұйлы қатыгездігімен емес, керісінше аса жытқыр ұйымдастырушылық қабілетімен, аса дарынды әскери қолбасшылығымен, аса ұйтқылық шешендігімен халқын ұлы істер жасауға жұмылдыра білген, араға мыңдаған жылдар салдырып барып, өмірге бір-ақ рет келетін дара тұлға, елбасы.

Ұлы моңғол империясының пайда болып, өсіп-өніп жетіліп, өркен жайуының тарихын саралаған зерттемелердің саны біршама екендігіне қарамастан, олардың барлығының мағлұмат іздеп терімдейтіндері үш жинақ. Олар: «Моңғолдың құпия шежіресі», «Алтын дәптер» және Рашид-ад-Диннің «Жылнамалар жинағы».

Десек те, осы туындылармен қатар кейде Хұлағу ханның кеңесшісі-парсының әйгілі тарихшысы Ата Мәлік Жүбәйни (1236-1283) жазған «Әлемді жаулаушылар тарихы» атты еңбек те аталып отырады. Бұл еңбек сол заманғы оқиғалардың ізін суытпай жазылғандығымен құнды.

Ұлы Моңғол империясының тарихын жазуды Құбылай хан Қытайда жасақтаған жылнамалар жазатын орталық бастады. Бұл іс одан әрі парсы жерінде жалғасты. Сол заманда Иран елін билеп отырған Шыңғыс ханның шөпшегі Ғазан хан өзінің бас уәзірі Рашид-ад-Динге моңғол және әлем тарихын жаздыру үшін тарихи зерттеу орталығын жасақтауды тапсырды. Ондағы мақсат Шыңғыс хан құрған Ұлы Моңғол империясының жаугершілік жорықтары мен игілікті істерін әлемге таныту, кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдыру болатын.

Орталықта 6 моңғол тарихшысы мен шежірешісі моңғол тарихын, 10-нан астам өте білгір мұсылман тарихшылары әлем, атап айтқанда, Қытай, Үнді, Иран, Араб, Еуропа, Орта Азия елдерінің тарихын жазды.

Бүгінгі таңда аты әлем халықтарына белгілі «Жами-ат тауарих» («Жылнамалар жиынтығы») осылайша 1300-1301 жылдары басталып 1310-1312 жылдары аралығында жазылып біткен-тұғын. Бұл еңбек кейіннен жылнаманы жазушылардың басшысы болған ғұлама Рашид-ад-Диннің жеке авторлығына көшіп кетті. Соның иелігінде әлемге танылды.

«Жамиат тауарихқа», осы жылнамалар жинағына дейін жазылған, билеуші Темір Өлзийт ханның ордасында министр қызметін атқарған маңғыт Болд (Болат) Чинсанның «Моңғол кітабы» мен Өгедей ханның кеңесшісі керей Шынағай Чинсанның «Алтын дәптерінде» мазмұндалған мағлұматтар арқау болған [6, 244-245].

Осы жоғарыда аттары аталған оқымыстылардың еңбектерінің барлығынан да жарты әлемді жаулап алып, өзіне бағындырған Тэмүжиннің шыққан түбі түркілік жұрт болғандығы білінеді.

Бұлай түйін түйуіміздің себебі, біріншіден, Ұлы Қытай қорғанынан бері қарай сонау Карпат тауларына дейінгі ұлан-ғайыр аралықта көшпелі тұрмыс кешкен халықтар өмір сүріп жатты.

Екіншіден, олардың ішінен біреуі басқаларынан күш-қуатымен дараланып, белгілі бір уақыт аралығында барлығына ортақ жоғары билікті иеленіп отырған.

Осыған орай, ресми тарих, сол билікке ие болған ұлыс атымен мемлекеттік құрылымды атап, мысалы, сақтар билігі, немесе ғұндар билігі, немесе оғыздар билігі кезеңі деп атауды дәстүрге айналдырған. Бірақ, билік жүйелері ауысып отырғанымен, көшпелі жұрт өздерінің түп төркінін ұмытпай, түбі бір түркілік жұрт екенін естерінде сақтаған. Шежіре түзіп, шыққан тегін, кімнің-кім екендігін ұрпақтан-ұрпаққа түсіндіріп беріп отырған.

Үшіншіден, моңғолдардың өздерінің де түбі түркілік жұртқа барып тірелетіндігі «Моңғолдың құпия шежіресінде» де ап-айқын түсіндіріліп көрсетілген. Соны талдап көрелік.

Моңғолдар Нирун (арқалықтар) –ақ сүйек моңғолдар және Дарликин (Төрлөхин)-қараша моңғолдар аталып 2 топқа бөлінеді.

«Моңғолдың құпия шежіресінде» Нирун тобына 27, Дарликин тобына 8 тайпа жатқызылады. Бұлардың барлығы да «Сайхан талда» (Ергене Қонда) қоныс теуіп, мал-жаны көбейе келіп тау қуысына симағандықтан, ақыры қысаннан көшіп шыққан Қият және Нүкіс жұрттарының ұрпақтары.

Одан әрі «Моңғолдың құпия шежіресінде» нирундықтар қияттан таратылып, ал дарликиндер нүкүс тегіне жатқызылады. Осы нүкүстік тектің бір тобы ретінде қоңыраттар (урианхай, қоңырат, икирас, олхунуд, курулас, хорлос, эджиген, уряут, хонгхотон) аталады. Жалпы моңғолдың Ақ сүйектер шежіресінде Нирундықтар үшін Дерликиндер жат саналады. Сондықтан олар құда-құданалы болады. «Моңғол-нирундар» Добу мерген қайтыс болғаннан кейін оның әйелі Алаң сұлу нұрдан жүкті болып, тапқан үш ұлдан тараған.

Ал, Алаң сұлу «моңғол-дарликиндер» тобындағы қоңыраттың құрлас руының қызы. Ол моңғол тегінен емес нұрдан үш құрсақ көтерген.

Жалпы, нирундықтар (арқалықтар) деп Алаң сұлудың нұрдан жаралған үш баласынан таралған барлық ұрпақ танылады.

Қабул ханнан былайғылары нирун-қияттар деп аталады.

Ал, қият боржығын деп Тэмүжиннің (Шыңғыс ханның) әкесі Есугэй бахадурдан тарағандар айтылады [8, 152-153].

Қоңыраттармен қоныстас отырған қияттар біздің заманымыздың I ғасырынан бастап, қазіргі Забайкалье мен Моңғолияның солтүстік шығысында Керуен өзенінің теріскей бетін мекен еткен. Олардың алдыңғы он екі буыны хатқа түспеген. Тек Дабу мерген дегенінің көрші отырған қоңыраттың құрлас руының қызы Алаң сұлуға үйленуі жаңа тарихтың басы болып саналады. Құрластарды кейде "хори-түрметтіктер" деп те атайды. Жалпы құрластар қоңырат тайпасының кунклиутынан өрбіген ұрық. Сол заманғы жазылған деректер бойынша қияттар қаба сақалды, сары шашты, көк көзді бойшаң халық болған. Шыңғыс ханның аталарының боржығын қият аталуы осыдан болса керек. Өйткені, түркі тектес халықтар тілінде боржығын ұғым-түсінігі көк көзді деген мағынада

қолданылады. Ал, Шыңғыс ханның арғы тоғызыншы буындағы атасы Боданшар мәнгүрттен басталған мезгілді моңғол тарихшысы Пэрлээ 970 жылдар шамасы болар деп есептейді [7, 14].

Әбілғазы Бахадур хан өзінің "Түрік шежіресі" атты тарихнамасында қоңыраттарды қияттан таратады [9, 124].

Ол, сондай-ақ Рашид-ад-Дин Ергене қоннан шығып келгендердің 18 атасы Қият тұқымдастар болды, дей келіп, олардың қатарында Нүкүз, Еңкірес (Икирас), Қоңырат, Елқонұт, Құрлас, Елшікі (Елжигин) Қоңқұлұттарды атайды. Бұлардың барлығы Әбілғазы кестесі бойынша Қоңырат аталары. Мысалы, Елқонұт-Шыңғыс ханның шешесі Әуеліннің елі. Ал, Еңкірестің (Икирастың) Қоңырат руы екендігін Қадырғали Жалайыр өзінің «Шежірелер жинағында» атап көрсетеді.

Жалпылама айтқанда 18 ата Қияттың 7 атасы қоңырат рулары болып келеді. Күллі нирундықтардың (арқалықтардың) ұлы анасы Қоңыраттың қурулас (құрлас) руының қызы Алаң сұлу.

Алаң сұлудың нұрдан жаратылып, әуелі туған ұлының аты Бұқұн-Қатақи (Бұқа Қатаған) еді. Одан барлық Қатақин (қатаған) қауымының нәсілі тарайды. Органшысының аты Бұсын-Саяжы (Бұқашы Солшы) еді. Бүкіл Салджиулар-Салджиуттар-оның нәсілі.

Кішкентайының аты-Буданжар (Боданшар), онан ағаштың жемісіндей өте көп қауымдар пайда болды. Шыңғыс ханның сегізінші атасы Буданжар, оның нәсілінен Шыңғыс ханның ата-бабалары тарайды.

Алаң сұлудың осы үш ұлынан тарағандарды түгелдей Нирундықтар (Арқалықтар) деп атайды [10, 37].

Алаң сұлудың нұрдан жаралған үш ұлының бірінен, яғни Боданшардан өрбіген тұқымның ұрығы саналатын Шыңғыс ханды Қоңыраттың құрлас руынан таратқысы келетін тарихшылармен де, сондай-ақ қоңыраттарды Қияттан тарататын Әбілғазы Бахадур ханмен де келісе алмайтындығын тарихшы З.Қинаятұлы былай деп түсіндіреді.

Рас қият және нүкүздер қият Боржығын және Қоңыраттың арғы аталары саналады. Әбілғазы «Түрік шежіресінде» қоңыратты тура Қият (Қиян)-тан таратады. Меніңше бұл тарату шындыққа сай емес.

Өйткені: 1. Сонынан «Қият» ұрпақтары «Хамаг Моңғол» тұсында «Нирун» тобын құрады. Ал, қоңыраттар «Хамаг Моңғолдың» Дарликин тобына жатады.

2. Ежелгі Түркі-Моңғол салты бойынша етене жақын рулар өзара құда түсіп, қыз алысып, қыз беріспеген. Мысалы, Шыңғыс хан тұсында Нирун тобына жататын Қият боржығындар осы салтты ұстанды.

3. Біздің жоғарыдағы пікірімізге тиек болатын енді бір дерек. Боржығын Есукей мен Дэй шешен өзара құда түскенде Дэй шешеннің Есукейге айтқан төмендегі сөзі. Дей шешен өзі көрген түсін өзі жорып, «менің көргенім түс емес, сендердің Хиад тайпаларының тәңір құсы біздің қолға келіп қонғанының белгісі екен ғой»-дейді. Осының бәрі қоңыраттардың қият еместігін білдірсе керек.

Әрі Д.Оссон, Қадырғали Жалайыр, А.Амар қоңырат тайпалар одағын (урианхай, қоңырат, икирас, олхундт, қурулас, хорлос, эдджиген, уряут, хонгхотон) нүкүс тегіне жатқызады. Олар соңынан «Моңғол-дарликин» тобын құрады. Ал, қиян (қият) ұрпақтары моңғол этнобөлімінің Нирун тобына жатады. Моңғолдың Ақ сүйектер шежіресінде Нирундықтар үшін Дарликиндер жат саналады [9, 124-125].

Аса қатал әрі сенімді әскери жасақтарды құра білген, саяси адал одақтарды басқара білген Тэмүжин, ол кездердегі аса ықпалды әрі әскери-саяси қуатты, қалың ел болған Керей хандығын 1203 жылы, Найман хандығы мен Меркіттер одағын 1204 жылы, Татарлар одағын 1205 жылы қол астын толық бағындырады. Сөйтіп, 1206 жылы Онон өзені бойында Тэмүжинді қолдаушы және сенімді серіктестері күллі көшпелі ру-тайпалардың ұлы құралтайын өткізіп, киіз тұрғылықтыларды біріктіргені үшін Тэмүжинге «Шыңғыс қаған» атағын берді. Шыңғыс қаған мемлекетті көне түріктердің билік дәстүрі бойынша шығыс (Мұқылай ноян басқарған), орталық (Наяя ноян басқарған), батыс (Боғұршы ноян басқарған) түмендіктерге, одан мыңдық (95 ноян), жүздік, ондықтарға бөліп, мемлекеттік немесе мыңдықтар жері, қорық жері, сыйлық жері деген жүйемен билік жүргізді.

Шыңғыс қаған мемлекеттік ішкі-саяси экономикалық жүйені және жібек жолы бойындағы сауда қатынастарын реттеуге кіріскен соң, сыртқы күштерден, әсіресе, Qitad-un Altan ulus > Қытайдың алтын мемлекетінен (Шүршіттердің «Цзинь» мемлекеті, манжұр-қытайлықтардан) сақтану мақсатында әскери жорықтарды ұйымдастыруға күш салды. Әуелі Ордос, Алаша аумағында мекендеген Таңғыт мемлекетін (1032-1227жж.), 1205, 1207, 1209, 1228 жылдары шабуылдап бағындырды.

Шыңғыс қаған ежелден зымиян саясат жүргізіп, көшпелілер арасына іріткі салып соғыстырып келген Алтын мемлекетіне 1211-1215 жылдары өзі басқарып 120 мың атты әскермен жорық жасап, бас қаласы Чжундуны басып алып қайтады. Одан кейін Мұқылай басқарған әскери жасақтары 1217-1223 жылдары, Өгедей мен Тұлуй басқарған әскери жасақтары 1229-1234 жылдары Алтын мемлекетінің жалған бейбітшілік келісімін мойындату үшін жорық шабуылдар жасады, толықтай жаулап бағындырды.

Шыңғыс қаған 1218 жылы Орта Азиядағы ірі мемлекет Хорезмге сауда-саттық қатынастарды жолға салу мақсатында 450 адамдық елші тобын жібереді. Шыңғыс қаған «бейбіт келісім жасасып, көршілік қатынастарды дамытып, саудаларды кеңейтейік» деген мәнді сөзді елшілердің аузымен айтқызыпты. Отырарға жеткен елшілерді қала билеушісі Иналшық «тыңшы» деп Мұхаммед шахқа хабар жеткізіп, Хорезм шах оларды дереу қырып салуды тапсырды, сөйтіп ол елшілерді өлтіреді. Шыңғыс қаған мән-жайды анықтау мақсатында мұсылман саудагер Вахран бастаған екінші елші тобын тағы жібереді. Жазба деректерде Хорезм шах елшілерді қуып жіберген делінеді.

Шыңғыс қаған Хорезмге жорық жасаудан бұрын Қарақытайларды бағындыруды көздеп, Жетісуда жайлап отырған оларға 1219 жылы Жебе басқарған атты әскери корпусын жіберді. Сөйтіп сол жерде билік жүргізіп жатқан Күшілікті бағындырады. Осылайша Шыңғыс Түркістанды толық жаулап алған Моңғолдар көрші жатқан Хорезм мемлекетімен тура шекаралас болып шыға келеді.

Шыңғыс қаған Хорезмге жорыққа аттанар алдында Таңғыт билеушісі Бұрханға елші жіберіп екі тараптан шабуылдауға сөз бергенін ескертеді. Алайда Таңғыт билеушісі жауап бермейді.

Сөйтіп, әскери дайындықтарын толық атқарып алған соң Шыңғыс қаған 1218 жылы Жебе, Сүбетей, Тоғышар басқарған 5 мыңдықтарды алдыңғы шеп етіп, Алтай тауынан асырып жіберіп, таудың арғы бетінде күтіп тұруды тапсырады. Оның өзі және ұлы Тұлуй басқарған негізгі күші 1219 жылы Ертістен өтіп, Бұхара бағытымен, Шағатай, Өгедей басқарған корпусты Отырар бағытымен, Жошы басқарған корпусты Әмудария өзені бағытымен, Алақ чербі, Тақа басқарған корпусты Бенкент, Хожент бағытымен аттандырады.

Шағатай, Өгедей басқарған әскерлер Отырарды 5 ай қоршап, ақыры бағындырады. Қала әмірі Иналшықты (Қайырханды) қоға түсіріп Самарқанға қашқан жеріне ұстап алып, көзін құртады.

Шыңғыс қаған басқарған әскерлер 1220 жылы Бұқара қаласын, одан кейін Самарқан қаласын жаулап алады. Хорезм Мұхаммед шах қаладан қашып кетіп, Каспий теңізі маңында 1221 жылы аурудан көз жұмады, оның ұлы тақ мұрагері Жалал-ад-дин Шыңғыс қаған әскерлеріне қарсы соғыстарын одан ары жалғастырады. Шыңғыс қаған әскерлеріне қатты қарсылық көрсеткен Хожент, Үргеніш қаласының күл-талқанын шығарып басып алады. Осылайша Шыңғыс қағанның Орта Азияға жасаған жорықтары аяқталып, 1222 жылдары Хорасан, Ауғанстан, Үндістанға бағытталған жорықтарында көптеген халықтарды бағындырады, Хорезм шахмұрагері Жалал-ад-Динді өкшелей қуалап, Инд өзені бойында қуып жеткенімен, оны қолға түсіре алмайды. Шыңғыс қаған Хорезмді жаулап алған соң ол жерді билеуді Жошыға тапсырады. Өзі 1225 жылы Орталық Моңғолиядағы Толы өзеніндегі ордасына қайтып оралады. Осылайша 1219-1224 жылдары Шыңғыс қаған әскерлері Орта Азия, Ауғанстан, Пәкістан, Солтүстік Үндістан, Ирак, Иран, Әзербайжан, Грузия, Оңтүстік Орыс аумағын толықтай жаулап алып бағындырған еді.

Шыңғыс қаған 1227 жылы Таңғыт мемлекетін қол астына қаратады. Алайда, Қытайдың Алтын мемлекетін толық жаулап алуға ұлы қағанның ғұмыры жетпеді. Ол 1227 жылы тамыздың 25-і күні қайтыс болады.

Десек те оның орнын басқан үшінші ұлы Өгедей қаған 1231-1234 жылдары әкесі Шыңғыс қағанның өсиетін орындап, көшпелілердің қас жауы қытайлық Алтын мемлекетін толық жаулап алды. Өгедей қаған 1231-1235 жылдары Корей мемлекетіне жорық ұйымдастырып, оны да жаулап алды.

Өгедей қаған 1235 жылы Жошының ұлы Батуға (1227-1255жж.) батысқа бағытталған жорықтарын басқартады. Бату хан 1236 жылы Бұлғарларды, 1237 жылы орыстардың Рязань князьдігін, 1238 жылы Мәскеу, Ростов, Ярослав, Дмитрий князьдіктерінің көптеген қалаларын бағындырып алады. Бату хан әскерлері 1238 жылы Новгород, Смоленск, Чернигов князьдіктерін, 1239 жылы Қырым, Кавказды, 1240 жылы Киевті, 1241 жылы Галиц, Владимир, Болынский аумағын жаулап алды. Осылайша Батыс Еуропаға шабуылдайтын жол ашылып, Польша, Молдава, Силез, Венгрия жерлеріне жорық ұйымдастырылады. Бату хан әскерлері Венгер патшасы 4-ші Беланы қуалап Австрияның Вена қаласына дейін жетеді, одан ары Словакия, Шығыс Чехияға дейін жорық жасайды.

Бату хан Өгедей қаған /1129-1241 жылдары аралығында билік құрған/ қайтыс болды деген суық хабарды ести сала, әскерлерін кері қайтарады. Осылайша Батыс Еуропа Ұлы Моңғол қағанатының жаулап алуынан аман қалады. Шыңғыс хан көзі тірісінде-ақ жаулап алынған өлкелерін 4 ұлына бөліп берген болатын.

Оның үлкен ұлы Жошы Ертістен Дунайға дейінгі кең алқапта Жошы ұлысын Алтын Орданы орнықтырды.

Екінші ұлы Шағатай Мауараннахр, Жетісу, Қашғария аумағында «Шағатай» мемлекетін құрды.

Төртінші ұлы Тұлуй басқарған «Елхан» мемлекеті Иранда құрылды.

Үшінші ұлы Өгедей билігінде қазіргі Моңғолия болды және көп ұзамай Қытайды қоса, Тұлуйдың ұлы Құбылай билік еткен «Юань» мемлекеті (1271-1368 жж.) құрылды [7, 52-56].

Ресми құжаттарда хатталып қалған деректерге қарағанда, Ұлы Моңғол империясының алтын тағында Шыңғыс ханның өзін қоса санамалағанда 164 жыл бойы оның ұрпақтары отырған.

Құрылымның іргесін бекітіп, уығын шаншып, шаңырағын Шыңғыс хан көтерген көшпелі халықтар империясы, шындығында өзі асқақтаған уақытысында әлемдік билікті қолдарында ұстап, еуразиялық жүздеген мемлекеттердің тыныс-тірлігіне дем беріп отырғандығын ешбір тарихшы жоққа шығара алмайды. Далалық алып империя Шығыс пен Батысты жақындастырды. Сауда-саттықты әлемдік деңгейге көтеріп, нарықтық дүниені қалыптастырды. Алғаш рет қағаз ақшаны шығарды. Алғаш рет кедей-кепшіктерге әлеуметтік көмек беру қорларын құрды. Мысалы, мемлекеттік деңгейде Шыңғыс ханның өз бастауымен «Жетімдерді жетілдіретін қор» құрылған-ды. Пошта, байланыс жүйесі іске қостырылды. Мысалы, Шыңғыс хан билік жүргізген жылдардың өзінде-ақ Еділ бойындағы Сарай қаласынан шыққан жедел хабар Моңғол үстіртіндегі айшылық алыс Қарақорымға алты-ақ күнде жететін керемет тәртіп орнықтырылды. Оқтай ұшқыр ат мінген жедел хабаршылар әр отыз шақырым сайын зулап бара жатқан қалпы, хат салынған қуыс сапты қамшыны бір-біріне беріп үлгеретін. Бөгет болған адам өлім жазасына кесілетін. Еуропадан шыққан сауда керуені қағанаттың ұлан-ғайыр аймағын басып өткенде "тышқан мұрнын қанатпай" бейбіт жолдармен алаңсыз сапар шегетін. Орасан үлкен қағанаттың көп тілді, көп дінді халқы бір

заңға ғана бағынды. Ол-«көбі азына мойын ұсыну, азы көбінің дәстүрін құрметтеу»- деген тұжырымды құқықтық норма болатын.

Былайша түсіндіргенде билеуші моңғолдар бағындырған елінің тілі мен дінін қабылдады да, ал бағынушылар олардың заңдарына мойын ұсынды.

Мұның өзі кезінде өте оңды құбылыстар болды. Әйтсе де, моңғол шапқыншылығы сол уақыттарда енді ғана тәй-тәй басып, аяғынан тұрып келе жатқан көптеген көшпелі ұлыстардың ел болып қалыптасуын неше бір ғасырларға шегеріп жіберді. Солардың қатарында қоңыраттардың да аты аталады.

Қоңыраттардың моңғолдарға тәуелденген кезеңі мен одан бергі тарихы келесі тарауларда өзектеліп, талданатындықтан баянымызды осы арадан доғарып, қорытынды пікірімізді жүйелейік.

Жоғарыдағы талдаулардан байқалғандай, ілкі ностра тілді алғашқы әулеттер уақыт өте келе бірнеше тілдік топтарға бөлінген. Осыған байланысты алғашқы әулеттік топтарды өмір сүру орталарына қарай, ғылыми ортада бірнеше тілдік топтарға бөліп-бөліп алып қарастыру дәстүрі орныққан. Осындай тілдік топтардың біріне шығыс ностра тілді топтары жатқызылады. Осы тілдік топтағылар осыдан 15 мың жылдай бұрын арғы элам-дравид және арғы алтай-орал тілділер топтарына бөлінеді. Ал, осыдан 13 мыңдай жыл бұрын алтай-орал тілді қауымдар алтай және орал-юкагир топтарына ажырайды. Орал-юкагир тілдерінде сөйлейтін қауымдар орал тауларынан әрі асып фин-угор, сомоди тармақтарына бөлініп кетеді.

Ал, алтай тілділілер бұрынғысынша қазіргі Иранның теріскей батысынан Орталық Азияны камти, Қиыр Шығысқа дейінгі өңірді тұтаса жайлап қалады. Осы аумақта ж.с.д. 12-2 мыңжылдықтарда алтай тобының: арғы түрік, арғы моңғол, арғы тұңғыс-мәнжүр, арғы корей, арғы жапон тілдеріне біртіндеп саралану үдерістері жүреді [1, 52].

Арғы түріктік алғашқы әулеттер уақыт өте келе тайпаларға бірігеді. Солардың ең алғашқыларының бірі ретінде Хунгур (қоңырат) тайпасының да аты аталады. Ол замандрда да хунгурлар (қоңыраттар) өздерімен түбі бір туыс қаңлы және маң тайпаларымен қанаттаса күнгейінде-Тянь-Шань, Памир-Алтай, Хиндикуш тауларының баурайларын ала Каспий теңізін оңтүстік-шығысынан батысқа қарай Маңғыстау түбегін теріскейінде Арал теңізі атрабы мен Сарысу өзені маңын, шығысында Қаратау өңір мен Шу өзені алқабын қоса жайлап жатқан көрінеді.

Хунгурлардың (қоңыраттардың) ең түпкі ата жұрты саналатын осы өңірлерде ж.с.д. VII-V мыңжылдықтарда бой көтерген Жейтун, ж.с.д. V-III мыңжылдықтарда орын тепкен Анау, ж.с.д. III-II мыңжылдықтар аралығындағы Келтеминар, бұлардан беріректе деп аталатын ж.с.д. II мыңжылдықтың екінші жартысынан I мыңжылдықтың бас кезіндегі Сырдария-Қаратау өңірі мәдениеттерінің қалыптасуына ат салысқан, делінеді.

Жоғарыда аттары аталған өңірлерді сол замандардан бері қарай мекендеп келе жатқан автохтонды жергілікті халықтар қаңлы, маң тайпалары жұрттарымен қатар хунгурлардың да (қоңыраттардың да) ұрпақтары болып есептелінеді.

Ж.с.д. IX-VIII ғасырларда парсылар қаңлыларды кангха (ха-парсы тілінде көптік жалғауы), хунгурларды Хорезмдік хунгурлар (қоңыраттар) деп атамалаған.

Ж.с.д. VII ғасырда хунгурлардың (қоңыраттардың) біршамасы Хиндикуш тауларының етегінен (Хорезм өлкесінен) ауа көшіп, Қара теңіздің солтүстік жағалауларынан Дон өзенінің орта ағысына дейінгі аралыққа барып, қоныстанған. Осы өңірлер халықтары (болгарлар, гагауздар, мажарлар /венгрлер/, балқарлар, қарашайлар, дағыстандық кейбір ру-тайпалар, ноғайлар, қырым түбегі қоңыраттары, Азов теңізі, Страврополь өлкесі, Дон өзені орта ағысы халықтары) өздерінің арғы түпкі тектерін осы хунгур тайпалары жұрттарынан бері қарай тарқатады.

Ал, Еділ бойы бұлғарлары өздерін әрі қаңлылардан, әрі хунгурлардан өрбіген жұртпыз деп есептейді [11, 12-13].

Хунгурлардың (қоңыраттардың) далалық аймақтарда өмір сүргендері, негізінен мал бағумен айналысқан. Ал, мал бағымы күтімді талап етеді. Сондықтан мал қамын күйттеген хунгурлардың (қоңыраттардың) біршамасы VI-V мыңжылдықтарда шығысқа қарай жылжыған. Сөйтіп олар адамзат баласының даму сатыларының бірегейі саналатын тарихи құбылыс ең алғашқылар болып жайылымдық малшылықты өмірге келтірді.

Жалпы, мал бағымын күйттеп, бір шұрайлы алқаптан екіншісіне көшіп-қонып жүру еуразиялық көшпелілердің ұлан-ғайыр кеңістіктерді игеруіне ықпал етті. Мал бағу шаруашылықтың басым түрі болғандықтан жер жағдайына қарай маусымдық көшіп-қону, үнемелік миграциялық үдерістер олардың қоршаған орталарын кеңейте түсті, шөл мен шөлейт жерлерді де игерулеріне жағдай тудырды. Оларға адамзат қоғамының өркендеу сатыларында өзіндік орны бар әрі

айрықша бір құбылыс саналатын көшпелілік өркениетті қалыптастыруға мүмкіндік берді. Далалық көшпелі халықтар адамзат қоғамының дамуын сүзгілей келіп (М.Вебер), жаңа өркениеттердің қалыптасуының себепшісі болды (Үнді, Иран, Ғұн мемлекеттері, т.т.).

Осылайша адамзат дамуының белгілі бір кезеңіне тән құбылыс алғашқылардың бірі болып жайылымдылық малшылықты өмірге келтірген хунгурлар (қоңыраттар) өздерінің шығысқа қарай жылжыған көш-қонының V-VI мыңжылдықтары қилысында Алтай-Саян таулары баурайларында ұзақ тұрақтаған. Оған осы өңірлерден табылған артефактілер куәлік етеді.

Айталық, атақ-даңқы дүниенің төрт бұрышына танымал археолог А.Р.Кызыласов «Нақ осы хуньюйлер (қоңыраттар) таулы Алтайдағы Пазырық мәдениетін қалыптастырған», деп түйін түйеді [12, 143].

Ал, Алтай-Саян тауларынан ары қарай асқан хунгурлар (қоңыраттар) ж.с.д. III мыңжылдықтың орта шенінде Қытайдың теріскейіне жетіп, өздерімен түбі бір жергілікті түбі түрік текті жұрттармен аралас-құралас өмір сүреді. Ж.с.д. I мыңжылдықта түбі түрік текті халықтардың арғы тектерінің бірі саналатын «ғұн» этнонимінің құрылымдалуына ат салысты. Хунгурлар (қоңыраттар) ж.с.д. III ғасырдың соңына қарай Ұлы Ғұн империясының шаңырағын көтерісіп, босағасын бекітуде, қағанаттың шарықтап әлемнің үштен бір бөлігі жуығын жаулап алуында айтарлықтай роль ойнайды. Бұл түйіндеулердің ақиқаттылығына Л.Н.Гумилевтің «Древние тюрки» (М.1993) және «Хунну. Хунны в Китае» (М., 2003) атты еңбектері куәлік ете алады.

Ғұн империясы ыдырағаннан кейін хунгурлар (қоңыраттар) сянби, жужан, түрік, ұйғыр, аз-маз уақыт қырғыз, одан кейін қидан, моңғол қағанаттарына тәуелденді.

Хунгурлардың (қоңырлардың) Қоңырат аталуы олар Қидандардың бодандығында жүрген уақыттарына сай келеді. Өйткені, көне қидан тілінде кез-келген атауға -ат, -ет, -т көпшілік жалғауын қосып сөйлеу әдетті жағдай болған көрінеді. Демек, қоңырат атауы «бұлар қоңырлар» дегенді білдірген.

Қоңыраттардың қидандармен қыз алысып, ұл үйлендіріп, құдандалы болуы бүгінгі күні күллі түбі түркілік жұртқа ортақ «құда-құдағи», «абысын-ажын», «күйеу бала», «кит кигізу», «ұрын бару» сияқты ұғым түсініктердің таралуына әсер еткен. Осыны ескергендіктен болар тарихшы Л.Викторова моңғолдардың

қоңыраттармен бұрыннан жалғасып келе жатқан құдандалық байланыстары қидандардың салт-жоралғыларының моңғолдар арасында таралуында көп әсер етті, дейді [7, 4-5;166-167].

Көршілес өмір сүріп, бірде шабысып, бірде табысып, ит жығысты ғұмыр кешкен көшпелі халықтардың ішінен қоңыраттармен бұрыннан құдандалы болып бірге қоныстанып, бірге жайлап жүрген моңғолдар әулеті XII ғасыр басында айрықша бөлектеніп, шоқтана түсті. Әлдене, күшейе келген моңғолдар 2006 көшпелі халықтардың Ұлы империясын құрып, әлемді жаулап алу жорықтарын бастап кетті. 1218-1222 жылдар аралығында моңғол әскерлері Орта Азияны толық жаулап алды. Осы моңғол әскерлерінің қатарында осы өңірден ж.с.д. VI-V мыңжылдықтарда мал қамын күйттеп шығысқа ауған хунгурлардың (қоңыраттардың) ұрпақтары араға бірнеше мыңжылдықтар салып барып, ата жұртта қалған бауырластарымен қайта қауышты. Кейіннен Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы қолына күллі Дешті Қыпшақтың билігі тигенде Ұлуғ Ұлыстың күнгеінде жатқан Хорезм өлкесін ата жұрттарыңа өздерің ие болындар дегендей кейіп танытып Қоңырат бектеріне басқаруға берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері*. 4 том. - Алматы, 2006.
2. Гумилев Л.Н. *Хунну. Хунны в Китае*. -М.: Айрис-пресс, 2015.
3. Сарай Ә. *Көк түріктері*. –Алматы: Мерке баспасы, 2014.
4. *Маңғытай шежіресі*. -Алматы: Нұрлы жол, 2006.
5. *Қазақстан. Ұлттық энциклопедия*. -Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. Т.3. 2001.
6. Қабышұлы И. *Тұран әлемі.Түрік-моңғол халықтарының тарихы*. -Алматы: Санат, 2007.
7. *Қоңырат*. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. -Алматы: «Алаш тарихи зерттеу орталығы», 2014.
8. Рашид-ад-Дин. *Сборник летописей*. Том 1, книга первая/ перевод с персидского А.А.Хетагурова. Редакция и примечание проф. А.А.Семенова/ -М-Л., 1952.
9. Қинаятұлы З. *Моңғол үстіртін мекен еткен түрік тайпалары: IX-XII ғасыр*. - Астана: Ел Орда, 2001.
10. Қадырғали Жалайыр. *Шежірелер жинағы*. -Алматы: Қазақстан, 1997.
11. Закиев М. *История татарского народа/ Этнические корни, формирование и развитие*.- М: Инсан, 2008.
12. Кзыласов Л.Р. *Городская цивилизация срединной и северной Азия*. -М, 2006.

(Соңы)

УДК 950.1 : 305

КОЧЕВАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ NOMADIC CIVILIZATION IN CENTRAL ASYA

С.АБУШАРИПОВ*

Резюме

В статье проанализируются отечественные и зарубежные работы, в которых рассматривались проблемы специфики развития номадизма в Центральной Азии, описываемые с стадийно-эволюционных и цивилизационных позиций. Это даст возможность усвоить (переваривать) заключения, содержащиеся в исследованиях, а также иметь доступ к тем источникам, которые в них были использованы и ознакомиться с цивилизационной теорией, позволяющей раскрыть сущность центрально-азиатского номадического феномена; тем более это важно для того, чтобы разработать теоретико-методологические аспекты изучения темы. Следует сказать, что знание историографии номадизма в Центральной Азии определяет методологию работы, а знание источников позволяет сделать объективные выводы, основанные на междисциплинарном подходе, нацеленном на изучение истории номадизма и нового исторического мышления по развитию казахской государственности.

Автор приходит к выводу о том, что если бы не внешние силы затормозили номадический способ производства, он и в XX веке не исчерпал бы своих возможностей.

Ключевые слова: Номадизм, его роль в мировой истории, "Тупиковое" восприятие кочевничества, Центральная Азия.

Summary

The purpose of the project is not to explore all of the content of the Central Asya civilization, and reveal only the social, material and spiritual characteristics of its origins, to consider and to show the material and the spiritual core and foundation of the Central Asya civilization, as well as to determine the place this civilization in world history and its role, serving as a historical, cultural and ideological basis of the Union peoples of Central Asya.

Key words: Nomadism, Central Asyan civilization, its role in world history, Come a deadlock percept of the nomadism.

Греческое слово "nomad" происходит от nomas - "искатель пастбищ". В свою очередь, nomas восходит к слову nomos - "ограниченная область" (как в астрономии или автономии). Соответственно nomos происходит от nemein ("давать", "назначать"),

* Философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Түркістан – Қазақстан.
Candidate of Philosophical science, Associate Professor, senior scientific worker of the scientific-research in the Institute of Turkology affiliated to the International Kazakh-Turkish University named Ahmet Yassawi. Sairan_1943@mail.ru

корень которого восходит к индоевропейскому *n-m*, выражающему состояние подчинения закону или порядку (слово *number* является здесь одно-коренным) [1].

На протяжении веков принципиальным оставалось стремление подвергнуть нomaдизм и своеобразной локализации, и своеобразной цивилизационной изоляции то в виде "исторического тупика", то в виде "особой альтернативы социальной эволюции". Этот поиск признаков продолжает оставаться в центре дебатов о природе нomaдизма и сегодня. Однако, еще в XIII в. даосский монах Чан Чунь (1148-1227) из Китая совершил трехлетнюю поездку к Чингисхану, посетив на своем пути Монголию, Сибирь и Среднюю Азию. Сопровождавший Чан Чуня ученик оставил нам своеобразный травелог, документирующий отзывы учителя по поводу увиденного. Незнакомое в основном воспринималось Чан Чунем как неверное: В заграничных владениях, у отдаленных варваров, не узнать всего; там нет правильного распределения Инь и Ян и времен года [2].

Особенно глубокое гносеологическое недоумение, судя по всему, вызвала у монаха встреча с кочевниками Монголии, живущими "в черных телегах и белых юртах". Куда бы взор ни достигал, не видно конца горам и рекам; ветер и туман непрерывны, и реки вечно текут. Для чего Творец, образуя вселенную, в этих странах повелел людям пасти коней и коров? Они пьют кровь, жрут мясо, как в глубокой древности; носят высокие шапки и связывают волосы различно от Китая. Святые мудрецы не могли завещать им письменного образования, и они целые века живут беспечно, довольствуясь сами собою [2].

Автор статьи "О Киргизцах" в "Вестнике Европы" развивал сходный тезис, связывая кочевое скотоводство казахов ("киргизцев") с их неумением и неспособностью вести оседлое земледелие: "Степь Киргизская естественно способна к одному обитанию кочующих пастухов. Водворения постоянного сделать на ней невозможно по причине бесплодия почвы, усеянной солончаками и совершенного недостатка лесов. По сему степь сия ни для кого иного неудобна, кроме Киргизов, или подобных им нomaдов... ибо ни к земледелию, ни к промыслам Киргизец не способен, да и земля и климат его к тому неудобны" [3,130].

Геннадий Марков, ведущий советский специалист по кочевникам Азии, в главе о теоретических проблемах кочевничества", например, объяснял возникновение нomaдизма так: Кочевничество

возникало, развивалось и существовало главным образом там, где исчезали или отсутствовали возможности для достаточно продуктивного, хотя бы мотыжного земледелия. На протяжении истории у кочевников была тенденция к оседанию на землю, но зачастую, встречая существенные препятствия, не реализовывалась, так как оседание могло быть связано с потерей независимости и подчинением государствам оседло-земледельческих областей [4].

Иными словами, как пишет С. Ушакин, кочевники - это неудавшиеся земледельцы, не сумевшие сделать правильный выбор на повороте истории [1]. Советские антропологи, авторы академической "Истории первобытного общества", довели этот подход до логического конца, подытожив в 1986 г.: В исторической перспективе развитие высокоспециализированных обществ охотников, рыболовов и собирателей и кочевых скотоводов представляют собой тупиковые ветви и лишь земледельческое или комплексное земледельческо-скотоводческое хозяйство позволяет перешагнуть рубеж классообразования и успешно развиваться дальше [5].

С точки зрения такой телеологии оседлости отсутствие собственного места, собственной базы для "успешного развития" служит эпистемологическим основанием для выдворения самого феномена за границы "исторической перспективы": единственным приемлемым местом, уготовленным историей (и историками) для "людей пути", оказывается тупик [7].

Всего под руководством и непосредственном участии А. А. Семенова было составлено 48 томов «Туркестанского сборника» (из 175 томов ташкентского периода). Семенов пересмотрел методы, которыми руководствовались его предшественники, пришёл к правильному выводу о необходимости прекратить собирание газетных вырезок. Такое решение объяснялось несколькими причинами. Во-первых, следует учесть, что во времена Межова – в период завоевания Центрально азиатских государств Россией взаимоотношения последней с Англией и соседними странами имели актуальнейшее значение и занимали внимание не только русской, но и зарубежной прессы, порождая многочисленные газетные передовицы и статьи, и Межов имел все основания сохранить их на страницах «Туркестанского сборника». К началу же XX столетия – это положение существенно изменилось. В международных отношениях на первый план выдвинулись совершенно другие проблемы, центрально азиатская же тематика потеряла свою былую остроту. Во-вторых, А. А. Семенов учел то простое обстоятельство, что самих газет стало значительно больше – они издавались во всех более или менее крупных городах, иногда по две, три и более газеты в одном городе, и охватить их всех было просто физически невозможно. В-третьих, в значительно большем количестве, чем раньше, стали появляться крупные научные сочинения, печатавшиеся в виде журнальных статей и выходившие отдельными изданиями в виде книг. Поэтому, Семенов и решил прекратить в дальнейшем собирание газетных вырезок, заполнивших собою, часто совершенно без достаточных оснований, первые 127 послемежовских томов.

Под этим углом зрения он в продолжение длительного времени изучал и отбирал накопившиеся материалы и выпустил первые свои

два тома (544 и 545) лишь в 1914 году. В 545 томе Александр Александрович в последний раз отдает дань газетным вырезкам, выбрав из них 30 наиболее важных и присоединив к ним экономическое исследование В. В. Дынина о горцах верховьев Заравшана.

Таким образом, он сознательно вступил для пользы дела в противоречие с тем заглавием, которое ещё в 1907 году было сочинено для «Туркестанского сборника» и в котором последний объявлялся «сборником статей и заметок из русских и иностранных газет». К тому же перед А. А. Семеновым продолжала оставаться невыполненная его предшественниками задача по выявлению пропущенных материалов, от которой он не мог отказаться.

Но самое существенное в реформе «Туркестанского сборника» состояло в том, что Александр Александрович придал его томам систематический характер, посвятив каждой из них отдельной теме. Если кое-какие намеки на это наблюдались у Межова, то в трудах первых его продолжателей этого уже не было, за исключением разве тех случаев, когда собирались вместе статьи из одного какого-либо специального журнала, вроде Известий Русского Географического Общества. А в работе А. А. Семенова идея систематизации материала стала руководящим принципом. Уже в 544 томе из восьми статей находим пять на одну тему (описание частей Бухарского эмирата); есть тома, посвящённые истории и археологии (546–548, 570, 588–589, 591), мемуарам (559), этнографии (555, 566–569, 584, 589), филологии (556–557, 587), беллетристике (581), географии (554, 572–573, 575, 582–583, 585), геологии (552–553, 562, 571), растительному миру (551, 560, 579), орошению и водопользованию (549–550), землепользованию и колонизации (565, 576–578, 586), сельскому хозяйству (561, 564, 574), городам (590) и другим вопросам.

Эта характерная черта семеновских томов выгодно отличается от предшествующих и даёт ясное представление о взглядах ученого на «Туркестанский сборник». Понимая, что собрать «всё» невыполнимо, он не разменивался на мелочи, имея ввиду навсегда сохранить в томах «Сборника» лишь самое важное, что появлялось о Туркестане в его время. С этой стороны особенно заслуживают внимание тома 566–569, посвящённые трудам А. А. Диваева; в них собрано 59 опубликованных им этнографических работ; тома 556–557 и 587, в которых заключены 15 важнейших местных филологических трудов того времени по языкам Центральной Азии, и тома 576–578 и 580 с чрезвычайно

значительными материалами по землепользованию в предреволюционном Туркестане. Всего в 48 томах, подготовленных А. А. Семеновым, помещено 240 книг и журнальных статей и 30 газетных заметок.

Необходимо подчеркнуть, что при подборе материала Александр Александрович иногда вплетал в сборники и лично ему поднесённые труды с авторскими надписями, а также раскрывал псевдонимы, ныне вряд ли кому известные, и делал пояснения на некоторых особо любопытных изданиях. К подавляющему большинству составленных им томов Александр Александрович делал сам оглавления своим характерным каллиграфическим почерком; лишь к 11 последним томам он не успел их составить, так как в июле 1916 года должен был выехать из Ташкента. С его отъездом работа над составлением Сборника прекратилась.

В советское время работу над «Туркестанским сборником» продолжил Е.К.Бетгер – крупнейший библиограф-краевед Узбекистана.

Как выдающейся специалист по краеведению и библиографии Е. К. Бетгер не мог пройти мимо уникального сборника Межова. Ему принадлежит заслуга в составлении «Туркестанскому сборнику» ряда весьма ценных и полезных библиографических пособий – каталогов, указателей и т. п., представляющих большой научный интерес.

В 1939 году под редакцией Е. К. Бетгера были составлены последние три тома «Туркестанского сборника» (тома 592–594), содержащие подготовленную ещё в начале XX века работу М. А. Терентьева «История завоевания Средней Азии с картами и планами», после чего дальнейшее продолжение сборника было окончательно прекращено.

Указатели О. В. Масловой и Е. К. Бетгера. Указатели к 175 томам «Сборника» ташкентского периода (тт. 417-591) составлены библиографами О. В. Масловой и Е. К. Бетгером [8, 12]. «Систематический указатель к 417-591 томам «Туркестанского сборника», составленный библиографом-краеведом Масловой в 1940 году, охватывает отражённые в сборнике материалы, касающиеся только Туркестана. Классификация литературы в нём приведена в соответствии с современными требованиями библиографии.

Внутри рубрик материал расположен в хронологическом порядке. Всего указатель содержит 3630 описаний, часть из них сопровождается аннотациями. Имеется алфавитный указатель авторов

и указатель географических названий. Как указывает в предисловии к своему указателю О. В. Маслова, они были составлены несколько отличным от Межова методом:

Во-первых, взят материал, касающийся только Туркестана, во-вторых, применена новая система классификации, в-третьих, введена детализация распределения материала.

Е. К. Бетгер, много внимания уделивший раскрытию содержания туркестанского сборника, в 1948 году составил указатель к томам, относящимся к странам, сопредельным с бывшим Туркестанским краем. Как Межов и Маслова, Бетгер, описывая какой-либо материал, помимо ссылок на соответствующий том туркестанского сборника, указывал источник, откуда этот материал взят. Таким образом, указатель имеет значение самостоятельного библиографического пособия: он даёт использовать богатейший материал о сопредельных с Туркестаном странах и без обращения к сборнику.

Материал в указателе расположен по странам в хронологическом порядке. Почти по всем описаниям даны подробные аннотации, раскрывающие содержание книги, статьи или уточняющие заглавие. В конце приложены вспомогательные указатели: авторов, собственных имен, географических и этнографических названий, упомянутых как в заглавиях, так и в аннотациях.

Таким образом, «Туркестанский сборник» является совершенно уникальным культурным явлением, поскольку далеко не все из публикаций, которые в нём имеются – а это газеты, журналы, книги, издававшиеся в различных городах России во второй половине XIX века, – сохранились в стране, пережившей за это время несколько революций, гражданскую войну, две мировые войны и бурные девяностые.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Бенедиктова Н. Н. *«Туркестанский сборник» как источник изучения Средней Азии*. – «Литературный Ташкент». Альманах 1. т. - 1945. - С. 18.
2. Фрадкина З. Л. *«В. И. Межов (1830–1894)»*. Под ред. проф. А. Д. Эйхенгольца. - М., Изд-во Всесоюзной книжной палаты. - 1949. - С. 3.
3. Касымова А.Г. *«Туркестанский сборник»*. Ташкент: Фан. 1985. – С. 49.
4. Межов В. И. *Туркестанский сборник сочинений и статей, относящихся до Средней Азии вообще и Туркестанскому краю в особенности: систематический и азбучный указатель сочинений и статей на русском и иностранных языках*. т.1. - СПб., 1878.

Альжанова Э.Е. Туркестанский сборник – письменный источник...

5. Бенедиктова Н.Н. *«Туркестанский сборник» как источник изучения Средней Азии* // Сборник материалов к 75- летнему юбилею Государственной публичной библиотеке (1870–1945). Машинопись, - Ташкент, Узбекистан. 1948. - С. 52.
6. Остроумов Н. П. *2-й Туркестанский генерал-губернатор М.Черняев (1882–1884)*. Машинопись. – 1930. - С. 42.
7. *Отчет Туркестанской Публичной библиотеки и музея за 1907 год.* - Ташкент, Узбекистан. – 1908. - С. 16.
8. Бетгер Е. К. *«Туркестанский сборник» и участие в нём А. Семенова* // Труды Академии Наук Таджикской ССР. -Том XVII. – 1953. - С. 45.

ӘОЖ 306.08

АҢЫЗ ЕЛ АТЛАНТИДА EPIC STATE IS ATLANTIS

Қ. САЛҒАРАҰЛЫ*

Түйіндеме

Автор мақаласында бір кездерде айтарлықтай өркениетке қол жеткізіп, дәуірлеп тұрған шағында дүниежүзілік орасан апатты зілзаланьң салдарынан із-түзсіз жоғалып кеткен аңыз ел - Атлантида жайлы дерек көздеріне талдау жасайды. Тұрғындарының кімдер екенін нақты айқындап бермегенімен, олардың да түріктестес халықтардың арғы ата-бабаларымен қандай да бір қатынаста болған деген ойды ортаға салады. Бұл санада қалыптасып қалған көне қағидалардың шеңберінен шығып, жаңа ізденістерге бастайды.

Кілт сөздер: Атлантида, Антарктида, дерек, табиғи апат, аңыздық шежіре.

Summary

Author discusses about Atlantis which was developed its society to high ranks, and demolished because of earthquake. Even though he cannot say who was the inhabitant of the Atlantis, but he considers that they have some similarities with Turkic people. It destroys all the facts that were hackneyed up to now and give new motivation for researches.

Key words: Atlantis, Antarctica, facts, natural devastation, epics.

Муға қарағанда Атлантида тақырыбы оқырман қауымға біршама таныстау екені белгілі. Өйткені ол туралы талай жазылды, талай болжамдар айтылды, ғылыми зерттеулер мен көркем шығармалар дүниеге келді, фильмдер түсірілді. Бірақ, соған қарамастан, әлі күнге Атлантиданың бұл жарық дүниенің дидарында болған, болмағанының өзі нақты анықталып, оның жершарының қай нүктесінде жатқаны да белгісіз. Тек түрлі болжам бар. Содан да болар, оны біреулері Атлант мұхитының тұңғыығының түбінде жатыр десе, екіншісі Жерорта теңізінің астында дейді. Сондай-ақ Қара теңіздің түбінен іздеушілер де табылады.

Жалпы Атлантида мен атланттар жөніндегі алғашқы жазба дерек х.э. дейінгі 428-348 жылдары өмір сүрген ежелгі гректің әйгілі философы Платонның «Тимей» және «Критий» деген еңбектерінде

* филология ғылымдарының кандидаты, Астана-Қазақстан.

Candidate of Philological sciences, Astana-Kazakhstan. e-mail: K.Salgara@mail.ru

(диалогтарында) кездеседі. Ал ол болса, бұл деректі өзінің бабасы Доридтың туған ағасы, гректің атақты жеті данышпанының бірі – Солоннан алғанын айтады. Егер көне заманның тағы бір атақты тарихшысы Плутархтың жазғаны шындық болса, Солонға бұл деректі Египеттің Саис қаласындағы храмның бас абызы Сонхес деген айтқан көрінеді. Оның Солонмен кездесіп, Атлантида жөнінде әңгіме қозғаған кезі шамамен х.э. дейінгі 600 жылдарға келеді. Сонда Атлантида жөніндегі әңгімені әлем жұртшылығы Солоннан кейін арада біржарым ғасырға жуық уақыт өткеннен кейін барып Платон арқылы білген болып шығады. Сондай-ақ диалогта Критийдің Атлантида туралы деректі өзінің атасынан естігені жөнінде айтатыны да бар. Зерттеуші ғалымдар оның бұл деректі естіген кезін шамамен х.э. дейінгі 460-440 жылдар аралығы деп есептейді.

Қалай болғанда да, осы мәліметтерден соң бір кездерде «Атлантида» деген континенттің (кей деректе «аралдың») болғандығы және оның тұрғындарының заманында теңдесі жоқ гүлденген өркениетке қол жеткізгендігі, кейін оның орасан зор табиғи апаттың салдарынан мұхит суының астына кетіп, із-түзсіз жоғалғаны әлемнің талай ақыл-ой алыптарының ой толғамдарының азығына айналып келеді. Солардың көпке белгілілерінің бірі - америкалық ғалым Игнатиус Донеллидің 1882 жылы жарық көрген «Атлантида: допотопный мир» атты әйгілі еңбегі. Ескі және Жаңа Әлемнің өркениетін түбегейлі талдау негізінде И. Донелли *«осылардың бәрінің ортақ қайнары – бір кездерде Атлант мұхитының ортасындағы құрылықта дәуірлеген Атлантиданың ежелгі өркениеті»* деген тұжырымға келген. Бұл ретте Донеллидің Атлантидасы осының алдындағы тарауда арнайы сөз болған Джеймс Черчвардтың әлемнің барлық көне өркениетінің негізі санайтын «Көне континент Му – адамзат баласының Түпотаны» деген тұжырымымен үйлесім табады. Кейбір ғалымдардың Му мен Атлантиданы бір континент санайтындары да содан болса керек.. Қалай болғанда да, әйтеуір Атлантида секілді ұлы өркениетті жалмаған орасан апаттың кейін Дүниежүзілік Топан Су тасқынына қатысты айтылатын Таураттағы және көптеген халықтардың мифологиясындағы аңыздарға арқау болғаны анық.

Зерттеушілердің анықтауы бойынша Атлантида кезінде Атлант мұхитының ортасындағы кәдімгідей айтулы үлкен континент болған. Біраз зерттеушілер оны «үлкен арал», «біріне бірі жалғасқан аралдар жиынтығы» деп те айтады. Қалай болғанда да, оның мұхит

суының астына кетіп, із-түзсіз жоғалғанға дейін бүкіл адамзат баласы өркениетінің орталығы болғандығын бұл тақырыпқа қалам тартқандардың ешқайсысы да теріске шығармайды. Атлантида дәуірлеп тұрған кезде оның солтүстік бөлегі Америкадан Гренландия арқылы Норвегияға дейін созылып жатқан тұтас құрылық болған. Сондай-ақ осы аса үлкен үшбұрышты арал-континенттің батыс жағалауы Исландиядан Испанияның терістік батысындағы Финистерре мүйісіне дейін ұласқан. Осы «Атлантида» деп аталатын континенттің Атлант мұхитында осыншама жер көлемін алып, құрылықтарды жалғастырып жатуы: «Американың ежелгі тұрғындары Азиядан Беринг бұғазы арқылы өткен» деген бұған дейінгі ғылымда қалыптасқан тұжырымды теріске шығарып, сонау ескі замандарда Америка мен Үлкен Жер арасында тікелей байланыстың осы Атлантида арқылы жүзеге асқанын алға тартады. Оның шынында да солай екенін Атлантидаға қатысты бұрыннан айтылып жүрген деректерді ғылымның соңғы жетістігі ашқан жаңалықты мәліметтермен байыта дамытқан кейінгі зерттеулердің бірі – «Атланттар туралы аңыз бен ақиқат» атты еңбектің авторы Бекжан Бейсенбай да жан-жақты дәлелдеп бағыпты.

Қазіргі таңда генетик ғалымдардың ДНК тәсілі арқылы Американың ежелгі тұрғындары – майяларды ежелгі түріктетес халықтардың бір тармағы екенін дәлелдеп, оны ғылыми айналымға енгізгені белгілі. Олар сонымен бірге майяларды мұнда, яғни Америка құрылығына Азиядан Беринг бұғазы арқылы өтіп келген деген археолог ғалымдардың бұған дейінгі айтылып келген тұжырымдарына құптау білдірген болатын. Бірақ христиан эрасынан кейінгі XX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап «ертегі ел» Му мен «аңыз ел» Атлантида жайында ғылымның соңғы жетістіктерінің нәтижесіне сүйене отырып, зерттеу жүргізген кейінгі зерттеушілер археологтар қалыптастырған бұл тұжырымды теріске шығарып, оған кереғар өз пайымдауларын алға тартты. Осыдан кейін майялардың Америкаға қайдан, қалай келгені жөнінде бір-біріне кереғар үш тұжырым қатарластырыла айтыла бастаған жайы бар. Нақтылық үшін атап айтсақ, оның бірі - «Азиядан Беринг бұғазы арқылы өтті» делінетін, жоғарыда айтылған, қазіргі ғылымда қалыптасқан тұжырым. Оны Атлантида тақырыбын зертеушілер арасында өзі тапқан деректер арқылы дәлелдеген Уильям Нивен болатын. Бұл зерттеушінің тағы бір ерекшелігі – «Атлантида мен Муды бір континент» деп есептейді.

Екіншісі – «ежелгі тұрғындар Америкаға Му континентінен, яғни «Батыс Жерден келді» деген тұжырым. Бұл тұжырымның авторы – Джеймс Черчвард. Ол Уильям Нивеннің «Атлантида мен Муды бір континент» деген пікіріне түбегейлі қарсы, екеуін бір-біріне қатысы жоқ, бірі – Атлант мұхитының, екіншісі – Тынық мұхиттың суының астында жатқан екі бөлек континент дейді. Осыған орай ол майялардың арғы аталарының Оңтүстік және Орталық Америкаға Му континентінен келгеніне бек сенімді.

Үшіншісі - Үлкен Жер мен Америка арасындағы байланыс Атлантида және сонымен іргелес жатқан аралдар арқылы жүзеге асқан, Американың ежелгі тұрғындары мұнда Атлантида арқылы келген делінетін тұжырым. Мұны жақтаушылардың ең соңғысы, жоғарыда айтылған, қазақстандық жас зерттеуші Бекжан Бейсенбай.

Осылардың қай-қайсысының да өз тұжырымдарын жасағанда өздері тапқан нақты деректерге сүйенгені белгілі. Ең маңыздысы: түйіндеулері әр түрлі болғанына қарамастан, бұлардың ешқайсысы да Атлантиданы қияли аңыздың жемісі деп санамайды. Бәрі де оның болғандығына еш күмән келтірмейді. Осыларды зерделей келіп, Саис храмының бас абызы Сонхестің бір кезде Солонға айтқандарының жалаң аңыз емес, заманында болған тарихи оқиғаның шындығы екеніне ұйый бастайсың. Кезінде Платонның да осыған көңіл бөліп, арнайы жазып кетуі де тегін болмаса керек. Египеттік абыз сонда Солонға былай деген ғой:

«Записи говорят, какою город ваш обуздal некогда силу, дерзостно направлявшуюся разом на всю Европу и на Азию со стороны Атлантического моря. Тогда ведь море это было судоходно, потому что пред устьем его, которое вы по-своему называете Геракловыми Столпами, находился остров. Остров тот был больше Ливии и Азии, взятых вместе, и от него открывался плавателям доступ к прочим островам, а от тех островов - ко всему противоположащему материку, которым ограничивался тот истинный понт. Ведь с внутренней стороны устья, о котором говорим, море представляется только бухтой, чем то вроде узкого входа, а то (что с внешней стороны) можно назвать уже настоящим морем, равно как окружающую его землю, по всей справедливости - истинным и совершенным материком. На этом Атлантическом острове сложилась великая и грозная держава царей, власть которых простиралась на весь остров, на многие иные острова и на некоторые части материка. Кроме того, они и на здешней

стороне владели Ливией до Египта и Европой до Тиррении. Вся эта держава, собравшись в одно, вознамерилась и вашу страну, и нашу, и все по эту сторону устья пространство земли поработить одним ударом. Тогда-то, Солон, воинство вашего города доблестью и твердостью прославилось перед всеми людьми. Превосходя всех мужеством и хитростью военных приемов, город ваш то воевал во главе эллинов, то, когда другие отступались, противостоял по необходимости один и подвергал себя крайним опасностям. Но, наконец, одолев наступающих врагов, торжествовал победу над ними, воспрепятствовал им поработить еще не поработенных и нам всем вообще живущим по эту сторону Геракловых пределов безусловно отвоевал свободу. Впоследствии же времени, когда происходили страшные землетрясения и потопа, в один день и бедственную ночь, вся ваша воинская сила разом провалилась в землю, да и остров Атлантида исчез, погрузившись в море. Поэтому и тамошнее море оказывается теперь несудоходным и неисследованным: плаванию препятствует множество окаменелой грязи, которую оставил за собой осевший остров" (*Үзінді Платонның «Тимей» атты диалогынан алынды*).

Сонхес абыз Солонға осылай деген. Енді абыздың осы айтқандарын өзімізше пайымдап, мән-мазмұнына үңіліп көрелік.

Ең алдымен, мұнда басты назар аударатын нәрсе: Саис храмының бас абызы Солонға кезінде әлдебіреулерден естіп, білгенін емес, осы храмда сақталынған көне жазбада жазылған, нақты бар деректі айтып отырғандығы. Бұл абыз сөзінің деректік құндылығын ерекшелейді. Бұған оның өз сөзін: **«жазбалар айтады» (записи говарят)** деп куәландыруы нақты дәлел. Демек біз, бұл арада, ауызша деректің емес, жазба деректің мәліметіне жүгіну мүмкіндігіне иеміз.

Міне, осы жазба дерек бойынша Геракл бағаналары (*қазіргі Гибралтар бұғазы*) деп аталатын шығанақтың алдында үлкен арал болған. Оның көлемі Ливия мен Азияны қосқандағы аумақтан асып түсетін көрінеді. Соған сай «Атлантида» деп аталатын осы аралда бірнеше патшалық қатар өмір сүрген. Абыздың **«На этом Атлантическом острове сложилась великая и грозная держава царей, власть которых простиралась на весь остров, на многие иные острова и на некоторые части материка»** деген дерегіне қарағанда, Еуразия кеңістігіндегі ежелгі далалықтардың Ұлы Ұлыс орнатуға мүмкіндік алған кезде орасан зор аумақты үшке бөліп

басқаратыны сияқты Атлантида да бір орталыққа бағынған бірнеше патша билік жүргізген тәрізді. Шамасы, сол орталық биліктің, яғни Ұлығ Билеушінің ұйғарымымен Атлантида мен соған көршілес басқа аралдарға және Көне Құрылықтың жартысына билік жүргізіп келген бұл патшалар (*ұлығ және кішік патшалар*) енді Еуропа мен Азияны біржола түгел жаулап алуды мақсат етіп, өзара күш-қуат біріктірген сынайлы. Өйткені абыздың «ұлы да қаһарлы патшалар державасы қалыптасты» дегенінен кейін, іле Солонға оның **«бұл топтасқан күш-қуат бір соққымен сіздердің және біздің елдерімізді құлдыққа айналдырмақ болды»** деген деректі айтуы осындай ой түюге мүмкіндік береді, сонымен бірге бұл сол жойқын шабуылдың мақсатының басқа елдерді жаулап алып, халқын құлға айналдыру екенін де айғақтайды.

Осыдан кейін Саис храмының бас абызы өздеріндегі жазба деректің мәліметі негізінде Солонға атлантидалықтардың біріккен күшінің жаулап алу жоспарларын жүзеге асыра алмай, қарсыластарынан, яғни грек қалаларының біріккен күшінен жеңіліс тапқанын хабарлайды. Сонхес абыз бұл жөнінде: **«Тогда-то, Солон, воинство вашего города доблестью и твердостью прославилось перед всеми людьми. Превосходя всех мужеством и хитростью военных приемов, город ваш то воевал во главе эллинов, то, когда другие отступались, противостоял по необходимости один и подвергал себя крайним опасностям. Но, наконец, одолев наступающих врагов, торжествовал победу над ними, воспрепятствовал им поработить еще не поработенных и нам всем вообще живущим по эту сторону Геракловых пределов безусловно отвоевал свободу»**, - дейді. Осы деректен біз, ең алдымен, бұған дейін ғалымдар тарапынан айтылып келген: «атланттар өз заманында теңдесі жоқ, ерекше ғажап өркениетке жеткен жалғыз ел» деген тұжырымның жаңсақтығына көз жеткіземіз. Өйткені Еуропа мен Азия елдерін жаулап алу мақсатында жасанып келген атланттарды одақтастарымен бірге талқандап, ойларын жүзеге асыртпай тастаған, олардың қарсыластарының, яғни Еуропа мен Азиядағылардың да қара жаяу еместігін аңғару бұдан кейін ешқандай қиындық туғызбайды. Бұлардың да атланттар секілді кезінде үлкен өркениетке қол жеткізген елдер болғандығы айқын. Сол себепті олардың сол кездегі соғысты жүргізу айла-тәсілдері де, қолданған қару-жарақтары да атланттар мен оның одақтастарынан артық болмаса, кем болмаған деуге негіз бар. Бұған ежелгі грек қалаларының әуелде атланттарға қарсы күресте

бірге болған одақтастарының соғыс алаңын тастап, шегініп кетіп, өздерін жау өтінде жалғыз қалдырғанына қарамастан, жеңіске жетіп, тойтарыс беруі дәлел. Абыздың: **«город ваш то воевал во главе эллинов, то, когда другие отступались, противостоял по необходимости один и подвергал себя крайним опасностям»** деуі осыны көрсетеді. Мұның бәрі сол заманда сондай айтулы өркениетке қол жеткізген тек атланттар ғана емес, солармен бірге сондай деңгейдегі басқалардың да, яғни Еуропа мен Азия елдерінің де болғанын айғақтайды. Олардың өркениеттілігі және қай тұрғыдан алғанда да атланттықтардан кем еместігіне ежелгі грек мемлекеттерінің, жоғарыда айтылған, атлантидалықтардың біріккен қарулы күшіне тойтарыс беріп, бұдан бес ғасыр бұрын қарудың басымдығымен Америка үндістерінің ержүрек жауынгер ұландарын қырып-жойып, жаулап алған еуропалықтардың басқыншылығындай сұмдықты жүзеге асыруларына жол бермеуінің өзі-ақ нақты кепілдік береді.

Абыз сөзінің бұдан кейінгі берер келесі дерегі де біз үшін өте маңызды. Онда Сонхес атланттар жеңілісінен соң, көп ұзамай: **«... көз көрмеген жер сілкіністері мен топан су уақыты келген кезде бір ғана сұм тәуліктің ішінде сіздердің бүкіл күш-қуаттарыңыз жігі ашылған жердің құшағына енді. Сөйтіп дәл солай Атлантида да тұңғиыққа батып, жоқ болды. Осыдан кейін ол жердегі теңіз осы күнге дейін саяздығымен, шөгін қалған тұнбаның әсерінен пайда болған аралдың кесірінен кемелер жүзбейтін теңізге айналды»**, - дейді. Бұдан, қазіргі кезде айтылып жүргеніндей, сұрапыл табиғи апаттың тек Атлантида аралында ғана болмағанын, тек соларды ғана жалмап тынбағанын, оның зардабын бүкіл жершары түгел бірдей тартқанын көреміз. Егер олай болмаса, Сонхес: **«...когда происходили страшные землетрясения и потопаы, в один день и бедственную ночь, вся ваша воинская сила разом провалилась в землю»**, - дегенді айтпас еді және онысын: **«Сөйтіп дәл солай Атлантида да тұңғиыққа батып, жоқ болды»** деп, нақты дерекпен тиянақтамас еді. Мұндағы абыздың: **«вся ваша воинская сила разом провалилась в землю»**, - деп отырғаны атланттарға қарсы күреске шығып, жеңіске жеткен грек қалаларының жауынгерлері және олардың да сол сұрапыл табиғи апаттың атланттар сияқты құрбандығы болғандығы екені кім-кімге де түсінікті болса керек. Бұл – сол кездің тарихи шындығын дұрыс тануға қызмет ететін өте маңызды дерек.

Осы орайда жастау кезімде оқыған үнді ғалымы Тилактың бір кезде «Бізге беймәлім орасан зор құдыретті күштің әсерінен Жер өзінің осінен (кіндігінен) ауытқып барып, қайта орынына түскен. Осы ауытқу кезінде бұрынғы солтүстік, оңтүстік полюстер қазіргі экватормен, ал бұрынғы экватор қазіргі солтүстік, оңтүстік полюстермен орын алмастырған. Қазіргі Арктика мен Антарктиданың мәңгі мұзының астында бір кезде қайнаған өмір, дамыған өркениет болған»¹ деген болжамы ойға оралады. Бірақ кезінде ғылым бұл болжамға мән бермеген еді. Енді, міне, қарап отырсаңыз, уақыт өзгеріп, ғылым дамып, техника жетіліп, соның арқасында бұрынғы беймәлім болып келген құпиялардың тылсым сыры ашыла бастаған қазіргі заманда үнді ғалымының сол болжамының негізсіз еместігі айқындала бастағандай. Кейінгі космостан зерттеудің нәтижелерімен бірге жер бетінен табылған көзбен көріп, қолмен ұстар нақты айғақтар да біраз жұмбақтың шешуін табуға көмектесіп отыр. Соның бірі - 1929 жылы табылған түрік флотының аты тарихқа белгілі адмиралы Пири Реистің 1513 жылы қолданған картасы. Картада Африканың батыс жағалауы, Оңтүстік Американың шығыс жағалауы және қазіргі мәңгілік мұз басып жатқан Антарктиданың солтүстік беті бейнеленген.

Міне, осында қазіргі мұз құрсаңған Антарктида құрылығы кәдімгі көкжелек жамылған, жап-жасыл жер етіп көрсетілген. Қазіргі ғылымға Антарктиданың өзі Пири Рейс өмір сүрген кезден кейін 300 жылдан соң танылса, түрік адмиралы пайдаланған картаны жасаушылар бұл мәліметті қайдан алған? Үлкен жұмбақ!

Ал Антарктиданы зерттеген кейінгі ғалымдар болса, осы деректің шындығына үн қосқандай, онда, яғни Антарктидада осыдан 6000 жыл бұрын «Мод корольдігі болған» дегенді айтады. *(Мұның символдық таңбалардың дұрыс оқылмауынан сәл өзгеріске түскен, жоғарыда айтылған, Джеймс Черчвардтың «Му мемлекеті» немесе соның отары болуы да бек мүмкін. Қ.С.)*

Осы мәселеге қатысты өз пікірін білдірген зерттеуші Б. Бейсенбай: «қазіргі біздің білуімізше ең алғашқы өркениет орындары, мысалы, Месопотамияда Шумер, Кіші Азияда Хаттар, Африкада Египт бұдан 5000 – 6000 жылдардың арасында пайда болған. Ал негізгі дамыған өркениеттің белгілері х.э. дейінгі 3000 жылдардың маңайында басталады. Бірақ онда да олар жер шарын шарлап, картаға

¹ Бұл түпнұсқадан нақты көшірілген дәйек сөз емес, есімде қалған мазмұн мағынасы ғана екенін ескертемін. Қ.С.



Адмирал Пири Реистің 1513 жылы қолданған картасы.



1587 жылы Герард Меркатор жасаған әлемнің картасы. Арктикадағы аралдар табиғаты басталғанға дейін.



Арктика табиғи апатқа дейін.



Арктика табиғи апаттың бастапқы кезеңінде.

түсіре алатындай деңгейге жете қоймаған секілді. Сонда шумерлер мен египттіктерден мың жыл бұрын ғаламның картасын жасаған кімдер?», - деп сұрақ қойып, оған: «Бұл қазіргі ғылым үшін шешілмеген жұмбақ» деп жауап береді (Бейсенбай Б. «Атланттар туралы аңыз бен ақиқат». Ас. 2014. 48-б.). Солай дей тұрғанмен, автордың кейінгі дәйектеулері, оның өзі ашып айтпағанымен, ондай картаны жасаушыларды «атланттар» деп білетінін айғақтайды. Мұның солай болу мүмкіндігін біз сондай-ақ есімдері әлемге әйгілі Ян Бушмехерс, Герард Меркатор және Оринт Финей секілді ортағасырлық картографтардың бір-бірімен байланыссыз жасаған Арктика картасынан да көреміз. Өйткені бұл карталарда да қазіргі қалың мұз астында жатқан Солтүстік полюс өзендері ағып жатақан құрылық ретінде көрсетілген. Ортасында ішкі теңіз қоршаған биік тау бар. Осы тауды қоршаған ішкі теңізден төрт өзен ағып шығып,

құрылықты төрт бөлікке бөлген. Сол секілді әйгілі географтардың карталарын зерттеген ғалымдардың арктикалық аралдардың бұдан 10-12 мың жыл бұрын Еуразиядағы Таймыр жартыаралы мен Америкадағы Канаданың арктикалық архипелагын бір-бірімен жалғастырып жатқан деген қорытындыға келулері де осы бәріне ортақ бір шындықты айғақтап тұрғандай.

Осы орайда жоғарыда айтылған тұжырымдар мен болжамдардың бәрін бір арнада түйістіріп, зерделей қараған жан бір кезде «Атлантида» деген құрылық-аралдың болғандығына көз жеткізумен бірге, оның жойылып кетуіне себепкер болған сұрапыл зілзаланың тұтас жершарын түгел шайқап, жер бетінде орасан өзгерістер жасағанын да байқар еді. Саис храмында сақталған көне жазбаның Египет абызының ауызымен айтылған: *«... көз көрмеген жер сілкіністері мен топан су уақыты келген кезде бір ғана сұм тәуліктің ішінде сіздердің бүкіл күш-қуаттарыңыз жігі ашылған жердің құшағына енді. Сөйтіп дәл солай Атлантида да тұңғыққа батып, жоқ болды»* деген дерек, сол куәлікке басылған мөр секілді. Осыдан кейін біздің Жарты Шарда жердің жігін ашып, атланттарды жеңген гректердің бүкіл күш-қуатын жалмаған апаттың дәл солай, дәл сол «бір сұм тәуліктің ішінде» Атлантиданы да тұңғыққа батырып жоқ қылып отырғанына күдіктенуге бола ма?!. Демек, дүниежүзілік орасан апатқа дейін бүгінгі «мәңгілік мұз басқан» деп жүрген Солтүстік Арктикада бір кездерде қайнаған өмір болғаны да шындық қой. Сол секілді бүгінгі бізге жұмбақ дүние болып келген гректердің Гипербореясының да, Египт абызының Солонға айтқан Атлантидасының да, Джеймс Черчвардтың Му контнентінің де, парсылардың Эранвезінің де, үнділердің Шведатвипасының да, шумерлердің Дилмунының да - бәрі-бәрінің де дүниежүзілік апат алдында өркениеті өрге басып, дәуірлеген елдер болғаны тарихи шындыққа айналмай ма?!

Иә, олардың бәрі де бір кезде, Египт абызының сөзімен айтсақ, «бір сұм тәуліктің ішінде» дүниежүзілік алапат зілзадан кейін жойылған, жоқ болған. Бұл мерзім - ғалымдардың ортақ пікірінше, христиан эрасына дейінгі 12 000 жылдардың шамасы.

Рас, қазіргі ғылым мұның бәрін ғылыми тұрғыдан мойындап, нақты айқындығын әлі алға жайған жоқ. Бірақ жекелеген ғалымдардың зерттеулерінде бұлардың бос қиялдан туған жалаң аңыз еместігіне иландырар нақты деректер баршылық. Олардың бәрін бірдей жоққа шығару мүмкін де емес. Мысалы, саналы ғұмырын Му

өркениетінің болғанын және оның қалай жойылып кеткенін анықтауға арнаған британ әскерінің полковнигі Джеймс Черчвард сол Му мемлекетінің кем дегенде елу мың жыл өмір сүргендігін дәлелдеу мақсатында біраз жанама деректерді алға тартады.

Колумбка дейінгі Америка өркениетін зерттеудегі алғашқылардың бірі Огюст Ле Плонжо (1825- 1908) Юкатанның көне қаласы Чечен-Ицедегі Кхан (Хан) патшаның үлкен ұлы, майя елінің бас абызы Каяның (Кайдың) мавзелейінің ортасынан он екі басты жыланның бейнесі мен осы бейненің Кхан әулетіне дейінгі жалпы жиынтығы 18 000 жыл майя халқын билеген он екі әулеттің сиволы екенін айғақтайтын жазуды тапқан. Бұл ретте бізге «Троан Манускриптінің» мәліметі бойынша Кхан әулетінің соңғы патшасының одан 16 000 мың жыл кейін өмір сүргені белгілі. Сонда осы деректерде көрсетілген екі мерзімді (18000+16000) қоссақ, Майя патшалығы Кхан әулетінің билігі құлағанға дейін 34 000 мың жыл өмір сүрген болып шығады. Бұл бізге белгілі деректер бойынша. Мұның сыртында билігі 18000 жылға созылған он екі әулеттің болғанын айғақтайтын жазу Япониядан да табылған. Сондай-ақ билік жүргізген мерзімі 18000 жылға созылған он екі патша әулеті жөнінде көнеүнді храмдарынан табылған тас тақтайшалардағы жазулар мен қолжазбалар да нақты мәлімет береді. Осыларға Джеймс Черчвард айтатын он екі патша әулеті жөніндегі Индия мен Қытай аңыздарын қосыңыз. Тек, бұл арада, бір ескерерлік жай: осылардың ішінде Чечен-Ицеден басқа деректердің ешқайсысында он екі патша әулетінің нақты кімдер екені аталмайтыны. Мұны да есте ұстаған жөн.

Африка елі тарихының атасы деп есептелінетін египттік абыз Манефон өзінің папирустарының бірінде «Атлантида Даналарының билік жүргізуі 13 900 жылға созылды» деген дерек береді¹. Осыны ғалымдардың Атлантиданы мұхит астына кетті деп көрсететін мерзімі 12 000 жылға апарып қоссақ, сонда Атлантиданың да кем дегенде 25 000 жыл өмір сүргені анықталады. Бұл жанама деректер де дүниежүзілік апатқа дейін бір-бірімен сабақтаса жалғасып, сан мыңдаған жылдар бойына қатарласа, тартысып таласа өмір сүрген үлкен өркениеттердің болғанын жоққа шығармайды.

¹ Бұл деректі де Манефонның ежелгі Египет храмдарының бірінде сақталған жазбаның мәліметіне сүйеніп айтып отырғанын аңғаруға болады.

Міне, осы жоғарыда айтылғандардың бәрін бір арнада тоғыстырып, соның нәтижесіне сүйене отырып, пайымдау бағытын негізгі тақырыбымызға қарай бейімдесек, аты аңызға айналған Атлантиданы ендігі жерде «болған ба, болмаған ба» деп, оған күдіктене қаруадың еш қисыны жоқ сияқты. Атлантида болған! Африка абызы айтқан бұрын-соңды болып көрмеген сұрапыл зілзаланың салдарынан із-түзсіз жоғалған! Сондықтан алдағы уақытта палеографтар, геологтар, тарихшылар, лингвистер, генетиктер және басқа да осыған қатысы бар ғылым салаларының білікті түрлі мамандары күш біріктіріп, жоғалған өркениеттің шынайы тарихын жан-жақты зерттеуге кіріскені жөн бе дейміз. Ғылыми орта осылай күш біріктірсе, қазіргі жетілген ғылымның өткеннің тұңғығында жатқан талай құпияның сырын ашып, жалғанның жарығына шығарып, ортақ тарихымыздың шынайы жазылуына жол ашылар еді. Кейінгі кездің бір жаңалығы - Испания жағалауынан суға батқан қаланың орынының табылуы да үміт отын тұтата түседі. Өйткені ғалымдар оны Атлантиданың астанасы Атлас қаласы болуы мүмкін деген жорамал айтуда. Сондай-ақ Куба жағалауынан атақты Бермуд ұштағанына жақын тұстан тағы бір суға батқан үлкен қала құрылысының орыны анықталған. Бұрын ғалымдар жер бетіндегі алып пирамидаларды атланттар салды дегенді айтатын. Міне, осы Куба жағалауынан табылған қала құрылысының ішінде ерекше үлкен төрт пирамида бар көрінеді. Олардың біреуі, тіпті, шыныдан жасалынған дейді. Оның көлемінің үлкендігі Египеттегі атақты Хеопс пирамидасынан да асып түсетінге ұқсайды. Ал мұның бәрі зерттеушілер үшін ортақ тарихымыздың ақтаңдақтарын толтыруға мүмкіндік берер жаңалықты жана деректердің қоймасы тәріздес. Тек сол қойманы ашар кілт тезірек табылғай делік.

Сонымен, ерте замандарда Атлантиданың болғанын және оның дүниежүзілік орасан зор зілзаланың салдарынан мұхит суының астына кеткенін тарихи шындық ретінде қабылдау мүмкіндігіне ие болғандаймыз. Енді бізге қалатыны өз заманында сондай гүлденген өркениетке қол жеткізіп, «таңданарлық патшалар одағын» құрып, Еуропа мен Азияны жаулап алуға күш біріктіріп, шабуыл жасап жүрген «атланттар» деп жүргеніміз кімдер? Олар қазіргі жер басып жүрген бүгінгі адамзат баласынан тегі бөлек ерекше жандар ма, жоқ, әлде осылардың бірімен нәсілдес, бауырлас жұрт па? Бауырлас болса, олар кімдер? Сондай-ақ олардың «түріктектес» деп аталатын халықтарға қатысы бар ма? Бар болса, оны қазіргі таңда өзі түгілі ізі

де қалмаған атланттардан қандай айғақ тауып, дәлелдеуге болады? Енді осы сауалдарға жауап іздеп көрелік.

Бұл ретте, ең алдымен, шешілер мәселе - алапат апаттан жер бетінде атланттардан ұрпақ жалғастырар тұқым қалды ма, жоқ, әлде олардың бәрі мұхит суының астына кеткен арал-континентпен бірге түгі қалмай түгел құрдымға кетті ме деген сұраққа жауап іздеген жөн. Бірақ оған «қалды», «қалмады» деп бір сөзбен жауап беру мүмкін емес. Өйткені олай деп нақтылауға мүмкіндік берер ешқандай нақты дерек жоқ. Сондықтан қалайық, қаламайық, бәрібір естен өшкен ескі замандардан мәлімет берер мифтер мен аңыздардың дерегіне, осыларға қатысты жекелеген ғалымдардың болжамдарына сүйенуге мәжбүрміз.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, алдымен, тілге тиек етіп, жүгінеріміз, жоғарыда сөз болған, атланттар жөнінде кейінгілерге жеткен алғашқы деректі беруші Египеттегі Саис храмының бас абызы Сонхестің гректің атақты даналарының бірі Солонға айтқандары болмақ. Онда ол: *«Атлантида» деп аталатын осы аралда басқа аралдарға және құрылықтың жарытысына билігі тараған таңданарлық ұлы патшалардың одағы пайда болды. Сөйтіп олар бұғаздың бергі жағында Ливиядан Египетке дейін, Еуропадан Тирренияға дейін иеленді. Бұл топтасқан күш-қуат бір соққымен сіздердің және біздердің елдерімізді құлдыққа айналдырмақ болды»*. - деген дерек берген. Бұл деректен атланттардың өз заманында тек Атлантида аралында ғана емес, сонымен бірге іргелес «құрылықтың жартысына» билік етіп, сонда олардың белгілі бір бөлегінің өмір сүргенін де көреміз. Олай болса, Атлантида түгелдей құрдымға кеткенімен, басқа құрылықта өмір сүріп жатқан атланттардың бұл қырғыннан аман қалуы әбден мүмкін ғой. Оны теріске шығарар басқа дерек те жоқ. Сол себепті Сонхес абыздың айтқандары атланттардың түгел жойылып кетпегенін, олардан белгілі дәрежеде ұрпақ жалғастырар тұқым қалғанын куәлендірер бірден-бір дереккөзі болмақ.

Осы арада айтылар ойда екіұштылық болмас үшін басын аша кетер бір мәселе бар. Ол - жоғарыда талдауға талшық еткен Египт абызының сөзіндегі «құрылықтың жартысына билігі тараған» деген дерегіне қатысты. Абыз өз сөзінде атланттар жартысына билік жүргізген құрылықтың қай құрылық екенін ашып айтпаған. Тек «басқа аралдармен бірге құрылықтың жартысына билігі тараған» дейді. Осыдан келіп зерттеушілер арасында әркім өзінше түсіндірген кереғар пікірлер туындаған. Мысалы, соңғы зерттеулердің бірі,

«Атланттар туралы аңыз бен ақиқат» атты еңбектің авторы Б. Бейсенбай бұл құрылықты «Америка құрылығы» деп түсіндіреді. Сол себепті ол осы орайдағы өз ойын: **«Демек, Америка құрылығының жартысы атланттарға қараған»**, - деп түйіндейді (Бейсенбай Б. *«Атланттар туралы аңыз бен ақиқат»*. Ас. «Фолиант» баспасы. 2014. 55-56 – бб). Бірақ, біздің пайымдауымызша, автор бұл ретте атланттарды түпкі тегі түріктетес халықтардан екені ДНК зерттеулері арқылы нақты анықталған майялардың арғы аталары деп қабылдаған өз түйсігінің ықпалымен кетіп, негізгі айғақ Египт абызының атланттар жартысына билік жүргізген құрылықтың қай құрылық екенін Солонға ашып айтқан келесі сөзіне мән бермеген секілді. Онда абыз: **«Сөйтіп олар бұғаздың бергі жағында Ливиядан Египетке дейін, Еуропадан Тирренияға дейін иеленді»**, - деп, атланттар билік жүргізген құрылықтың Америка еместігін ап-анық көрсеткен ғой. Бірақ бұл айтылғандар абыздың «құрылықтың жартысы» деп отырғаны, біз айтқандай, Америка болмаған күннің өзінде, онда атланттар болмады дегенді білдірмейді. Өйткені Атлантида апатқа ұшыраған кезде оның Америка құрылығы жақ жағалауларындағыларының бассауғалып сонда бару мүмкіндігін ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Бұлай ойлауға негіз де бар және ол жалғыз да емес. Оның біріншісі – КСРО Ғылым Академиясы шығарған «Әлем тарихының» (*«Всемирная история»*) I-ші томындағы Американың ежелгі тұрғындары жөніндегі антропологиялық зерттеулерге негізделген: «Установлено, что американские индейцы по своему физическому облику ближе всего стоят к монголоидам. Их сближают прямые и жесткие волосы, слабый волосяной покров, относительно выдающиеся скулы» [1, 83], - деген дерегі. Мұндағы совет ғалымдарының тегін «монголоид» деп танып отырған үндістері түріктетес майя халықтарының кечуя, сиу секілді тайпаларының арғы аталары екенін және олардың түрік тілінің қыпшақ диалектінде сөйлегенін кейінгі зерттеушілердің (Отто Рериг, Ю. Кнорозов, А. Кармуллин, О. Сүлейменов, А.Ахметов және т.б.) лингвистикалық нақты деректер арқылы дәлелдеп бергені қазір жұрттың бәріне белгілі.

Екіншісі - Му мемлекетінің тарихын зерттеушілер атап көрсеткеніндей, дүниежүзілік сұрапыл зілзаладың болатынынан алдын ала хабарланып, дер кезінде дайындық жасағандардың қашып құтылып, Америкаға да, Азияға да барғандығы. Мысалы, Му тарихын арнайы зерттеген Джеймс Черчвард бұл ретте: «Му елінің

патшайымының қабірін зерттеп, сонда табылған жазуды оқыған археолог Ле Плонжоның: **«первосвященник Страны Му пророчествовал ее гибль, и некоторые, прислушавшись к предсказанию, покинул эти земли, отправились в колони и так спаслись»** деген дерегін келтіреді. Атлантидалықтардың да бір бөлігінің осы мулықтар секілді алдын ала хабарланып, апаттан аман қалуы және олардың Америка құрылығы жақ беттегілерінің сонда баруы әбден мүмкін екендігін біз де жоққа шығара алмасaq керек.

Мұның бәрі әңгіменің өрбу жүйесіне қарай айтылып жатқан қисындық тұжырымдар. Сондықтан бұларды нақты тарихи дерек ретінде қабылдау қиын. Бірақ, солай дей тұрғанмен, бұлардың атланттарға қатысты басқа жанама деректерді жандандыруға, аңыз айғақтарын анықтауға септігі тиетінін де ескермеске болмайды. Жалпы ғылым ақиқатын ашып, алға жаймаған кезкелген мәселенің шындығына жету үшін ізденушінің ізденіс барысында соған қатысы бар мәліметтің қай-қайсысында назардан қағыс қалдырмай, таным таразысына тартып, құндылық салмағын өзінше анықтауға ұмтылуы табиғи заңдылық. Атланттардың түріктетес халықтарға қатысы бар-жоғын анықтау барысында біз де осы заңдылықты сақтауға мәжбүрміз. Көпшіліктің көзін жеткізер талассыз нақты тарихи дерегіміз болмағандықтан, көне заманнан жеткен миф деректерінен, халық жадында сақталған аңыздардың берер мәліметтерінен шындық дәнін іздеп табу парыз. Бұл ретте, алдымен жүгінеріміз, хатталып қағазға түскен миф деректері екені де мәлім. Соның ішінде, әрине, жалпы жұртқа кеңінен белгілі грек мифологиясының деректеріне назар аударылатыны да шындық.

Ежелгі грек мифологиясының деректері бойынша ғаламдық хаостан Аспан мен Жер жік ашып, бөлініп шыққанан кейін аспанның құдайы Уран мен жер құдайы Геяның жұптасуы нәтижесінде Океан, Кой, Крий, Гиперион, Иапет, Кронос атты алты ұл және Тефида, Феба, Мнемосина, Тейя, Фемида, Рея атты алты қыз титандар өмірге келеді. Мұның сыртында жер-ана Гея аспан-ата Ураннан үш киклоппен үш жүзқолдыны жарық дүниеге әкеледі. Бірақ соңғы алтауы көруге ұсқынсыз, құбыжық кейпінде болғандықтан, Уран олардың бәрін сырт көзге түспеуі үшін жер астына қамап тастайды. Ал қалған балалары өсіп, ер жетіп, бір-бірімен некелесіп, құдайлардың үшінші ұрпағына өмір сыйлайды.

Ұсқынсыз балаларын жер астына қамап, жанын қинағанына төзе алмаған жер-ана Гея кенже баласы Кроносты үгіттеп, әкесі

Уранды өлтіруге көндіреді. Содан Кронос шешесінің көмегімен әкесін өлтіріп, титандар арасында өзі бас құдай болады.

Кронос ата-анасының кенжесі - қарындасы Реяға үйленген болатын. Ол өзінің әкесіне жасағанын қайталып көзімді жояды ма деген қауіппен осы Реядан туған балаларының біреуінің де өсуіне мүмкіндік бермей, туысымен жұтып қоя береді. Осыдан зәрезат болған Рея кенжесі Зевсті туар кезде жасырынып Крит аралына барып, Дикта тауының бір үңгірінде босанады да, оны бағуды куреттер мен корибанттарға тапсырады. Өзі күйеуін алдап, жаңа туған сәбиім деп, жаялыққа тас орап, оны Кроносқа жұтуға береді. Сөйтіп Зевс аман қалады.

Зевс өскеннен кейін әйелі Фетиданың жасаған дәрісін әкесіне ішкізу арқылы оны құстырып, Кроностың асқазанында қамауда тұтқында жүрген бауырларын түгел бостандыққа шығарады. Сөйтіп солардың көмегімен әкесі Кроностың тағын тартып алып, құдайлардың үшінші ұрпағын билік басына әкелуге кіріседі. Офрий тауын мекендеген титандар мен Олимп тауын мекендеген Зевстің бауырларының арасында қырғын соғыс басталады. Жер-ана Геяның ақылымен баяғы аспан-ата Уранның жер қойнына қамап қойған үш киклоп пен үш жүзқолдыларды босату арқылы табиғаттың дүлей күштеріне ие болған Зевс солардың көмегімен «Титаномахия» деп аталып, он жылға созылған осы соғыста жеңіске жетеді. Қарсы күрескен титандардың бәрін Тартарға (*өлілер мекеніне*) жіберіп, оларды жүзқолдыларға күзеттіріп қояды. Осыдан бастап Зевс құдайлар мен адамдардың әкесі – ең жоғарғы құдай деп танылып, Олимп құдайларының дара басшысына айналады.

Міне, ежелгі грек мифологиясындағы құдайлар дәуірінің алғашқы үш ұрпағының шежіресі тарқата айтпай, түйіп айтсақ, осылайша баяндалады. Осындағы құдай балаларының ішінен тек кенже ұлдың ғана билік басына келуі - түрік халықтары арасында ежелден қалыптасқан бұлжымас заң іспеттес «кенже бала – қарашаңырақ иесі» деген дәстүрдің бастау негізі секілді көрінеді. Ой тиянағы үшін салыстырып көріңіз. Мысалы, ежелгі скиф аңызында түріктердің түп атасы деп есептелінетін Тарғытай деген кісінің Липоксай, Арпақсай, Қолақсай деген үш баласы болады. Соның кенжесі Қолақсай бүкіл скиф елінің патшасы болады. Сол секілді ежелгі грек аңызында Гераклдың оныншы ерлігі - Геринның сиырларын әкелуге барған сапарында скиф даласында басы адам, денесі жылан қызға кездесіп, содан Агафрис, Гелон, Скиф атты үш

бала көреді. Мұның да кенжесі Скиф патша болған. Бүкіл түрік халықтары соның ұрпақтары делінеді. Бұған халық ертегілеріндегі «қара шаңырақ иесі» кенже балалардың бай болып, патша болып барша мұратына жетіп жататын толып жатқан оқиғаларын қосыңыз! Осылардың бәрі жәй бір кездейсоқ ұқсастықтар емес, нақты бір белгілі заңдылықтың, сонау есте жоқ ескі заманда басталып, содан үзілмей сабақтаса жалғасып, бүгінге жеткен түркілік дәстүрдің ортақтастығын көрсетіп тұрғандай.

Мұның сыртында түрік халықтарының ататек таратқан байырғы көне шежірелерінде «Түріктің түп атасы» деп танылған Иапет (Яфет, Яфес) есімді адамның грек мифологиясында «Атланттың әкесі» ретінде көрсетілетіні де, Атланттың анасының есімінің «Азия» аталуы да, сондай-ақ кейінгі зерттеушілер түріктер екенін жан-жақты дәлелдеп берген гиперборейлермен Атланттың тығыз байланыста болуы да оның және солай екеніне одан әрі сендіре түсетіндей. Оқырманға түсінікті болуы үшін енді осы айтылғандарды ой таразысына тартып, мүмкіндігімізге қарай пайымдап көрелік.

Ежелгі грек мифологиясы бойынша: Иапет - жер-ана Гея мен аспан-әке Уранның алты ұлының бірі. Гея мен Уранның өзге балалары ретімен өздерінің бірге туған қарындастарына үйленіп жатқанда, ол океанид Азия (Асия) есімді қызға үйленеді. Одан Атлант, Менетий, Прометей, Эпиметей атты төрт ұл көреді. Титаномахия соғысында Зевске қарсы күрескен Иапет екінші баласы Менетиймен бірге сонда қаза табады, яғни Зевс оларды Тартарға жібереді [2, 226]. Түрік шежіресі бойынша: Иапет - Нұх пайғамбардың үш баласының бірі. Дүниежүзілік Топан Су тасқынынан аман қалғаннан кейін Иапет әкесінің әмірімен Еділ мен Жайық өздерінің жағалауларына барып, сонда ұрпақ жайып, екі жүз елу жыл өмір сүріп, бұл жарық дүниемен қоштасады. Артында Түрік, Хазар, Сақлаб, Рус, Миң, Чин, Кеймари, Тарих есімді сегіз бала қалады¹. Түрік осы балаларға патша болады [3, 16].

Аңыздық шежіре бастаулары осылай таратылады. Бұдан осы грек-түрік аңыздарындағы Иапеттерді бір тұлғаға біріктіріп, оны түріктердің түп атасы дегізгерлік екеуінің тек аттастықтарынан басқа

¹ XIX ғасырдың авторы Муса Сайрами өзінің «Тарихи Хамиди» атты еңбегінде «Иапеттің Чин, Сақлап, Гумади, Түрк, Халаж, Хариз, Рус, Садсан, Харба, Рух, Мұңшаш атты он бір перзенті болды» деген дерек береді (Муса Сайрами. «Тарихи Хамиди». Алматы. 2014. 31-б.).

ешқандай тиянақ табу қиын. Екеуінің әке-шешелерінің де, балаларының да есімдері бір-біріне үйлеспейді, әр түрлі. Бірақ бұл олардың бастан кешкен оқиғаларының болмысына бойламаған, сырт қараған жанға ғана солай. Ал олай болмай, аңыз оқиғаларының әр дерегіне мән беріп, байыптай қарасақ, екі Иапеттің бір адам болу мүмкіндігі көбейіп, айырмашылықтың тек ауызша тарихтың алысты жақындатып, немесе жақынды алыстатып жіберетін жаңсақтықтарының салдарынан болып тұрғанын аңғару онша қиындық туғызбайды. Қараңыз: екі аңыздың да оқиғалары Дүниежүзілік Топан Суға қатысты өрбиді. Айырмашылығы: Иапет – грек аңызында адамзат баласының тұқымын құтқарып қалушының **атасы** (*Уран, одан Иапет, одан Прометей, одан кеме жасап адамзат баласын Топаннан құтқарған Девакалион*); ал түрік аңызында: **баласы** (*адамзат баласын Топан судан құтқарған Нұх, одан Иапет*). Грек аңызы бойынша: Зевс Иапеттің балаларын жазалағанда Атлантты ежелгі түріктетес халықтардың мекені – гиперборейлер жерінде аспан күмбезін көтерткізіп қойса, Прометейді Кавказ тауының скифтер иелігіндегі шыңға бұғаулап тастайды. Мұндағы «скиф» деп аталған халықтың ежелгі түріктер екені қазір тарихтан хабары барлардың бәріне мәлім. Ал түрік аңызы бойынша: Иапет топан судан кейін қазіргі зерттеушілердің анықтауынша тарихта «алғашқы түрік мемлекетінің шаңырағы көтерілген жер» деп танылған Еділ мен Жайық өзендерінің бойына барып қоныс тебеді. Сол арада өсіп-өніп, тұқымы іргелі халыққа айналады. Бұларға керісінше, Иапеттің балаларынан басқа мифтік құдайлар мен пайғамбарлардың бір де біреуінің ұрпағы ежелгі түрік жерінде болмаған. Ондай деректі не гректің, не түріктің мифтік аңыздарынан кездестіре алмайсыз.

Міне, осылардың бәрі бірін-бірі толықтыра келіп, бір кездерде айтарлықтай өркениетке қол жеткізіп, дәуірлеп тұрған шағында дүниежүзілік орасан апатты зілзаланың салдарынан із-түзсіз жоғалып кеткен аңыз ел - Атлантида тұрғындарының кімдер екенін нақты айқындап бермегенімен, олардың да түріктетес халықтардың арғы ата-бабаларымен қандай да бір қатынаста болған деген ойдың орнығуына ықпал етері хақ. Ал бұл өз тарапынан санада қалыптасып қалған көне қағидалардың шеңберінен шығып, жаңа ізденістерге өріс ашпақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Всемирная история*. Т. I. М. 1956.
2. *Мифологический словарь*. «Советская энциклопедия». М. 1991.
3. Абуль-Гази Багадур-хан. *Родословное древо торков*. М.-Т.-Б. 1996.

ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

ӘОЖ 306.4

ҚУАТТЫ МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ ТІЛДІК ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІ САҚТАУДА ПАТРИОТТЫҚ РУХТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

LINGUISTIC IMPACT OF DOMINANT CULTURES AND IMPORTANCE OF PATRIOTIC SPIRIT IN PRESERVATION OF NATIONAL TRADITION

БОТАКӨЗ ҚҰЛЖАЕВА*

Түйіндеме

Автор өз мақаласында қуатты мәдениеттердің даму барысында айналасындағы өзге мәдениетке тигізер әсері мен өзара болатын байланысы туралы баяндайды. Тарихқа көз жібере отырып көптеген елдерде орын алған екі немесе үш тұғырлы тіл саясатының қолдану себептері, жергілікті халық тілімен қатар сырттан әсер еткен өзге мәдениеттің салдарынан орын алатын бірнеше тілдің қатар қолдану себептерін ашуға тырысқан. Түркі жұртында да бұрын араб, парсы тілдерінің кең қолданыста болғандығына жан-жақты тоқталады.

Кілт сөздер: мәдениет, тарих, үш тұғырлы тіл, түркі жұрты, араб және парсы тілдері.

Summary

In the article author regards how dominant cultures in the process of development influence to other cultures and how these cultures correlate with each other. History shows that there existed many bilingual or trilingual countries. The author tries to reveal preconditions of formation of this phenomenon. Along with it she analyzes the situations when in one state along with native languages acts other languages as a result of influence of foreign cultures. As an example of such situation it was considered Turkic people who could spoke either in Arabic and Persian.

Key words: cultures, History, languages acts, Turkic people, Arabic and Persian.

Тіл – қатынас құралы. Сөйлесу арқылы адам бір-бірін ұғынады, түсіну арқылы өзіне қажетті нәрсені айтады, ойға алған ісін жүзеге асырады. Бір-бірін ұғынысу арқылы ортақ мәдениет қалыптасады. Әлемнің түкпір-түкпірін мекен еткен мыңдаған ұлттар мен ұлыстар,

* ОҚО Шымкент қалалық Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Шымкент-Қазақстан.
Teacher of Kazakh Language and Literature, Nazarbayev Intellectual School with Physics and Mathematics direction Shymkent city, South Kazakhstan Region. Shymkent-Kazakhstan.

жекелеген ұсақ этностар да өзіне лайықты мәдениет қалыптастырды, тұрмыстық деңгейі мен орналасқан аймағына ыңғайлы салт-дәстүрін түзді. Сол бір мәдениет астында ғасырлар бойы ұйысқан, атадан-балаға мұра болып сақталып келген әркімнің өз тілі мен дәстүрі әрқашанда әркімнің өзінің жанына жақын, көзіне ыстық боп тұрады. Бұл турасында антика кезінде өмір сүрген тарихтың атасы Геродоттың өзі мынадай тұжырымға келген: «Егер халық біткенге әлемдегі барша әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің ішінен ең озығын таңдауға ерік берілер болса, онда әрбір халық мұқият елеп-екшей келіп өздерінің әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін таңдаған болар еді» [1, 14].

Әр халықтың салт-дәстүрі, қалыптасқан әдет-ғұрпы өзіне ыңғайлы. Ғасырлар бойы ата дәстүрді жалғастырып, атадан-балаға мұра ретінде қалдырып келген. Алайда, адамзат баласы тек өзімен-өзі ғана болып томаға-тұйық өмір сүре алмаған. Бір ел екінші елмен қарым-қатынасқа түсу арқылы дамыған. Бірінде жоқты бірінен алу, бірінен бірі үйрену арқылы дамудың келесі сатысына қадам басып отырады. Адамзат баласы өркениетке құлаш ұрып, қарқындап дами бастаған кезден бастап артта қалған, көшке ілесе алмай жатқан ұсақ этностар өмір сүруін тоқтатып, тасқынды мәдениет ішінде тілімен қоса өздері де жұтылып кетіп жатыр. Қай дәуірде болмасын мәдениеті жақсы дамыған елдер енді ғана дамудың жолына түскен өзге халықтарға мейлінше өз ықпалын жасап отырады. Яғни дамыған қуатты ел әлсіз елдерге өз өктемдігін жүргізеді.

Өз мәдениеті толысып қуатты елге айналғанға шейін өзінен қуатты елдің мәдениеті аясында өзіне қажетті ақпарат пен білімді бойына сіңірумен болады. Бұл барлық дамыған елдердің басынан кешірген құбылыс екендігін көреміз. Кезінде әлемді аузына қаратқан талай империялар мен қағанаттар өмірге келді, бірнеше ғасыр үстемдік жүргізген соң күйреуге ұшырап отырды. Соның негізінде басқа тайпалар күшейіп оның орнын басты, ескінің орнына жаңа мәдениет келді, жаңа құндылықтар ескінің орнын басып жатты. Мәңгілік ештеңе жоқ, алайда мәдениеті күшті халықтар кейін әлемдік деңгейге жайылатын діни түсінікті дүниеге алып келіп отырды. Осылайша адамзатқа ортақ құндылықтар қалыптасты. Діни түсінік негізінде қалыптасқан мәдени құндылықтардың күштілігі сондай ғасырлар бойы жайқалып тұрған талай мемлекеттер мен халықтар сол мәдениетке жұтылып отырған. Ислам діні орныққаннан соң айналасындағы жиырмаға жуық мемлекет өз тілінен айырылып ассимиляцияға ұшырады, араб тілді халыққа айналып шыға келді. Алыс жердегі

халықтардың өзі осындай қуатты мәдениетке магнитше тартылып жатты.

Кезінде әлемді тітіреткен түркі жұртының өзі айналасындағы мәдениеті жоғары халықтардың ықпалынан шыға алмай қалған кездері болды. Шыңғыс ханның немересі Құбылайдың ұрпағы Қытай мемлекетін билеген тұстан бастап уақыт өте келе қытайлана бастады, ақыры сол халыққа айналды. Ұдайы ат үстінде жүрген түркі жұрты әлемнің талай жерін жаулағанымен алдынан шыға беретін қуатты мәдениетке қарсы төтеп беру әрқашан да оңайға соқпаған. Жаулап алу қиын, сол жаулап алған елдің мәдениетіне ықпал ету одан да қиын екендігін жақсы түсінген. Тарихи жәйттерге көз салып қарасақ ата-бабаларымыз ылғи да үш тұғырлы тіл аясында өмір сүрген, үш мәдениеттен қатар сусындауға мәжбүр болғандығын көреміз. Мысалы, Мысыр жерінде билік құрған мәмлүк қыпшақтарының сарайында қыпшақ тілі қолданылған болса, мемлекеттік тілдің араб тілі екендігі айтпаса да түсінікті. Иран жұрты өз тілінің қолданысын кеңейту мақсатында жүргізген қажырлы күресінің арқасында араб тілінен кейінгі мәдени тіл деңгейіне шейін көтерілді. Исламға шейін де жазба әдебиеті жақсы дамыған парсы мәдениеті араб мәдениетіне жұтылып кетпей өз мәдениетін сақтап қана қоймай оны дамытудың жаңа сатысына көтерілді.

Иран жазба әдебиеті Сасанидтер мемлекеті тұсында айрықша күшейді. Мемлекеттік діні зороастризм болған парсылардың ортақ идеологиясы мен діни қағидаға бағынған орталық басқару жүйесі қалыптасты. Оның үстіне жазба мәдениеті де аса жоғары болды. Үнді жерінде дүниеге келген «Панчатартра» секілді еңбектер сасанидтер әулеті тұсында 6-7 ғасырларда-ақ иран тіліне аударыла бастады. Ислам діні Иран жеріне жайылғанда парсылардың мәдениеті дамыған халық екендігін мойындауға мәжбүр болған. Сондықтан да араб мәдениеті өркен жайған тұста сол мәдениетке үлес қосушы азамат (араб емес) халықтары арасында 8-9 ғасырлардан бастап мұсылман ғұламаларының бірқатары Иран жұртшылығынан шығып отырған, соның негізінде көптеген әдебиеттер арабшамен қатар парсы тілінде оқытылатындай дәрежеге қол жеткізді.

Қазақ жұрты мұсылманшылықты қабылдаған тұста араб мәдениеті ғана емес парсы мәдениетінің де күшейе бастаған дәуірі болатын. Түркілер дінді тікелей арабтардан емес, сонымен қатар парсылардың мәдени ықпалы арқылы да қабылдай бастаған еді. Оған себеп сол дәуірде парсы жұртынан діни ғұламалар көптеп шыға

бастады. Ел басқарған хандар мен әскербасылар өз тайпасынан болғанымен өзге тілде іс жүргізу дәстүрі әрқашан да болған. Тіпті өз тілі қолданыстан шығып тек отбасы, ошақ қасында қалған да кездер кездеседі. Бұл әсіресе саманидтер дәуірінде және одан кейінгі дәуірлерде айрықша сезілген. Мысалы, түрік тілін ту ету жолында күрескен ұлы тұлғалар қатарынан Қожа Ахмет Ясауи, Әлишер Науаи секілді ұлы сопыларымыз бен шайырларымызды атауға болады. Сол дәуірде ғылым мен әдебиет, мемлекет тілі араб-парсы болып тұрған тұста Қожа Ахмет Ясауи былай деген:

«Қостамайды ғалымдар сіздің айтқан түрікшені,
Арифтерден естісең ашар көңіл желкенін.
Аят, хадис мағынасы түркі болса құбақұп,
Мағынасына жеткендер жерге қояр бөркіні.
Міскін, зағип Қожа ахмет, жеті атаңа рахмет,
Парсы тілін де біледі, құп айтады түркі тілін»[2, 51].

Түркі жұртына парсылық әдебиеттің әсері әсіресе Қараханидтер дәуірінде қатты сезіле бастады. Айталық Ж.Баласағұнидің «Құдадғу біліг» дастаны түркілердің «Шахнамасы» атануының өзі де парсы әдебиетінің ықпалын байқатады. Әсіресе, IX - X ғасырлардан бастап жазба әдебиеті қарқынды дами бастаған парсылардың ықпалы көршілес отырған араб және түркі жұртына кең тарай бастады. Түркі жұрты араб мәдениетімен қатар парсы мәдениетін де үйренуге мәжбүр болды, себебі діни әдебиеттің дамуы жолында парсы әдебиетінің үлесі айрықша болғандығын айтпасақ болмайды. Бұл тек Орта Азия әдебиетіне ғана емес Түркия түріктерінің әдебиетінің дамуына да өз үлесін қосты. Ендеше сол дәуірдің өзінде түркі, араб және парсы тілдері қатар жүргендігін көреміз. Бұл үш тілдік мәдениет ұзақ жылдар бойына жалғасын тауып отырды. Бұл үрдіс кейінгі XIX ғасырдың соңына шейін жалғасып келді.

Орта ғасырларда түркі халықтары өз егемендігіне ие болып тұрды, көптеген халықтарды өздеріне бағындырып үстемдік құрды. Алайда, сол кезеңдерде әр халық өз тілінің үстемдігі үшін күресті, тілдік жарыс айықша сипатта болған. Парсылар өз тілін жоғары көтеру үшін философиялық трактаттар мен поэзияны тек парсыша жазды. Осылайша олар ешқандай қарусыз-ақ өз тілін жоғары деңгейге көтерді. Керісінә көптеген елдерді жаулап алғанына қарамастан түркі тілі тек сарай іші тілі деңгейінде ғана өмір сүрді. Ол турасында Т.Қыдыр мынадай дерек келтіреді: «Бір кездері араб тілі парсы тіліне айтарлықтай қауіп төндірген болса, енді әдебиет әлемінде парсы тілі

түркі тіліне белгілі бір дәрежеде ықпал ететін күшке ие болды. Парсы тілінің мұншалықты кең таралуына, жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлтшыл шайырлар ешбір жоспарсыз-ақ, тек қалам құдіретінің арқасында қол жеткізді. Осы кезеңде әдебиет тарихында «Зуллисәнәин» яғни, екі тілде қатар жазатын шайырлар шоғыры пайда болды. Алтын Орда тұсында өмір сүрген Харазмиден бастап, кейінгі ғасырлардағы Сопы Аллаярға дейін алғашқы туындылар «поэзия тілінде» беруге тырысты... Десек те өткен тарихқа назар аударсақ, түркі ұландарының өз шығармалары арқылы тіл мәселесін жиі көтеріп отырғанының куәсі боламыз. Бұл дәстүр Қараһандықтар тұсында жазылған көне жәдігерлерде шығарма ішінде екі-үш жол арқылы берілсе, кейінгі ғасырларда бұл тақырыпқа бүтіндей бір еңбек арналған» [3, 51].

Демек, тілдің қыспақта қалуы, дамымай құрдымға кетуі тек сыртқы жаулардың өзге елді тұтастай жаулап алуы арқылы сол елдің тіліне қысым жасауынан ғана тұрмайды екен. Оның ар жағында белгілі бір мәдениеттің қарқынды тасқыны келесі бір халықтың тілінің дамуына кедергі келтіретіндігін көруге болады. Сондықтан да әр халық өз тілінің тазалығы мен дамуы үшін ұдайы күресіп отыруы керек.

XIX ғасырдан бастап орыс тілі арқылы Еуропа мәдениетінің ықпалы күшейе түсті. Себебі орыс мәдениеті ХҮІІ-XIX ғасырларда батыстың, әсіресе француз бен неміс мәдениеті ықпалында дами бастағаны анық. Орыс интеллигенциясы ол заманда кемінде үш тілде сөйлейтін болған. Орыс дворяндары XIX ғасырда көбіне француз тілінде сөйлейтін еді. Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» кітабында орыс аксүйектерінің сөйлеу мәдениеті қай тілде болғандығын жан-жақты суреттейтіні бар. Ресейдегі жоғары оқу орындарында дәрістер көбіне сол батыс тілдерінде өтетін болған. Орыс тілін дамыту жолында Ломоносов, Пушкиндер айрықша еңбек етті. Орыс мәдениетінің дамуы да кезінде үш тұғырлы тілдік басымдықты бастан кешіруге мәжбүр болды.

XIX ғасырдағы қазақ зиялыларының көпшілігі бірнеше тілді еркін меңгергендігімен ерекшеленеді. Мысалы ұлы Абай араб, парсы, шағатайша жақсы білуімен қатар замана көшіне ілесу үшін орыс тілін де өз бетінше оқып үйренуге мәжбүр болды. Бұл Абайдың қазақ жазба әдебиетін қалыптастыруы жолында айрықша маңызды рөл атқарған. Абай Шығыс әдебиетімен қатар Батыс әдебиетін де орыс тілі арқылы меңгерді. Осылайша қазақ ренессансы басталды. Демек қазақ әдебиеті әлемдік әдебиетке көтерілді, оны биікке көтерген ақын – Абай. Абай

шығармаларындағы ренессанстық сипаттың басымдығы жайлы академик С.Қасқабасов мынадай тұжырым жасайды: «Шығыста Ренессанстық белгі – исламның Аллаға, оның сүйікті туындысы Адамға (Адам Атаға) айрықша мән беру болса, Батыс елдерінде Ренессанстың ең басты белгісі – инквизициядан құтылып, Адамға бұрылу, оның ішкі дүниесіне үңілу еді. Мәселен, Батыстың сол кездегі ұлы ойшылдары мен өнерпаздары (Леонардо да Винчи, Микеланджело, Тициан, Данте, т.б.) инквизиция тұсында тапталған Адамды құдай дәрежесіне көтеріп, антикалық құдайларды Адам қатарына қосқаны белгілі.

Абай болса Адамды – танылуы қиын жұмбақ («Мен бір жұмбақ адаммын») деп біледі. Сондықтан Абай Адамға өзін-өзі түсініп, тани алатын сенім дарыту қажет, ол үшін оның рухын көтеріп, оны қанаттандыру керек, дүниенің кілті өз қолында екеніне, бәрін өзі істей алатынына иландыру міндет деп санаған («Сен де – бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан!»)» [4, 78].

XX ғасырдың басындағы Алашорда үкіметін құрған қазақ зиялылары да бірнеше тілді білген. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың араб пен парсы мәдениетімен ұштасып жатқан қазақ мәдениетін Батыс өркениетімен жақындастыру жолында И.Гаспыралы бастаған реформалық «жәдидшілдік» идеясын қолдаған болатын. Сол бағытта араб графикасы негізінде «Қазақша жазу елмесін» құрастырды, қазақ грамматикасын жасады. Демек қай кезеңде де қай елге болмасын сыртқы тілдің ықпалы болған, елдің дамуы үшін халықаралық басымдыққа ие тілді меңгеру арқылы елдің мәдениетін дамытуға, экономикалық байланысты нығайтуға болатындығын және бұл бұрыннан келе жатқан сүрлеу болғандығын тарих беттерінен көреміз.

XXI ғасырда Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізген соң даму жолына қадам басты. Елбасымыз Н.Назарбаев үштұғырлы тіл туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында айтқан еді. Елбасының өзі: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі»,- деген болатын.

Елімізде үш тұғырлы тіл мәдениетін қалыптастыру үшін ағылшын тілі таңдап алынған болатын. Ағылшын тілі – бүгінде халықаралық қатынастың, ғылым мен техниканың, бизнес пен дипломатияның, бұқаралық ақпараттың тілі ретінде әлемнің барлық жерінде қолданылады. Қазіргі кезде әлемнің 75 елінде кеңінен

Құлжаева Б. Қуатты мәдениеттердің тілдік ықпалы және ұлттық дәстүрді...

қолданылса, 19 елде ол мемлекеттік тіл болып табылады. Ағылшын тілі әсіресе XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап кеңінен қолдана бастаған. Қазіргі кезде БҰҰ, ЮНЕСКО, Бүкіл әлемдік Денсаулық сақтау ұйымы секілді көптеген халықаралық ұйымдардың ресми тілі болып табылады. Қазіргі таңда ағылшын тілін тереңдете меңгеру ісі жоғары және орта дәрежедегі оқу орындарында жақсы қолға алынып жатыр. Сол арқылы әлемдік деңгейге көтерілу, өз мәдениетінді ағылшын тілінде насихаттау жұмысы қолға алынып жатыр. Осы тұрғыда қазақ тілінің байлығын шетелге насихаттау, өз мәдениетіміздің құнды жәдігерлерін жан-жақты көрсетіп, дәріптей түсу жағына әлі де тереңдей бойлай түскеніміз дұрыс болар еді. Егер тек тілді меңгеріп қана қойсақ онда сол тілдің дамуына ғана жұмыс жасаймыз, өз тілінді дамытуға мән бермейсің. Ал, тілді меңгеру арқылы өз мәдениетінді дәріптей алсаң - өзге елге өз мәдениетінді мойындатуға қызмет еткен боласын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейдімбекова А. *Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар.* – Алматы: Жалын, 1981. – 240 бет.
2. Н.Кемал Зейбек. *Ахмет Йасауи жолы*/Аударған: Д.Кенжетай, «Бойут-Таң»: Анкара, 2002. – 96 бет.
3. Т.Қыдыр. *Науаидың «Екі тіл туралы пікір» («Мухәкәмәтул-Луғәтәин») атты шығармасындағы әдеби өрнектер*// «Түркі жазба мәдениеті және Ахмеди Ысқақовтың тілдік мұрасы» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. 15/11/2010ж. Түркістан, «Тұран» - 2011ж.
4. Қасқабасов С.А. *Абай.* Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2010. – 112 бет.

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖОЛЫНДАҒЫ ДІНИ
ИДЕОЛОГИЯНЫҢ АТҚАРҒАН ҚЫЗМЕТІ
FUNCTION OF RELIGIOUS IDEOLOGY IN FORMATION OF
KAZAKH KHANATE**

Б.ӘБЖЕТ*

Түйіндеме

Автор өз мақаласында Қыпшақ даласында жеке мемлекет құрып, Қазақ хандығы деген атпен мәлім болған Қазақ елінің өз алдына қалыптастырған идеологиясы мен мемлекеттік ұстанымы, діни бағыты турасында сөз қозғайды. Алтын Орда кезінде қалыптасқан діни көзқарас пен елдік ұстаным кейін Қазақ хандығы дәуірінде де, одан кейінгі кезеңдерде де жалғасып отырғандығына тоқталады. Шарият жолы мен сопылық ағымның қазақ халқының ұлт болып ұйысуы жолында алған орнын айта келе ұлтты бір идеяға жұмылдыру үшін оның діни көзқарасының да орнықты болуының маңыздылығына тоқталады.

Кілт сөздер: аймақ, Қазақ хандығы, Алтын Орда, шарият жолы, сопылық ағым.

Summary

Author regards about ideology, state principles and religious direction of Kazakh khanate formed by Kazakh people who set their statehood in Kipchak steppe. He analyzes that religious views and state principles set during Golden Horde period was widely used in the period of Kazakh khanate and later periods. He underlines the role of Shariah and Sufism direction in formation of Kazakh people as a nation, and proves by this importance of stable religious views for nation's unity.

Key words: Kazakh Khanate, religious, Golden Horde, Shariah and Sufism

Биыл Қазақстан аймағында Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай республикалық деңгейде көптеген іс-шаралар өткізілді. Конференциялар мен конгресстер, басқосулар мен семинарлар жер-жерлерде өткізіліп арты аламан бәйгеге ұласты. Қыпшақ даласы аталған Ұлы Дала төсінде 1465/66 жылдары Қазақ хандығы сахнаға шығып, алғашқы өзінің туын тікті. «Жәнібек хан мен

* филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of philology sciences, associate professor, Senior scientific executor at Scientific Intellectual Institute of Turkology of Yassawe International Kazakh-Turkish University.
abjet_71@mail.ru

Керей хан жақтастарымен Моғолстандағы Шу-Қозыбасы аймағында 1459-1460 жж. көшіп келіп орныққан соң ордаларын іргелендіре бастайды. Жәнібек хан мен Керей хан 1465/1466 ж. Моғолстан билеушісіне тәуессіз жеке-дара мемлекет – Қазақ хандығын құрады. Айналасында ыдырап, бір-бірімен соғысып, тозып жатқан елдерден өз туыстарын, қандастарын жинайды. Осының арқасында қоластындағы халық саны өседі. Жәнібек хан Жетісу аймағына нық орнығып алған соң Шығыс Дешті-Қыпшақты, Түркістанды қайтарып алу үшін күрес жүргізеді. Осы аймақтардағы соғыстар барысында әскер бастаған Жәнібек ханның ұлдары жиі аталады. Жәнібектің тұңғышы Еренші сұлтан Сауран қаласының билеушісі болып, бір шайқаста Шайбанилер әскерін тас-талқан етеді. Екінші ұлы Махмуд сұлтан Созақ қаласының әміршісі болып Қазақ хандығының жауларымен арадағы талай шайқастарға қатысады» [1, 16-17].

Қазақ хандығы құрылғанда бірінғай көшпелі ел болған деген қате ұғым. Қазақ даласында орын тепкен қалалардың маңызы айрықша болған. Ол бір жағы әскерді қару-жарақ, киім-кешекпен қамтамасыз ететін әрі сауда мен дипломатиялық орталық болған болса, екінші жағынан халықты дінге бастайтын рухани орталық болды. Соның үшін де Қасым хан, Тәуекел хан, Есім, Әбілқайыр, Абылай хандар Түркістан мен Сыр бойы қалалары үшін ұдайы соғысып отырған. Түркістан мен оның атырабы үшін соғыстар кейінгі ХІХ ғасырларға шейін ұласқаны белгілі. Жоңғарлармен арада өткен соғыста да хандар үшін Түркістанды өзіне қарату, төңірегін иемдену айрықша стратегиялық маңызға ие болған. Себебі түркі жұрты үшін Түркістанда жерленген Қожа Ахмет Ясауидің қабірі айрықша қасиетке ие еді.

Түркістан өзінің діни ғұламаларымен ислам жұртын мойындатқан болатын. Ислам дінін түркі тайпалары арасына тарату жолында аянбай еңбек еткен қожалардың ролі айрықша болды. Кезінде түркі халықтарына ислам дінін уағыздап, түркі жұртына ислам дінінің құндылығын ұқтыра білген, көшпелі халықтың табиғатына сай түркі-ислам мәдениетін қалыптастыра алған Шейх-ул машайых Құл Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың қалдырған дәстүрі күні бүгінге дейін қазақ халқының ғана емес, қала берді күллі түркі жұртының адастырмас даңғыл жолы, түнде жанған шамшырағы, аспандағы темірқазығына айналды. Қазақтың жазба әдебиетінің де басы осы Түркістандық қожалардан басталған. Ол жайында кезінде С.Сейфуллин де былай деп айтып өтеді: «Әсіресе ел қазағының арасына жазба әдебиет таратқан Түркістаннан шыққан қожалар. Ол кезде қазақтың арасына көп тараған

қожа Қожа Ахмет Ясауидің кітабы. Біздің қазақтың ақындары соның сөзіне еліктеп кеткен» [2, 41].

Жалпы Қазақ елін тілінен, дінінен айырып рухани дүниесінен жұрдай ету, осылайша рухы жоғалған елдің өзін де жоғалту жолында аянбай еңбек еткен ішкі-сыртқы жауларымыз аз болмаған. Қазақ хандығы тұсында Қожа Ахмет Ясауи жолын басшылыққа алған қазақ жыраулары сыртқы жаумен соғыста Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Хорасан ата секілді әулие-әмбиелерді медет тұтты. Елі үшін соғысқан батырларымыздың жебеуші күштері ретінде ел ішіне уағыздап отырды. Қазақ үшін қасиетті Түркістан, ондағы жатқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесі «екінші Мекке болғандықтан» оны жауға таптатпай табан тіреп соғысатын орыны болған. Себебі ясауия тариғаты көшпелі түркі жұртының болмысымен үйлесім тапқан ағым болатын. Сондықан да сыртқы жауға қарсы тұруда бұл ағым саяси идеология ретінде қолданғандығы туралы тарихи деректер молынан кездесіп отырады. Мысалы белгілі түрколог-ғалым Ә.Нәжіп былай дейді: «Приложение суфийской теории к практической жизни положило начало его разновидности – дервишизма. Дервиши в Средней Азии образовали ряд орденов. Наиболее могущественными дервишскими орденами в Средней Азии были кубравия в Хорезме, накшбанди – последователи ордена Абду-Халыка Гидждувани в городах и селах и иассауиди – в основном среди кочевников.

В междоусобных войнах разные дервишские ордена поддерживали различные враждующие стороны. Так, например, при наступлении кочевых узбеков иассауиды поддерживали кочевников против тимуридов, которых в свою очередь поддерживали члены ордена накшбанди» [3, 112].

Шыңғыс хан шапқыншылығы тұсында да Сыр бойын жайлаған көшпелі оғыз-қыпшақ ұлысы ясауия жолында болды, кейін Алтын Орда тұсында бұл ағым мемлекеттің ұстанған идеологиясына айналған еді. Әсіресе Өзбек хан (1313-1341) кезеңінде исламның ресми дін ретінде танылуы нәтижесінде сопылық ілім Еділ бойында XIII-XIV ғасырларда таралған еді. Алтын Орда ыдырап Қазақ хандығы жеке ел болған кезеңде де бұл принциптен айнымаған болатын. Жартылай көшпелі болған қазақ хандығында Ясауи жолы кейінгі ғасырларға шейін жалғасын тапты. «Бір ерекшелігі, Қожа Ахмет Ясауи негізін салған түркілік тариқат негізінен осы оғыз-қыпшақтар мекендеген өлкелерге таралды. Ясауиліктің ізі аталған аймақтарда бүгінге дейін сақталған. Қазақ жеріндегі Сыр өңірі, Маңғыстау, Үстүрт өлкесінің

халқы ғасырлар бойы Йасауи жолын жалғастырушы шәкірттердің (Шопан Ата, пір Бекет) тағылымымен тәрбиеленді» [4, 119].

Жоңғар қалмақтарымен болған соғыстан титықтап шыққан қазақ халқы кейін бойын қайта тіктеуге сыртқа жаулар мүмкіншілік бермеді. Оның үстіне көрші отырған қалмақ елінің ырым-сырымдары да қазақ елінің дамуына кері әсері болды. Әсіресе, Жоңғар хандығы қирап, Шығыс пен солтүстікте бос қалған жерге иелік ете бастаған қазақ халқының бойында бұрынғы шамандық сенімнен қалған тиымдар мен нанымдар қазақ халқының бір ислам туының астына бірігу орнына керісінше артқа кетуіне жол ашты. Рулық дау-дамайлар, барымта-сырымта, жер дауы-жесір дауы секілді көшпелі елдің күнделікті өмірінде болып жататын өнбес істер ел билігін ұстаған билер мен хандардың өзара қырқысын туғызды, хандық биліктің әлсіреуіне алып келді. Мұртаза Бұлытай айтпақшы: «Шыңыс ханның йаса, жасақ деп аталатын хукімдерін басшылыққа алған төре-хан тұқымдары өздерін ақсүйек, бұқара халықты қарасүйек деп атады. Олар ақсүйектің әдет заңын өздері билеген халықтарға мойындатты, ғасырлар бойы шаманист мұңғылдардың әдеттері, хукім-кесімдері, наным-сенімдері, ырымдары ел арасында таралды» [5, 444].

Алайда, М.Бұлұтайдың айтқан бұл уәжі шындыққа дәл келе бермейді. Себебі, Өзбек ханнан бастап исламға бет бұрған төре тұқымдары шариғат заңын қатаң ұстанған. Мысалы, Тәуке хан шығарған «Жеті жарғы» заңында қожа, молдаларды жоғары көтеріп оларға айрықша статус бергендігі байқалған. Қожаларды өлтіруге қатаң тиым салынған, олардың құны қарапайым қазақтан бес есе жоғары тұрған. Қарапайым халық шариғат заңын ұстануға міндетті болған. Бұхар жыраудың:

Бірінші тілек тілеңіз:

Бір Аллаға жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз:

Өзәзіл, пысық, залымның

Тіліне еріп азбасқа.

Үшінші тілек тілеңіз:

Үшкіліксіз көйлек кимеске.

Төртінші тілек тілеңіз:

Төрде төсек тартып жатпасқа.

Бесінші тілек тілеңіз:

Бес уақытқы бес намаз

Біреуі қаза қалмасқа,-

деген толғауы шариғат ережесін ұғындырып тұр. Қазақ жырауларының барлығы да шариғат заңын елге уағыздады, елді бір Алладан қорқуға, мұсылманшылық жолда жүруге үндеді. Қазақ-қалмақ соғысының өзі осы дін үшін болған соғыс деп айтуымыз керек. Себебі Шыңғыс хан тұсында бірге жүрген екі халық ислам дінін қабылдаған соң мұсылман-кәпір болып екіге жарылды. Ол жайлы Шәкәрім де айтқан:

Хан Жәнібек өлген соң
Тоқтамыс, Темір болған соң
Ел ішіне жік түсіп,
Үш бөлшек боп айырылған.
Қазақ, ноғай құбылады.
Мұсылманға жай тартып,
Қалмақ, моңғол бөлініп,
Кәпірлігі білініп,
Күн шығысқа қайырылған.
Шын бұғыдай сонда деп,
Алтайды мекен жай қылған [6,18].

Бір одақтың осылайша екіге жарылуы кейін бітіспес ұрысқа кеп ұласты. Дегенмен, бұл ұзаққа созылған соғыс Қалмақ хандығының жойылуына алып келсе, бір жағы Қазақ хандығын да күйретіп кеткен болатын. ХҮІІІ ғасырдың аяғында Төрелер билігі әлсіреп, көшпелі қоғамның іргесі ыдырай бастаған еді. Қазақстанның батыс пен солтүстік аймақтары Ресей империясының ықпалына түскен болса, оңтүстік жағын Қоқан хандығы өзіне бағындырды. Осылайша қазақ халқы өз хандығынан айырылып қалды.

Орыс басқыншылары қазақ жерін түгелдей жаулап алған соң ендігі жерде жергілікті халықты бас көтертпей езгіде ұстады. Өмір сүруге жайлы, шұрайлы жерлерді келімсектерге беріп, қазақтарды сусыз, шөлді, шөлейтті далаға қарай ығыстырып отырды. Оның үстіне қазақтарды шоқындыру ісі де қолға алынды. Қазақтарды ислам дініне алыс та қалыс қалған халық ретінде бейнелеуге тырысты. Қала мәдениетін қазақтан алшақ ұстауға тырысты. Отарлаушылардың озбыр әрекеттеріне шыдамаған қазақтар жиі ұлт-азаттық көтеріліске шығып отырды. Еркіндік аңсаған бабалардың бұл әрекетінің соңы жеңіліспен аяқталып отырған. Халықтың барар жері, басар тауы қалмаған тұста өмірге налып, бұрынғы өткен пірлерден медет сұраған тұстары жиі кездеседі. Қазақ халқының айрықша ілтипатына бөленген Қожа Ахмет Ясауиді көңілге пана тұтып, басқа түскен зауалдан құтқаратын күдіретті күш ретінде қараған. Азаттықты аңсаған ақын-жыраулар

шығармалары ішінде Ясауи аты құтқарушылар қатарында көрініп отырады. Шораяқтың Омары «Зұл-залал» атты толғауында Ясауиден былайша тілек тілейді:

Төрт бас айя шаһарйар
Жайлауға жыйды саламыз.
Жеті жаста жол айтқан
Нұғман басшы данамыз.
Қожа Ахмет Ясауи
Білімпаздардың сұлтаны
Біздер де қоңсы боламыз.
Сылам солай болғанмен,
Сахарада мал баққан
Сорлы қазақ – сазамыз.
Сабан сынды салмақ жоқ,
Жиналсақ біраз қарамыз.
Жайылған киік, құлындай
Ілімнен құр қол адамыз.
Көп жыл жүрдік бұғауда
Босанбай жаудан жағамыз [7, 75].

Қазақ жерін жаулап болған соң отарлаушы ел бұратана халықты бас көтертпестей етіп бұғауда ұстау үшін алдымен оның сенімінен айыру қажеттігін жақсы түсінді. Рухани тірегі мықты елді бұғауда ұстау мүмкін еместігін империялық пиғыл жақсы түсінді, сондықтан да қазақ халқының атадан балаға тарап келе жатқан дәстүрлі діни сенімінің көзін құртуды қолға алды. Қай кезде де қысымға ұшыраған халық өзіне рух беретін тылсым күшті іздейтіндігі белгілі. Ол рухани тіректі адам баласы діннен табатындығы мәлім. Әсіресе халық көтеріліске шыққанда дүниеден өткен әулиелердің рухына қатты табынған. Діни сауаты жоғары, неше түрлі керемет көрсете алатын, айтқан сөзі мен іс-әрекеті бір-біріне үйлесіп отыратын сопылар дінге қысым күшейген тұста қолына қару алып, дін жолында жандарын да пида етіп отырған. ХІХ ғасырдағы қазақ ішінен шыққан, ел ішінде неше түрлі мұғжизалар көрсетіп, өзінің кереметін халыққа танытқан соңғы сопылардың бірі Марал ишан да орыс тарапынан жасалып жатқан ислам дініне деген қысымшылыққа қарсы шығып, халықты азаттық жолында күресуге үндеген. Өзі де ұлт-азаттық күреске қатысқан. Қазақтың соңғы ханы Кенесарының негізгі идеологы, халықты діи уағызбен рухтандырушы көсеміне айналды. Сондықтан да Марал ишаннан қорыққан орыстар оған неше түрлі жала жауып, оның

халық арасындағы беделін бәсеңдету жолында түрлі амал-шарғыларға барды.

XIX ғасырдың басында қазақ халқы құрып кетудің алдында тұрды. Оның басты себебі көшпелі қоғамның ыдырауы мен бұрынғы төрелік биліктің жойылуы еді. Билердің әділ билігін қасақана жойды, қазақ даласында сөзге тоқтайтын мәрттік жоғалды, алаяқ-қулар мен азғындар тобыры көбейді, мұның барлығы бұрынғы ел ішінде сақталған наным-сенімнің өзгеуіне әкеп соқты. Осы кезде елді исламға үндеу, Алла тағаланың хақ дініне бойсұну туралы қожа-молдалардың, ақын-жыраулардың жүргізген уағыздары қазақ халқының тез арада ес жиюына жағдай жасады. Ел ішінен шыққан көзі ашық молдалар мен қиссашыл ақындар, қожалар ислам дінінің тарихы, пайғамбар ғибраты мен сахабалардың үлгілі істері туралы қисса-жырлар шығарып таратты. Оны ел ішіндегі ақын-жыраулар өндеп жыр-дастанға айналдырып ел ішіне таратты. Кешегі Кеңес режимі де Ресей отаршылары да діни сауаты жоғары, халық ішінде беделі зор халықты билікке қарсы көтере алатын тұлғалардан қорыққан. Ғасырлар бойы осындай текті тұлғаларымыздың көзін жоюмен келді. Өзінің асыл дінін намыстың туы ретінде көтерген намысшыл ұлдар «арым – жанымның садағасы» деп басын бәйгеге тігумен келді. Әсіресе, ясауи жолын ұстанған қауымның дінсіздерге ұдайы қарсылық білдіргендігі жайлы Д.Кенжетай мынадай дерек келтіреді: «Бұл кеңістікте Ясауи ілімі исламның мәні ретінде қабылданып, XII-XIV ғасырлар арасында Орта Азия, Таяу Шығыс, Үндістан жерлеріндегі саяси оқиғалар (мәдениет көші) негізінде Хорезм, Хорасан, Әзірбайжан арқылы Кіші Азия – Анадолы атырабына, одан Балқан, Еділ – Оралға дейінгі аймаққа жайылды. Ясауи тарихатының ықпалы кейінгі дәуірлерде қазақ-қырғыздардың арасында шектеліп қалды. XVI ғасырға дейін Ферғана, Ош, Өзбекстан жерінде өзінің жандылығымен танылса, XIX ғасырдан XX ғасырдың 70 жылдарына дейін яғни Кеңестік дәуірде де аты аталған аймақтарда тіршілігін сақтап қалды. XIX ғасырдың екінші жартысында қырғыз жерінде Сәнуар (1870) шайхтың басшылығымен Ясауи тарихаты «Лахшылар» (Аллаһчы) атымен қайта жаңғырады. Кейіннен бұл тарихат кеңестік режимге қарсы көтерілістерге мұрындық болды. 1920 жылы осы «Лахчилер» тарихатының жалғасы ретінде Әбутәліп Сатыбалиев деген шайхтың басшылығымен «Шашты ишандар» тарихаты шығып, кеңестік атеизмнің үгіт-насихаттарына қарсы астыртын іс-шаралар жүргізеді. 1955 жылы Өзбекстанда Тұрсынбай Ишан, кеңестік жүйеге ашық соғыс жариялаған» [8, 21].

Сондықтан да Кеңестік дәуірде Қазақ даласындағы мешіттер мен медреселер түп-тамырынан жойылды, медресе ұстаған ғұламалар атылып кетті, оның ұрпағы қуғынға ұшырады. Басқа халықтармен салыстырғанда бұл қазақтарға қатаң жүргізілді, себебі бұрын шамандық нанымда болған халықты тез арада жойып жібереміз деп ойлады. Алайда мұсылманшылық халықтың жүрегінен орын алып, ислам шарттары тұрмыс-тіршілігінің айнымас бөлшегіне айналған қазақтарды түбірінен құрту оңайға соқпады. Соның өзінде қолдан ұйымдастыртырылған кешегі 1932-33 жылғы аштықта қазақтың тең жартысын жалмап тынды. Мұндай зобалаң Жоңғар-Қазақ соғысы тұсында да қазақтардың жер бетінен жойылып кету қаупін төндіргенін еске түсіреді.

Сыр бойы мен Қаратау маңынан Қалмақ 1726 жылғы «Қалмақ қырылған» шайқасынан соң кері шегіне бастады. Қалмақ қайтқан жерге, қазақ өз ата қонысына ізбе-із барып орналаса бастады. 200-жылға созылған Қазақ-Қалмақ соғысы Алтайдың арғы бетіндегі Жоңғария деген бір мемлекеттің күйреуіне алып келді. Есесіне Қазақ деген халықтың есін шығарып жіберген еді. «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұлама» кезінде отанынан айрылған халық дінінен де айрылып қала жаздаған болатын. Осы кезде тарихи оқиға қылаң берді. Сыр бойынан Ертіс өзеніне дейінгі аралыққа көшіп барған қазақтар ислам дінін таратып, бала оқыту үшін Түркістан маңындағы сауатты қожаларды аттай қалап алып кетіп отырды. Мысалы, Құнанбай қажы Түркістандық Бердіқожаны тобықты елінің имамы ретінде көшіріп алып кетеді.

Егер шығысқа қарай ислам дінін тереңдете таратпаса мұндағы халықтың діни сенімі әлсіреп басқа діннің жетегіне кететіндігін жақсы түсінген Бақшайыш қожалар ұрпағы тәуекелге барып медресе ашуды қолға алды. Бұрынғы Исхақ бабтың ұрпағы Бақшайыш атасы мекендеген Қаратау қаңырап қалған соң Абдулла баба Шаянға келіп мешіт-медресе салуға тәуекел етті. Міне осы жерде Құлтай (Сайд Мұхаммад) пен (Сайд Ахмад) Қосым ишандардың оқуға аттануы басталады. Екі баласын оқуға Дағбет Самарқандқа аттандырған Абдулла баба мешіт-медресеге қол салған болып шығады. Жоғарыдағы Самархандтан оқу бітіріп келген екі бала Құлтай мен Қосым Абдулла бабаның ұлдары еді. Сонымен Абдулла бабаның Шаянда ашқан кішкене мешіт-медресесі елдің талап тілегіне қарай өсіп көркейе бастайды.

Қосым ишан есейген шағында медресе көлемін ұлғайтса, Сайд Ахмет баба қажылыққа барып, жолай Дамаск қаласына соғып сол жақтан медресенің жоба сызбасын алып келген деп айтады. Шаяндағы медресенің соңғы жүйесі толық бітіп, іске қосылуы Аппақ ишанның тағдырына жазылған. 1883 жылғы шілде айында 19 жасында Шымкент уезінің генерал-губернаторы, ұлы мәртебелі мырза кабинетіне енгенде «Ақ Ишан» деген атпен келіп еді, лауазымы жоғары адамның алдынан шыққанда "Аппақ Ишан" атанып қайтты. Келгендегі шаруасы атасы Қосым Ишан, өз әкесі Сейдахмет болып, негізі қаланып құрылыс жұмыстары созылыңқырап кеткен Шаян мешіт-медресесінің қажетті құжаттарына қол қойдыру еді. Генерал-губернатор бұдан көз алмаған күйінде құжаттарға қол қойды, мөрін басты. Тұла бойы аппақ ақ киім, жүзінен аппақ ақ нұр төгіліп тұрған жас жігіт қалай тез келді, солай тез шықты. Генерал-губернатор:

– Ох, как это чудо! – деп керемет таңқалған үні естіліп те қалды. Үлкен лауазымды адамның көмекшілік қызметін атқаратын Кенесары ханның Ахметі: – Тақсыр, мына келуші жас жігітке ілтипатыңыз ерекше болды-ау, себебін айтпас па екенсіз? – дегенде:

– Өзім де қайранмын... Оның денесі тұтас аппақ, жүзінен ақ нұр құйылып тұр. Ал екі иығы көтерілген кезде аппақ қос арыстан бастарын көтергендей болды. Қазақ даласында мұндай да кереметтер көп екен-ау, – деп генерал-губернатор таң-тамаша күйге түсіп отырып қалыпты деседі көзі көргендер. "Бұдан былай ол "Ақ Ишан" емес, "Аппақ Ишан" болсын, құжаттарды солай деп толтырыңдар..." – деп бұйырған екен мәртебелі мырза.

Аппақ Ишан інісі Мәді екеулеп қолға алған мешіт-медресе құрылысы 1884 жылы толық аяқталып, Қазақстанның түкпір-түкпірінен жаңа оқу орны Шаян медресесіне жастар қабылдана бастады.

Аппақ Ишан – тарихи тұлға. Қазақ даласында пірлік-мүриттік жүйенің бір қуаттанған шағы Аппақ ишанның дәуіріне келеді. Аппақ ишан қанша мүритіңіз бар, - деген сұраққа:

– Созақ маңындағы Шалдар, Жетімдер, Тамалар деп келіп – 500-үй деп көрсетеді. Сары су маңы - Тілік, Ошақты - 100 үй, Түркістанда Қоңырат, Қожа - 30 үй, Шәуілдір - Саңғыл, Божбан - 100, Шаян - Қарабатыр, Байжігіт - ??, Түлкібас – Шоқай - 50-үй, Қостанай, Атбасар, Есіл бойы - қара Найман, Ақ найман, Қарабала - 20-үй, Қарағанды, Балқаш Тоқырауын-Тарақты, Керсен, Керней, Тобықты - 600 үй. Алматы облысы Сәмбет, Қызылорда -200-үй, Мырзашөл Баяут-50-үй,

Қара су-50-үй. Аппақ ишан өз мүриттерінің санын әлде неше рет қысқартып айтып отырғаны көрініп тұр. Соның өзінде мына атаудың арғы шеті Қостанай-Атбасар - Шығысы Қарағанды-Павлодар, Қарқаралы, Семей, Алматы, Қарасу - Өзбекстан Андижан маңы болса, Баяут, Мырза шөл - Жетісай, Жызақ маңы, Қызылорда - мынау Орталық Азияның көп жерін қамтып жатқан аймақ.

Осылайша бір ғана Аппақ ишанның өзі күллі қазақ жұртын мұсылманшылыққа ұйыстыру жолында қаншама жұмыс атқарған. Артында пірге қол берген көптеген көптеген мүридтері қалды. Кешегі Кеңес дәуірінде Аппақ ишанды Созақта болған көтерілісті астыртын қолдады деп айып тақты. Оған себеп те жоқ емес еді, себебі Созақ көтерілісін бастаған «Аллаһулар» пірге қол берген, сопылық жолға түскен мүридтер болатын. Олар Кеңестің дінсіз зұлым идеологиясына қарсы шықты, өзінің ары үшін арпалысқа түсті, осылайша Алланың ақ жолында жандарын құрбан етті. Қызыл империя қаншама діни сауатты молдалар мен көзі ашық зиялы азаматтарды қуғындағанмен тарихы терең қазақ халқын тарих қойнауына көшіруге шамасы жетпеді. Қазақ даласында сақталып қалған санаулы медреселердің бірі кезінде өзі ұстаздық еткен Аппақ Ишан медресесі қазіргі кезде ұрпақтар көзайымына айналған тарихи жәдігер ретінде аса зор маңызға ие, болашақ ұрпақ үшін де асыл да құнды дүние болып есептеледі. Қазақ даласында жұмыс жасаған осындай ірі медреселер елдің рухани жан-дүниесінің қалыптасуы, адамдық, моральдық қасиетінің жоғары болуы жолында толайым жұмыстар атқарды. Қай кезеңде де діни идеологияның мемлекеттің мемлекеттілігі жолында және халық рухын тәрбиелеуде алатын орны айрықша болғандығы өткен тарихи оқиғаларға көз жіберген тұста анық байқалып тұрады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Қазақ хандығы*. Энциклопедиялық анықтамалық жинақ. Жауапты редакторлар: т.ғ.д., профессор Қожа М., т.ғ.д., профессор Тұрсұн Х.М. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы. – 2015ж. -
2. Сейфуллин Сәкен. *Көп томдық шығармалар жинағы*. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. Т.7. – 416 бет.
3. Э.Н.Наджип. *Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур: Исследования, транскрипция, текстологические примечания и анализ письменных литературных памятников XI-XV вв.* МКТУ им.Х.А.Ясави, - Туркестан, типография «Туран», 2007. – 268 с.
4. Әбдірасылқызы А. *Қожа Ахмет Йасауидің ақындық әлемі* (монография). – Алматы, 2007. – 264 бет.

5. Бұлұтай М.Ж. *Ата-баба діні? Түркілер неге мұсылман болды?* – Алматы, Білім, 2000. – 504 бет.
6. *Ер Едіге*. Қ.Сатпаевтың алғы сөзімен 1927 жылы басылған. Алматы: Ғылым, 1995. 152 б.
7. Шораяқтың Омары. *Шығармалары. Терме-толғаулар, өсиет-мысалдар, айтыстар мен дастандар*. –Астана: Фолиант, 2009. –336 б.
8. Кенжетай Д. *Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы*. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. –360 б.

ЭТНОТАРИХҚА ҚОСЫЛҒАН СҮБЕЛІ ҮЛЕС
PONDERABLE CONTRIBUTION TO ETHNIC HISTORY


Х.ТҮРСҮН*

Түйіндеме

Мақалада автор әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Оразбек Нұсқабаевтың 2015 жылы жарық көрген «Маңғытай, Маңғыт, Ноғай тарихы» атты зерттеу еңбегі туралы пікірін білдірген.

Summary

In the article the author offers an opinion of research work of doctor of sociological sciences, professor. O. Nuskabaev, that is published in 2015 «History of Mangitay, Mangit, Nogay».



Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуының, бүгінгі таңда әлемдік өркениет жүйесінде алдыңғы қатарлы дамыған елдердің санатында көрінуінің күш-қуаты оны құрылымдаған ру-тайпалар мен ұлыстық бірлестіктер жұрттарының лайықты молшылықта өмір сүруге талаптылықтарының өміршеңдігінде, жемістілігінде және нәтижелі болуында жатса керек.

Ал, бұл өміршең талаптылық, жемістілік және нәтижелік егеменді ел болғалы еселеп, арта түсті. Өткенді пайымдауға, бүгінгіні түсініп-ұғынуға, ертеңгіге үмітті талпынысты тасқындатты.

Осыған орай, ата-бабаларымыздың басынан өткен тар жол, тайғақ кешулерімен қатар, олардың жасампаздыққа толы игілікті іс-әрекеттерінің, әлемдік өркениет дамуына қосқан қомақты үлестерінің, сондай-ақ олардан қалған рухани және материалдық құндылықтардың салмағын таразылап, бағымдау қажеттілігі өзінен-өзі туындады.

Себебі, тарихтан сабақ алмайынша бүгінгі күнгі де, болашақтағы да ел болып ұйысу, мемлекет болып ірге бекітудің бағыты дұрыс бағдарланбайды. Сол үшін де тарихымызды таразылап, оның әрбір

* тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.

Doctor of historical sciences, Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. e-mail: tursunhazret@mail.ru

тарихи оқиғасы мен құбылыстарын ғылыми негізде қалпына келтіруіміз, деректік тұрғыда шынайы тұлғаландыруымыз керек.

Төл тарихымызды саралап, тарихи жадыны жаңғыртпайынша өткеніміз түгелденбейді. Тарихымыз түгелденбей ұлттық рух орнықпайды. Ұлттық мақтанышты оятатын ұлттық намыс майырылып, ұлттық сана-сезім деформацияланады. Ұлтқа тән бірегейлік көмескі тартады. Бұл дегеніміз, «Негіздердің негізін» тозаң басады деген сөз.

Осындай келелі ойларды өзек еткен ұлттық рухты ұлықтауға арналған зерттеулер аз емес. Биылғы жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Оразбек Нұсқабаевтың «Маңғытай, Маңғыт, Ноғай тарихы» атты зерттеуі этнотарихымыздың олқы тұстарын толықтыруға арналуымен құнды. Олай дейтініміз, «Алаш» тарихи зерттеу орталығының бастамасымен «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» сериясымен жарық көріп келе жатқан зерттеулердің қатарына ілінбей қалған маңғытай, маңғыт, ноғай тайпаларының тарихы (олар қазақ жүздерін құраған ірі тайпалардың құрамында ғана аталады) арнайы зерттеу нысанына айналған. Өйткені, бір кездері ортағасырлық мемлекеттердің құрылуында шешуші рөл атқарып, айбыны асқан бұл тайпалар түрлі тарихи жағдайларға байланысты кейінгі жүздік құрылымды орнықтырған қазақ шежірелерінде ірі тайпаларға сіңіріліп, шежірелік таксономиядан тыс қалған. Бұндай дәйектер аз емес ата шежіреде. Солай екен деп, бұл ру-тайпалардың тарихы біртұтас тарихымызды түгендеуде назардан тыс қалмауы керек.

Қазақ ұлтының өзіндік бітім-болмысы, рухтық қайнар бастаулары, ділі, тілі, мінез-құлқы, іскерлігі мен жасампаздығы оны құрылымдаған ру-тайпалар мен ұлыстық бірлестіктердің өмір сүру салты, іс-әрекеттері, өсіп-өніп көбейу, шаруашылық жүргізу қалпы негізінде қалыптасып, тұрақтанды. Сол себепті қазақ халқын құрылымдаған ру-тайпалар мен ұлыстық бірлестіктердің әрқайсысының тарихын жеке-жеке алып зерделеу халқымыздың ұлт болып қалыптасуын ұғынумен қатар, өсіп-өніп, көбейу, өркендеп гүлдену тарихын түсінуге негіз қалайды. Сол себепті, есте жоқ ескі замандардан бері қарайғы ата-баба тарихын деректік негізде қалпына келтіру ұлттық тарихи сананы қалыптастырудағы қажеттіліктің қажеттілігі саналады. Бұндай қажеттілік мемлекеттік деңгейде көтерілген «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының теориялық тұғырын орнықтырудан туындайды.

Зерттеуде бірде Маңғытай, бірде Маңғыт, бірде Ноғай аталынып жүрген тайпалық бірлік жұртының шығу тегі, генеологиялық түзілімі, айбатты жауынгер Орда халқы атанған шарықтау шағы, онан кейінгі құлдырау кезеңдері тарихи деректер, құжаттық мәліметтер, шежірелік мағлұматтар және жыр-дастандарда шығармаланған сюжеттік көріністер негізінде мазмұндалған. Ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отырған сілтемелік айқындамалар аясында «Маңғытай», «Маңғыт», «Ноғай» этнонимдерінің мән-мағыналары жаңаша термеленген. Бірлік жұртының рулық құрамы, қоныстық өңірлері, сондай-ақ бүгінгі таңдағы түбі түрік текті ұлттар мен ұлыстар құрамындағы тіршілік иірімдері екшеленген.

Зерттеудің мазмұндалуы ғана емес, құрылымы да қызықты. Оқуға, түйсініп-ұғынуға қызықтыра түседі. Мысалы, «Маңғытайлар моңғол текті ме, жоқ әлі де ...», «Маңғытайдың бір бұтағы маңғыт деген», «Маңғыттардың ноғай атануы», т.т.

Сонымен қатар зерттеуде Едігенің шығу тегі туралы толғамдар осы уақыттарға дейін айтылып, жазылып келгендерден өзгеше, жаңа пайымдаулар ұсынылған. Қисынды дәлелдер мен шынайылықты қажет ететін осы шетін мәселеге автордың ұсынған тың тұжырымдарымен келіспейтін де тұстары бар. Әйтсе де, ғылыми негізделген тұжырымның «өмір сүруге» құқы бар. Пікірталас – шындыққа жеткізетін жолдың бірі. Демек, батыл тұжырымдар ұсынған автордың ізденістері бұл еңбекпен шектеліп қалмаса керек.

Ноғай Ордасы ыдырағаннан кейінгі Маңғыттар мен Ноғайлардың қасіретті тарихы, олардың Бұхара, Хорезм-Хиуа, Сібір, Қазақ, Қырым хандықтары құрамындағы ау-жайларының бұрындары ғылыми айналымға енгізілмеген құжаттық мәліметтер негізінде талдануы тіптен қызықты. Автордың баяндауындағы Анадолы, Румыния және Еуропаның бірқатар елдеріне ауып, қоныстанған ноғайлар тарихы, олардың басынан өткен тауқыметі мол ауыртпалықтар, олардың жергілікті халықтарға сіңісу, өсіп, өніп, кемелдене келіп, толысуы, жоғын іздеп, ата-баба тарихын тірілтуге ұмтылыстары көңілді тербетпей тұра алмайды.

Қазақ, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, өзбек және осылар сияқты ондаған түркі текті ұлттар мен ұлысты елдерге сіңісіп кеткен түбі маңғытайлық ру-тайпалардың оларға кірігу себептері, салдары және маңыздылығы екшеленген бөлімдегі талдаулар да тартымды. Оқылуы жеңіл, мысалға келтірілген мәліметтері де көңілге қонымды.

16 мың жылдан бері қарай сабақтастығы үзілмей жалғастықта келе жатқан Маң (тайпа) > Маңнай (тайпалық одақ) > Маң (ғ) тай (ұлыстық бірлестік) тарихының деректік мәліметтері шынайылығымен, және алғаш рет жеке тақырып болып қарастырылуымен бағалы.

Түбі түрік текті халықтардың өсіп-өнуінің түп бастауында тұрған жұрағаттар – қаңлы, қоңырат және тағы да басқа ондаған ру-тайпалар тарихы топтамасы, олардың түпкі шығу тегінің баяны, ішғұз /сақ-скиф/ және сиуңну /ғұн/ туралы талдауларда автордың әлеуметтану ғылымының зерттеу тәсілдерін тарихи талдаулар жасауда қолдануы барысында аса нәтижелі болып шыққан.

Шежірелік деректерді талдағанда азаматтық тарих деңгейінде қалып қоймай, оны интеллектуалды тарих сапасына жеткізе қарастыру этнотарихқа қалам тартқан екі жазарманның бірінің қолынан келе бермейді. Білімі, білігі жетпегендіктен емес, әрине. Өз руының тарихын әспеттеуге бейімділіктен. Оның мәні – өз ру-тайпасынан өзгелерді көзге ілмеу. Профессор О.Нұсқабаев маңғытай, маңғыт, ноғай тарихын жеке дара емес, түркі тайпалары тарихының құрамында, тығыз бірлікте қарастырады. Асыра дәріптемейді, жерге ұрып айыптамайды. Елдікті, ұлттың ұлы бірлігі идеясын алға сала отырып, салиқалы ойлар айтады. Міне, сондықтан да ғылыми байыптылықпен жазылған еңбекті этнотарихқа қосылған сүбелі үлес деп бағалайтынымыз осы.

ЕСТЕЛІКТЕР

Мелеездегі ұждан еркіндігі мерекесі

Үш күннен соң Мелеуз ауылына жеткенімізде бұл жердегі мұсылман мерекесіне қатысуға келген бұрыннан таныс башқұрт ұстазымды кездестірдім. Ол маған жолшыбай ұшырағандардың бұл башқұрттың менімен кездескенін әкеме жеткізгенін, әкемнің сол заматы атына мініп мені іздеуге аттанғанын, бірақ Азнай ауылында Қазый есімді бай-батша досын кездестіргендігін және оның ұлды күштеп үйге қайтару ойынан баз кешуге көндіргендігін әңгімелеп берді. Бұл хабар мені, әрине, қуантты.

Мелеузде бір кездері патша әкімшілігі тарапынан күштеп шокындырылған татарлар тұрған. Бірақ олардың жан-жүрегі исламға бұрылып тұратын еді. Олар 1905 жылғы революция берген шектелген еркіндіктен пайдаланып мұсылмандыққа ашықтан ашық бет бұрды және үлкен мешітін салып алды. Құрылыс аяқталғаннан соң мешіттің ашылуын атап өтті. Бұл ретте жақын ауылдардан имамдар, башқұрттар мен татарлар арасынан шыққан қадірменді кісілер шақырылды. Құрбандыққа арнап бірнеше жүз қой, бірсыпыра бұқа мен сиыр сойылды. Көпшілігі маңайдағы ауылдардан қымыз әкелді. Мереке күні мені молдалардың арасына отырғызып қойды. «Алеми Ислам» газетінде Жапонияда исламның кеңінен таралуы туралы хабарлардың берілуіне байланысты сөз қозғалды. Исламның ілімінен ауытқып, оның жалған тармақтарының бірін ұстанып жүргендерді мұсылман деп атауға бола ма, деген сұрақ туындады. Ислам өткінші емес құндылықтар болып табылатын бірнеше идеяға негізделіп, мұсылмандықтағы жекеленген бағыт – мазхабтардан жоғары тұрады дей бергенімде және сөзімнің дұрыстығын дәлелдеу үшін исламның Ибн Таймия, Ибн Кайим әл-Джази сияқты ортодокстық* көзқарастағы авторлар шығармаларынан үзінділер келтіруім мұң екен, фанатик молдалар дүрсе қоя берді. Нәтижесінде әр түрлі пікірлер айтылып, қызу таласқа ұласты, исламды түрлі секталарға бөлуді айыптай сөйлегендер де, мені қолдағандар да болды.

* Ортодоксия – алған бағыттан, ұстанған принциптен қайтпайтын.

Менің тарапымнан айтылған пікірге Ильяс (Ильяситдин) Баязитов есімді татар көпесі назарын аударды. Ол мерекеде отырған прогрессивті бағыттағы молдаларды және мені үйіне шақырды.

Ильяс ағаның бұл тақырып бойынша адамдарды байыпты әңгіме-дүкенге тартуды қалағандығы түсінікті болды. Әңгіме қыза түсті. Мен жиналған молдаларға басқа елдерге барып оқуымды жалғастырғым келетінін айттым. Олар діни танымымды кеңейту үшін Мысырға баруға кеңес берді. Сол кездегі Башкортостанның шалғай бұрышында Ибн-Таймияның ой-пікірлеріне қызыға қарайтын көпестің табылуы башқұрттар мен татарлар арасында ұлттық сана-сезімнің оянуы мен білімнің таралуын айғақтайтын қуанышты фактілер еді. Бұл кісі маған жолыңа деп тағы да төрт-бес рубль берді. Мұның өзі қандай жақсы жәрдем болды десеңізші!

Қонақбайдың сұлуы

Мелеузден мен жаяу шығып кеттім. Әкем іздеу салады ма деп қауіптеніп, үлкен жолға жақын бармадым. Егінді жерде түнеп шықтым. Бір күні Қонақбай ауылының шетіндегі шағындау салынған жай қора-қопсы маңынан бір-ақ шықтым. Үй иесі үйінде жоқ боп шықты. Олар өте кедей жандар екен. Інісімен қалған он төрттер шамасындағы қыз бала шай қайнатып, дастархан жайды. Екеуі де таңғаларлықтай сұлу еді. Ол жерде қайтыс боп кеткен қайыршының шапанынан тігілген көрпе бар екен. Құдайым-ай, қандай кедейшілікті бастан кешіруде еді бұл жандар, әрі қарай қалай өмір сүрер екен деп ойладым. Мен оларға өзімнің дорбамдағы нанымды, қазымды және құртымды бердім. Менің басынан бір ой кетпей қойды: «Бұлар қандай керемет сұлу жандар, сонымен бірге не деген қайыршылық өмір сүруде». Түрік тұрмысының ащы кереғарлығы туралы кезінде Жалалиддин Руми мына жолдарды жазған екен: «Түріктің киіз үйі қаншалықты қараңғы және жұтаң көрінсе де, ондағы сұлудың жүзі ай сияқты жарқырайды». Бұл лашық тұрғындарының сауып ішетін бір ғана ешкісі бар. Дегенмен де башқұрттардың қонақжайлығының шегі жоқ және егер де бұл балалардың әкесіне рухани жақын досы ишан немесе шейх келе қалса, ол ойланбастан қонағына өзінің жалғыз ғана ешкісін сойып тастар еді. Егер мен оқуды ойламағанымда бұл қызға үйленген де болар едім. Ол «Сен тағы да келесің бе» деп ұялып сұрағанда, «Мен алысқа оқуға бара жатырмын» деп түсіндірдім. Ол «Алыс жол жүргенде керек боп қалар» деп маған ақ жібiмен қоса инесiн бердi. Мұның өзі жолаушыны бір кезде кері қайтаруға

ниеттенгендігін білдіретін біздің халқымыздың әдет-ғұрыптарының бірі болуы мүмкін екендігін кейініректе білдім.

Үлкен жолдан бір бұрылыстағы Мұса ауылында әкемнің Набиқажы атты досын кездестірдім. Бұл толықтау келген адам еді. «Егер сенің әкең ізіңе түсіп жүрсе, қашып кетуіңе жәрдемдесем», - деп сендірді ол. Ол да менің деревняда байланып қалып кетуімді қаламаған жандардың бірі еді. Келесі күні ол аттарын жегіп, Қарғалыға дейін жеткізіп салды да, жолыңа деп азғантай ақша берді. Сен дұрысырақ киініп жүр деп тағы да бір мата берді: «Орынборда киім тіктіріп аларсың», - деді. Мен бұл матаның орнына Қонақбайдың балаларының қиын жағдайын тілге алып, менің атымнан оларға көрпе тапсыруын өтіндім. Ол қыздың есімі Зүлейха еді. Қызбен сүйісу деген біздің ауылда өмірі болмаған жағдай. Сүйісу туралы мен орыс романдарынан ғана оқыған едім және бұл құштарлығымды басып тастап жүргенім қандай жақсы болды.

Уақыт өтіп жатты. 1913 ж. мен Орынбордағы Стерлитамак жаққа салт атпен бардым, жолым Қонақбай ауылына жақын жерден өтетін еді. Ол кезде Зүлейха есімді қызға арнап Гетенің жазған өлеңдерін оқығаным бар. Немісше үйрене бастаған кезім:

«Сүюдің тәтті ләззатындай махаббат күнәһарлығының азабын өшіруге мүмкіндік бергейсің,

Сенің маған сыйлаған фетишің, сенің жүрегінде менің талисманым болып қалсын».

«Зүлейха берген ине мен ақ жіп мен үшін сол фетиш болды-ау» деп ойладым.

Станциядағы почтада бұл ауылдың тұрғынын кездестіріп: «Бірде бұл жерлік Зүлейха есімді қызды інісімен бірге көрген едім, олар деревняның шетіндегі лашық үйде тұратын-ды, олар қалай өмір сүріп жатыр» деп сұрадым. Ол: «Олар қазір отбасын құрған, екеуінің де балалары бар және оларға бір шәкірт келген, содан соң оларға екі көрпені беріп жіберген. Сол адам сен емессің бе?» – деп сұрады. Мен «олар өте кедей тұратын еді» дей салдым. Набиқажыдан оларға сыйлық беріп жіберген едім. Ол: «Сенің өзің кедей шәкірт бола тұрып, қалайша басқаларға жаның ашып, жәрдем беруге ықыласты жан едің», - деді.

Орынборға келіп жетуім, «Хұсайния» шәкірттері

Менің ақшам өте аз қалып еді және оларды тек тамаққа ғана жұмсадым. Муэдзиннің келісімімен мен шөп базарының қасындағы

мешіттің бұрышынан орын алдым. Мешіт кішігірім бөлме сияқты еді. Таңғы намаз басталмастан-ақ тұратынмын және ақшам намазынан соң ғана ұйықтауға жататынмын. Киімім кірлеп кеткен соң оны жуу үшін Сакмараға бардым. Ағын су көйлегімді ағызып әкетті. Ауыстыратын көйлекті алмап едім. Оны алам деп жүріп өзімнің суға батып кетуіме сәл-ақ қалды. Ағаштың су шайған тамырына қолым тиіп, әйтеуір содан соң жағаға шығып алдым. Ағын су мені алысқа қарай әкетіп еді. Көйлегімді ағызып әкетті, ал мен аман қалдым, бұл үшін де құдайға мың да бір рахмет айттым. Жолда «Хусаиния» медресесінің бір топ шәкірттерін кезіктірдім. Олармен бұрынырақ танысқан едім. Олар мені толқынның ағызып әкете жаздағанын көріп өзенге жүгіріп келген екен. Олардың арасында Бектемір атты башқұрт жігіті бар екен. Кейініректе ол қайтыс болып кеткенге дейін біздер достасып жүрдік. «Аллах сені құтқарды, оған рахметіңді жаудыр», - дейтін ол. Мен де оның сөзін қоштап: «Малтуды білместен ағын суға түсіп кеттім, өзіме де сол керек, және сол үшін құдай мені жазалады, бірақ та соңғы сәтте құтқарылуым үшін суда тырбиып өскен ағашты (коряга) ұстата салды», - деп едім, ол: «Ештеңе етпейді, қорықпа, жүзуді өзім үйретермін», - деп мені жұбата сөйледі. Мені жатақханасына әкеліп, көйлегін берді. Түстеніп алдық. Оның достарының арасында кіші інісі Ғабдолла Баттала да бар еді. Жазушылығымен танылған бұл адаммен мен кейініректе таныстым. Оны Кави деп атап кеткен, ол қазіргі тілмен айтқанда, «өз бетімен кеткен жастардың» бірі еді, сол кезде елде оларды «материалистер», «атеистер» деп атаған. Бұдан кейін мен онымен достасып кеттім. Оларға менің сыртқы пішінім бір түрлі қызық көрінді, өйткені мен нағыз ауылдық башқұртша киінген едім; басымда аң терісінен әдіптеліп тігілген бөрік және тебетей, иығымда бешпент және елян, аяғымда – етік (ичиг) пен ката (тері шәрке), үстімде кенеп көйлек (түйме орнына пайдаланылатын бау), шалбар дегенің жоқ, оның орнына шын мәніндегі қолайсыз әрі күлкілі фасонмен тігілген ерекше бір кенеп дамбал, оның белбеуі де жоқ, жай ғана байланатындай жіп өткізіліп қойылған. Медреседегі жаңадан келген қалжыңбас достарымның бірі менің кенеп дамбалының бауын тартып қалып еді, ол түсіп кетті. Мен ыңғайсыз жағдайда қалдым. Бәрі де көздерінен жасы аққанша күлісті, Олар ешуақытта мұндай киімді киіп жүруге болмайтынын ескертті. Бектемір қалалықтарша тігілген шалбарын берді. Бұл менің бірінші рет еуропа үлгісімен тігілген шалбарды киген кезім. Біздің ауылда шалбарды тек қыстың күні ғана киетін-ді. Менің сыртқы түрімді көрген шәкірттер шалғай ауылдан

келген аңқаулау біреу екен деп әжуалап жүрді. Олардың арасында орысшаны аздап білетіндер және социализм туралы түсініктеме беретіндер де болды. Менің парсы және араб тілдерінде сөйлесе білетінімді, ал орысшаны олардан жақсырақ білетінімді білгеннен соң олар қатты таңқалысты. Үйден шығып бара жатқанымда дорбама Абу'ль Ала әл-Мааррдың кітабын («Әл-Лузумият»), Ядринцевтің «Положение инородцев в Сибири», Аттардың «Шейхтардың өмірбаянын» сала салғам. Орыстың кітап сатушысынан Гараб Навзидің «Орысша-арабша сөздігін» сатып алғам. Бұл кітаптың өте-мөте пайдасы тиді. Жұмыс арасында жаңағы сөздікті пайдаланып, Ядринцевтің¹² кітабынан жекелеген үзінділерді түрік (шағатай) тіліне аударып жүрдім. Оны Бектемірге көрсеттім. Түсінігім бойынша, кітаптың «Причины гибели нерусских народностей и их способность к культурной жизни», «Значение кочевой жизни в истории развития культуры человечества» атты екі бөлігін аудардым. Осы себепті «жұрттың ыңғайына жығылмайтын жастардың» маған деген көзқарасы елеулі өзгерді.

Бектемір ауыл имамының ұлы еді. Ол тағы да маған өзі киіп жүрген жазғы пальтосын берді. Сөйтіп, мен қалалық адамның кейпіне кірдім. Басқа шәкірттер орыс және араб тілдерінен дәріс беруімді өтінді. Бірақ мен білімім әлі де жеткіліксіз деп көнбедім. Сонда олар өздері тұрған жатақханаға барып, олармен бірге тұруымды қалады. Бірақ та олардың ішінде шарап ішуге, қарта ойнауға құмартатындардың барын білгеннен кейін оларға жақындағым келмеді. Мешіттен шығысымен біздің ауылдан кетіп саудамен айналысып жүрген мишарлық түріктің үйіне бардым.

Бектемір маған әжептәуір жүзуді үйретті. Біздер күн сайын Сакмараның баяу ағатын жеріне барып шомылып жүрдік. Шәкірттер бұл жігіт әрі қарай немен айналысар екен деп қызықты, бірақ мен ары қарай не істейтінімді өзім де анық білмейтін едім. Алайда оқуымды міндетті түрде жалғастыра беретініме сенімім кәміл еді.

Камал-байдың емтиханы

Нақ сол күндері Түркияда революция болған еді. Татарлар ашқан оқу залына келіп Парижде жас түріктер¹³ тарапынан шығарылып жатқан «Шура» және «Уммат» газетінде жарияланған жаңалықтармен таныстым. Орыс газеттері де бұл жөнінде егжей-тегжейлі хабар таратты. Түркиядағы бұл оқиға менің көңілімнің

төрінен орын алды. Мұса-қажының кеңесімен мен татар байларының бірі Камал-бай Ғабдуллинмен таныстым. Ол менің Стамбұл, Бейрут немесе Мысырға оқуға барғым келетінін мақұлдамады. Өздерінің мүмкіндіктеріне қарай менен емтихан алды. «Қырық парыз туралы түсінігің бар ма?» - деп сұрады ол. Намаздан, зекеттен, ораздан және қажылықтан басқа парыздарды білмегендіктен, оның сұрағына жауап бере алмадым. Бұдан соң ол кейбір намаздар – доға туралы сұрады, алайда оларды да білмейтін болып шықтым. Әңгіме мынада еді: Менің тәлімгерім Хабибназар маған ең алдымен әдеби арап тілін үйреткен. «Діни мәселелерді кейін біле жатарсың», - деген еді ол, бірақ та ол мәселелермен кейініректе де айналысуыма тағдыр маған жазбаған екен. Либералдық көзқарасты ұстанған бұл адам намаздың парыздарына, міндеттеріне мән бергенмен, суннаға кіретін бөлімдерге назар аудармапты. Камал-бай менен бұл туралы да сұрады. Мен бұл ретте білмейтінімді байқаттым. Бұл жерде оның іс басқарушысы да болып еді, ол маған кінәлай қарады. «Құранның бір жерінде мұсылманның жеуіне болатын малдың төрт жұбы, басқа жерінде - сегіз жұбы аталған», – деді менен емтихан алушым.

– Араб тілін түсінеді екенсің, оларды атай аласың ба?

Мен Құранның кейбір жерлерін түсінемін, бірақ «асбаби нузул» және «ахкамға» әлі жеткенім жоқ дедім. «Стамбұлға немесе Мысырға барудан алдын, саған бұл жердің өзінде әлі көп нәрсені біліп алуың керек, - деді маған Камал-бай. – Осы жылы Зағит хазіреттің медресесінде оқи тұр, мен жәрдем беріп тұрамын. Бірақ Стамбұлға жетуіңе мен ақша бере алмаймын, өйткені үлкен құрылысты бастап жібердім». Бұл ретте Абу'ль Ала әл-Маарридың «Бұл дүниеде бәрінен кедей адам – бұл жеткілікті ақшасы болмай тұрып ұлы да қуатты әскерді жасақтауды ойлаған патша» деген өлең жолдары есіме түсті.

Камал-байдан алыстаған бетте мен тәлімгерім Хабибназарды кінәлай бастадым: Сен маған молда Джами мен Тефтазанидың «Мутаууал» және «Нехж әл-белаг» кітаптары бойынша синтаксис, әдебиет, риториканы үйреттің, Ибн Халликанның¹⁴ тарихи кітаптарын оқуымды қаладың, ал міне «қырық парыз» мәселесінде менің ұяттан бетім қызарды. Міне, маған жасаған жақсылығың. Бұл жөнінде досым Ибрагим Қасқынбайға жазып жібердім. Камал-бай өзінің іс басқарушысымен маған көмектесуге уәде еткен болса да және оларға барып тұруыма болатын еді, алайда Орынборда жүрген кезімде бірде-бір рет оның үйіне кіріп шықпадым. Бірақ Камал-байдың сөзі менің басыма құлағы бар ағаш шелекпен суық суды құя салғандай әсер етіп,

іштегі толқыныстарымды басып тастады, өйткені ол менің надандығымды көрсетіп, білім қуу мақсатында дереу Мысырға немесе Бейрутқа жол тарту жөніндегі жоспарымнан бас тартуым керек екендігін айқындап берді. Камал-байдың пікірінше, Хабибназардың үйреткені ұсақ-түйек қана жайттар.

Ризаитдин Фахретдин

Бұл жылы Орынборда Ризаитдин Фахретдиннің жетекшілігімен «Шура» журналы шыға бастаған-ды. Сол жылы ол мәшһүр ғалым Абу'ль Ала әл-Маарридың өміріне және философиялық іліміне арналған еңбегін жарыққа шығарды. Оның кітабын ауылда жүрген кезімде-ақ оқыған тұғынмын. Сөйтіп, әкемнің жақын досы Р.Фахретдинге бардым. Ол мені жылы шыраймен қарсы алды. Журналды қаржыландырған Рамиевке тиісті жеке үйде тұрып жатқан екен. Біз тарих, әдебиет, әсіресе әл-Маарри туралы ұзақ әңгімелестік. Әрине, мен оған «Қырық парыз туралы қиссаны» айтпадым. Ары қарай оқығым келетінін жеткіздім. Ол орысшаны аздап білетін-ді, орысша тарихи кітаптарды, оның ішінде Соловьевтің тарихын көрсетті. Мен оған орыс мектебінде немесе Сирияға барып оқысам ба екен деп толқып жүргенімді айттым. Ол елімізде қалып қызмет ету керектігін нұсқады.

Р.Фахретдин 1926 ж. қажылыққа сапар шеккен бойда жолшыбай Стамбұлға тоқтаған және Саматъя қонақ үйінде тұрған еді. Ол біздің 1918 жылғы Орынбордағы әңгімемізді есіне алды. «Сол кезде Ресейден кетіп қалғаның қандай өкінішті болар еді, - деді. – Өйткені, Сирияға барғаныңда революция жылдары өзіңнің шығыс түркілері арасындағы тарихи миссияңды орындай алмас едің. Біздің Түркияға кеткен зиялыларымыздың ішінен тек Юсуф Акчура мен Ахмет Ағаоғлы ғана бұл аймақтың мәдениетінде қомақты, елеулі ізін қалдыра алды».

Мен «Шура» журналын қаржыландырған ақын Зәкір Рамиевтің үйіне бардым. Онымен мен Ирендық тауларының шығыс беткейінде орналасқан «Сұлтан» атты алтын кен орнында танысқан едім. Мен әкеммен бірге Троицкіге бара жатқанда ол жерге аялдаған едік. Оның өлеңдері керемет еді, ол шағатай әдебиетін жетік білетін-ді.

Бұл жылы «Шура» журналының мұқабасында Әлішер Науаидің төрт жолды өлең шумағы басылған екен: «Ей Құдайым-ай менің махаббатымды біле тұрып және менің ынтықтығыма орай, сен менің сүйіктімнің бұрымының ұзындығын оның бойымен бірдей етіп жаратыпсың» (бірақ шын мәнінде бұл өлеңдер ХІ ғасырда өмір сүрген

алтынордалық ақын Хорезмийдің қаламына тиісті болуы керек). Мен Зәкір-бейге бұл поэтикалық үзіндінің сондай әсерлі екендігін айттым және Науайден есімде қалған тағы бірдемені жатқа айтып бердім. Ол бірден бұл өлеңдерді өзінің дәптеріне жазып қойды. Айтқандай менің өзіме қатты ұнаған Науaidің тағы да мына бір өлеңдерін оқыдым: «Бөтен жерде адам шаттыққа бөлене де алмайды, еңбегімен де, ғалымдығымен де алғыс ала алмайды. Алтын торда әдемі гүлдің гүлдеуі мүмкін, бірақ та жат жерде бұлбұлға, тіпті тікенектердің арасында да ұя салуға мүмкіндік берілмейді». Ол үнемі жабырқаулы жүреді.

Зәкір Рамиев өлеңнің мән-мағынасы менің жағдайым мен көңіл-күйіме сәйкес айтылғанын бірден түсінді. Мен оған Қазанға барып, ондағы бұратаналар мектептері үшін орыс тілінің оқытушыларын дайындайтын мектепке түскім келетінін айттым. Ол менің ойымды құптады. Мен оны өзімнің бейшара материалдық жағдайымнан хабардар еткім келмеді. Соған қарамастан «Вақыт» (Уақыт) газетінің редакторы Ярулла Валиевпен кездесуіме кеңес берді. Келесі күні сол адам Зәкір-бейдің атынан маған 50 рубльді табыстады.

Зәкір-бей ағынан жарыла сөйлесті. Ол менен Науaidің өлеңдерін қай жерден оқығандымды сұрады. Мен ««Диуан» әкемде және Қасқынбайда бар, ал тасқа басылған «Хамса» Сайрамдық Бекболат-хазіреттен табылады», – дедім. Ал Зәкір-бей Әлішер Науaidің «Хамсасы» мен «Диуанын» әлі көрмеген екен, оның тек «Мухакамасын» ғана оқыған болып шықты.

Астраханға саяхат. Гумердің ұлы Ғабдрахман

Наби қажы мен Зәкір Рамиевтен алған ақшаға алдымен Астраханға барып, содан соң Қазанға жолға шығу үшін Орынбордағы товар поезына отырдым. Бузулук қаласынан түсіп, Ғалиәскер Шағатай атты имам және редактормен кездестім. Либералдық көзқарасты ұстанған бұл адам Пайғамбардың Айшасының абыройын төгуге тырысқан еңбек жазған. Әңгімесінен белгілі болғанындай, мұндай мәліметтерді ол орыс миссионерлерінің шығармаларынан алған көрінеді. Оның үйінде ислам тарихы бойынша ешқандай деректердің жоқ екендігін байқадым.

Самара қаласында мен «Иқтисад» журналының баспагері, зиялы және сүйкімді жан имам Фатих Муртазинмен кездестім. Біз онымен халқымыздың өмірі туралы сөйлестік. Ол бұратаналар үшін ашылған

мектептегі оқумен шектеліп қалмастан, экономикалық ғылымдармен де шұғылдануым және университетке түсудің жолын іздестіруім керек екенін айтты. Емтихандарды тапсыра алуым үшін өз бетіммен оқуым керектігін ұқтырды. Мұндай кеңесті өз кезінде д-р Зайнаб Абдрахманова мен адвокат Сұлтанов та берген еді. Хазірет Фатихтың да маған нақ осындай кеңес бергені таңғалдырды.

Мен кемеге отырып Астраханға қарай бет алдым. Бұл сапардағы бір ғана мақсатым – бұл қалада «Идел» атты газетті шығара бастаған Ғабдрахман Гумеровпен кездесу еді. Ол Қара-ноғай түріктерінен шыққан және менің немере ағам Хабибназардың Қазандағы Маржани медресесінде сабақ беріп жүрген кездегі шәкірті болатын. Бірде өзінің ұстазын іздей жүріп Ғабдрахман біздің деревняға келген-тін. Ол кезде мен кішкентай едім. Олар әкеммен және оның інісі Қали молдамен бірге Агидельдің және Жайықтың бойымен серуендеп, ежелгі ноғайлар дастандарында әңгімеленетін Шықмамай, Иремел жайлауларын кезіп шыққан. Әкем және немере ағаммен ұзақ жылдар бойы хат жазысып тұрды.

Гумеров Астрахан қаласының шетіндегі Тияқ атты махаллада тұрған. Ол мені үйіне апарып, содан соң Астрахан маңайындағы ноғай ауылдарын аралатып көрсетті. Ол да ежелгі түрік дастандарын сүйіп оқыған, зерттеулер де жүргізіп, олардың бірсыпырасын жариялаған жан еді. Мен одан оқуымды жалғастыруым жайында кеңес сұрадым, бірақ ол редактор болғандықтан менің әдеби мүмкіндіктеріме қызығып, Астраханда қалып газетте қызметке тұруға және осында үйленуіме кеңес берді. Бірақ мен өз ниетімнен қайтпай, Қазанға барып оқуымды жалғастыруым керек деп тұрып алдым. Содан соң кемеге міндім.

Қазанға теңдер арасында отырып эзер дегенде жеттім. Қазанға біраз ақша тауып алып бару үшін жұмысқа тұрмақшы болдым да, Саратовқа жетпестен Балаковқадан түсіп қалдым. Біреулердің айтуымен орыс байы Прохоровтың қожалығына тарттым. Астраханда тігіп алған қысқы киімдерім мен кітаптарым салынған дорбаны асынып, сапарға шықтым. Әлі де отыз шақырым жол жүруім керек. Жаяу жүріп келем, аяқтарым қажалып кетті. Кешке қарай, ақырында бұл қожайынның тұрағына да жетіп алдым. Бір шайханаға кіріп, Ибрагим Қасқынбай мен анама хат жаздым. Жолшыбай көрген азабымды жаздым, бірақ оқуым үшін бәріне де шыдайтынымды жеткіздім. Әкеме маған деген ашуы әлі тарқамағандықтан хат жазбадым.

Сол орыс байының қожалығында астық бастырғышта 15 күн істедім. Мен 20 күн істеймін деп ойлап едім, астық бастырғышы құрғыр бұзылып қалды. Сол үшін басқарушыдан сөгіс естідім. Бұл менің намысыма қатты тиді. Қорлық көріп тапқан ақшасы құрысын дедім де, істеген күндерім үшін есеп айырыстым. Ақшаны босқа шығындамау үшін Балаковоға жаяу кеттім. Онда күні бойы пристанда кемені күтуіме тура келді. Гузайр есімді камалектік башқұрт үйіне өзінің жүк арбасымен баруға ыңғайланып жатқан еді. Оған: «Мені де ала кетші. Камалек башқұрттарының отанын көргім келеді. Ол жерде менің Иштуған атты бабаларымның бірі жерленген», - дедім. Ол шын көңілімен мені арбасына шақырды. Біз башқұрт ауылдарының Солақ атты жеріне келіп жеттік. 1917 жылы біздің қозғалысымызға Камалек башқұрттарының ішінен өте абыройлы кісілер келіп қосылған еді. Бұл саяхатымыздың 9 жылдан кейін басталған саяси қозғалысымызда көп пайдасы тиді.

Келесі күні азанда тағы да Балаков пристанына аттандым. Кемеге үлгермедім. Келесі күн күтуіме тура келді. Сондықтан Ибрагим мен анама ұзыннан-ұзақ хат жаздым, онда бастан кешкендерімді өлең жолдарымен жеткіздім. Кемеді Пушкиннің «Пугачев көтерілісінің тарихын» аударумен болдым.

Маржани және оның шығармалары

Қазанға әупірімдеп жетіп алғаннан соң, менің немере ағамның ұстазы Шигабутдин Маржанидің медресесіне және оның ұлы молда Бұрханға баруға асықтым. Медресенің **мударисі** Сафи-хазірет және оның шәкірттерімен сөйлестім. Маржани – Ресей мұсылмандарының арасынан соңғы ғасырларда шыққан ең ұлы ғалым. Ол орыс ориенталистерін де мойындатқан жан. Орыстың ғылыми конгрестеріне қатысқан. Бірақ оның медресесін басқарып жүрген хазіреттен мен түңіліп кеттім.

Қасым-хазірет және оның төңірегіндегілермен менің қарым-қатынасым жақсы еді. Маржани менің тәлімгерім Хабибназардың ұстазы болғандықтан, оның айналасындағы рухани атмосфераны жақсы білетін едім. Молла Бұрханның және Қазанның басқа бір атақты ғалымы Ғалымьян Барудидің кітапханасында Маржанидің осы уақытқа дейін жарияланбаған сегіз томдық еңбегін – «Вафиятел аслафты» араб тілінде оқыдым. Ол еңбекке кіріспе ретінде бұл шығарманың тек бірінші томы ғана басылып шыққан еді.

Араб философы Ибн Халдунның¹⁵ стилінде жазылған «Муқаддима» деп аталатын өзінің осынау еңбегінде Маржани бірқатар либералдық ой-пікірлерді алға тартқан. Өзінің осынау ұлы еңбегін, сондай-ақ 1881 ж. баспадан шыққан бұл еңбектің қысқа нұсқасын Маржани халифалардың тарихына, ислам ғалымдарының өмірбаянына арнап жазған, соңғы томдарында Волга бойы, Түркістан және Осман империясының ғылыми қайраткерлері туралы жазылған. Кішкентай жас бала болғандықтан мен бұл ұлы шығармалар туралы ештеңені білмеген едім, сондықтан оларды оқу маған орасан зор ләззат бағыштады. Ресей академиясының хабарламасынан бұл мәшһүр еңбектердің Қазан университетінің кітапханасында сақталғанын, олардың әлі күнге дейін баспадан шықпағанын, каталогы жасалмағанын біліп алуға болады. Бұларды қысқартылған түрде, тіпті орыс тілінде шығаруға болар еді.

Өткен ғасырларда өмір сүрген шығыс түріктері мәдениетінің бұл ескерткіштерін дұрысырақ аударып алатын бірде-бір адамның табылмауы таң қалдырарлық жайт. Қазіргі уақытта қазан татарларының арасынан араб тілін жақсы білетін мамандарды дайындау қолға алынса игі іс болар еді.

Қазан реформистері

Сол жылдары қазан татарларының арасынан ауқымды реформалар жүргізуді қалайтын жандар шыққан еді, мектептерге өзгеріс енгізуге ұмтылатын жастардың ұйымдары да бар еді. Жалпы алғанда, Қазанда мен адамдармен жан-жақты байланыс орнатудан қашқақтайтынмын. Реформаторлар «Ислах» атты газет шығарып тұрған. Мен олармен біршама кездесіп тұрған едім, алайда олардың іс-әрекеті мақсатсыз, жоспарсыз, ал идеяларының негізі жоқтай көрінді және табандылық танытып әрекеттенген жандар емес еді. Олар татар медреселерін гимназияларға, техникалық мектептерге, университеттерге айналдырмақшы ниетте еді. Ол кезде мен шын мәніндегі ескірген медресені екі типтегі орта мектепке айналдырғанды жөн деп ойлады. Олардың бір бөлігі – христиан типіндегі «Илахият семинарияларына», басқасы – мұғалімдерді дайындайтын мектептерге айналдырылса мақсатқа сай болар еді. Бұл ойымды «Баянел хақ» атты татар газетінде жариялап жаздым да. Бірақ оны реформистер ұната қоймады. Ақын Ғабдолла Тоқай маған өлеңдерімен жауап қатты, ал жазушы Фатих Әмірхан мақалаларын жариялады. Олар менің жазған мақаламның авторы журналист Ғабдолла Ғисмати екен деп ойлап

қалған. Сондықтан сөздерінің сарыны зілді еді. Менің мақаламды келемеждеп Тоқай өлеңдерін эпиграмма жанры түрінде жазды: «Бұл зиялы адам жоғары мәдениетті сатып кетті». Кейініректе мен оған мақаламның авторы Ғабдолла Ғисмати емес екенін есіне салып едім, ол эпиграмманың кейбір тұстарының жөнсіз екенін мойындады. Бұл ақынмен сырлас болып жүрген адамдар (Фатих Әмірхан тобы) ішімдік пен құмар ойындарына әуес еді, сондықтан мен олармен оншалықты жақындаса қоймадым. Ақын тұрған «Бұлғар» қонақ үйінде онымен кездесіп жүрдім. Және ақынның «қ» әрпімен (қазы, қыз, қымыз) басталатын өлеңдері өз бастауын Шайбек-Ханнан алады деп түсіндіргенімде ол шағатай әдебиетіне қызыға қарады, бірақ достарынан қолдау таппаған соң, қызығушылығы лезде басылып қалды.

Менің Яруллах Бигиевпен және Кади Ғабдрашитпен танысуым

«Ислах» газеті редакциясының жоғарғы қабатында атақты ислам ғалымы Мұса Яруллах тұрды. Көп өтпей онымен танысып алдым. Менің араб әдебиетіне ден қоюым оған өте ұнады. Біз әл-Маарридің кейбір идеялары мен оның осынау газетте жарияланған мақалалары туралы сөйлестік. Оның үйінде мен атақты саяхатшы және редактор Ғабдрашит Ибрагиммен таныстым. Ол менің әкемді біледі екен, қажылыққа онымен бірге барған. Ғабдрашит Қазанның «Янги бистэ» аталатын ауданында орналасқан үйіне шақырды. Мен оған оқығым келетінін айттым. Ол да Ризаитдин Фахритдиннің сөзін қайталады; араб тілі мен әдебиетін меңгеру үшін Сирия немесе Мысырға барудың қажеті шамалы; бұл жерде, Қасым молданың үйінде араб тілінің көрнекті білгірі, тегі Мағрибтық жұрттан шыққан Ахмет Шанкити тұрады. Оның Қазанда бір жыл бойы қалатын ойы бар. Араб тілін сол кісіге барып жүріп үйреніп аларсың. Және Мұса Яруллах та бар. Ал орыс тілін үйрену үшін орыс мектебіне түсудің қажеті жоқ, бұл дегенің ахлақсыздықтың, моралсыздықтың ошағы, оны өз бетіңмен үйрен, емтихан тапсырарсың, мүмкін гимназия бағдарламасы бойынша емтихан тапсыруға дайындалатын боларсың. Қостанайлық татар Ғабдолла Ғисмати да осы жолдан барды, - деді Ғабдрашит. Сөйтіп, екі жылдан бері шешімін таба алмай келе жатқан мәселем – Ресейде қалып орысша оқуым керек пе, әлде ислам елдеріне барып білім алуым керек пе деген мәселеде біріншісін таңдадым. Өмірімнің бетбұрыстық кезеңдерінде маңызды шешімдерді әдетте сенім артқан адамдармен

ақылдасып барып қабылдауды әдетке айналдырған едім. Мұның өзі жақсы нәтижелерге қол жеткізуіме жәрдемін тигізді.

Ақшам қалмағандықтан, мен «Қасымия» медресесіне түстім. Ондағы дәрістер мені қанағаттандыра алмады. Фатих Мухамедиярова мұғалиманың математика сабағына қатыстым. Араб тілі мен әдебиеті бойынша Ахмед Шанкитидан дәріс алдым, арап жазушысы Харриридің әзіл-оспақты әңгімелерін оқи бастадым. Кейде Ахмед Шанкити, кей-кейде Мұса Яруллах немесе Қасым хазірет материалдық көмегін көрсетіп тұрды. Мұса әпендіден арап ақыны Тарфа Ибн Әл-Абданың диуандарын, Ибн Дурайданың мадақ өлеңдерін оқып үйрендім. Мұса әпенді менің орыс тілін қаншалықты меңгергенімді тексеріп жүрді және қажетті кітаптарын бері тұрды. Баспаға дайындалып жатқан, корректорға берілетін арап шығармаларын маған оқытып, бұл үшін төлем ақысын беріп тұрды.

Ғабдрашиттің ұлы Мунир-бей «Баянел хақ» газетінде хаттар бөлімінің меңгерушісі болып істейтін-ді, ол да басылымға дайындалып жатқан ғылыми мақалаларды маған оқытып, мұның ақысын беріп тұрды. Бірде Мұхаметьян Сайдашев бұл газетке шығатын альманахқа мақала жазуымды тапсырды. Мен мақаланы орыс деректері негізінде дайындадым.

Бір күні Мұхаметьян Сайдашев қожайын Ғабдрашит әпендінің ұлы Мунир-бейге менің орысша, арабша және парсышаны меңгерген жігіт екенімді, сонымен бірге ауылдық киімде жүретінімді және маған дұрысырақ киім тіктіріп бергісі келетінін айтты. Мен қалалық татар киімін кигім келмейтінін, орысша тігілген киімді ұнататынымды айтқанымда ол қатты ренжіп қалды. Сол күні Қазан базарына барып, орысша үлгіде тігілген киім алдым. Мұхаметьян Сайдашевтің бөліміне осы киімде кіргенімде ол маған тиісті ақшаны да бермеді. Сайдашев сияқтылар өте тәкаббар жандар еді.

Орыс тілінен жеке дәріс алуым және ислам ғылымдарын оқып білу

Мен орыс тілінің дәрістерін «Қасимия» медресесінің жанындағы бұратаналар үшін орыс тілінің мұғалімдерін дайындайтын «Мектепте» істейтін Емельянов атты кісіден алдым. Қазан қоғамында бұл мектепте бұратаналарды христиан дінін қабылдауға дайындайдымыс деген қауесет тарағандықтан, мен орысша сабақты оның үйіне барып жүріп үйрендім.

Қазанда жүрген кезімде, 1) Маржанидің жарияланбаған еңбектерін оқумен, 2) арап тілін үйренумен, 3) бұратаналар мектептерінде сабақ бере алатын орыс тілі мұғалімі деген атақ алу үшін емтихандарға дайындалумен уақытымды өткіздім. Басқа жаққа бұрылуға шамамды келтірмейтін тағы да бір қосымша сабақтарым болды: бұл – біздің ислам діні мен білімінің негізін құраған «Құран» мен «Фикхтың» орысшаға ыңғайлап жазылған нұсқасын үйрену еді. Мұны Құранды жақсы білетін адам арқылы оқуға тырыстым және арап деректерін орысша аудармасымен салыстырып оқуды мақсат тұттым, ондағы ойым – нағыз шынайы сенімге ие болу еді. Ғабдрашит әпенді мұның үшін түсіндірмелерімен берілген Құранды баспадан шығарған имам Садық Иманқұловқа жүгінуің керек деп кеңес берді. Немере ағам баяғыда алдымен әдебиетті оқы, содан соң ғана барып Құран және «Фикхпен» айналысарсың деген еді. Сондықтан да мен исламияттың негізін қалаған білімдерден жырақта қалған едім. Менің дініміз туралы ең жалпы және терең танымға ие болуға ықыласым ауды. Имам Иманқұли аптасына екі реттен Құран және «Фикх» бойынша арнайы дәріс беруге келісті. Үйде мен Құранның Г.С.Саблуковтың¹⁶ орысша аударған нұсқасының үзінділерін, сондай-ақ намазға қатысы жоқ Ташкентте басылған «Хидаидың» бөліктерін қайта-қайта оқып жүрдім. Оларды имам әпендімен бірге арапша мәтінмен салыстыра қарастырдым. Үш ай бойы салыстырмалы оқудың нәтижесінде мен біріншіден, Бұхарада оқыған Садық моллаға мәтіннің барлық нәзік жерлерінің бүге-шігесіне дейін толық жетпегендігін, екіншіден, арап тіліндегі біздің дініміздің негізгі деректерінің барлық егжей-тегжейлі терең иірімдерін білу – менің тағдырыма жазылмаған жайт екендігін білдім. Мұның өзі өте көп уақытты алып, сондықтан мұны жүзеге асыру маған қиынға соғар еді. Егер мұнымен шындап айналыссам орыс мектебіне түсу нәсіп етпейтініне және орта білім алу жөніндегі ойды тәрк етуім керек болатынына көзім жетті.

Егер де Құран мен «Фикхтың» терең иірімдеріне бара алғанымда, олар туралы нақты білімді ала алғанымда нелерге қол жеткізер едім деп те ойлаған едім.

Үш айдан соң мен бұл дәрістерімді бір сағатқа азайттым да, содан соң мүлдем тоқтаттым. Бірақ Саблуков аударған Құранды өз бетіммен оқумен және «Хидаи» туралы жалпы мәліметтермен танысумен ғана шектелдім. Сөйтіп, ислам жөніндегі білімімді біршама молайттым.

Ислам тарихын, оның мәдениетін, тарихи географиясын түрлі дәуірлердегі экономикалық жағдайларын жақсы білгендіктен, мен 1935-1939 жылдары Германияда Бонн және Гёттинген университеттерінде ислам ғылымдары бойынша профессор міндетін атқарушы болып істедім, сондай-ақ менің ұсынысым бойынша Стамбұл университетінде ашылған исламды зерттеу институтын басқардым. Менің ғылыми қызметімнің негізін түріктер тарихы құрағандықтан, мен бұған барлық зерттеушілік күш-қайратымды жұмсауға ықыластанып, 1953 ж. Стамбұлда негізі қаланған Ислам институтының директоры міндетін атқарудан бас тарттым. Бірақ та алты ай ішінде бұл лауазымға лайықты профессор табылмады. Қалай болғанда да, менің бұл институтты басқаруыма тура келді, мұның өзі исламтанудың Түркияда соңғы жылдары артта қалғандығының көрсеткіші еді. Жалпы алғанда, Түркияда ислам мәдениеті саласын зерттеуге құлшынған адамдар өте аз еді: Европа және шығыс тілдерін меңгерген адамдар болғанда, олар университеттерде профессор болып істеп жүретін еді. Өкінішке орай, бізде Үндістандағы сияқты Мұхамед Шафи, Зәкір Хүсейн, Иранда аты шыққан Такизаде сияқты мамандар әлі де өсіп шықпаған еді. Мен 1925 ж. Түркияға алғаш рет келгенімде мұнда қызмет етіп жүрген Исмаил Саиб, Бабанзаде, Наим бей, Халиди Ақсекили сияқты ірі ғалымдарды көрген едім. Ол кезде университетте мамандар сабақ бағдарламасына теологияның орнына ислам мәдениетінің тарихын енгізген еді, сол себепті олар кафедра профессоры міндеттерін атқара да алмайтын еді. Бізде тек соңғы жылдары ғана шығыс және батыс тілдерін білетін, бүгінгі талаптар деңгейінде ғылыми проблемаларды түсінетін исламтанушылар қалыптаса бастады.

Бірақ тағы да Қазанға қайтайын. Мен Ахмед Шанкитиден көп нәрсені үйрендім. Оның үйінде арап авторы әл-Хариридін «Мақаматасының» үлкен бөлігін, Джахиздің мәшхүр «Атақты түрік тұлғалары» еңбегін, ежелгі Джаһили ақындарынан «Он орын» кітабын оқыдым. Сондай-ақ, бұл адамның кеңесімен Қазан ғалымы Ш.Маржанидің еңбектері жайында 32 беттік мақала жазып бердім. Шанкити менің түрік тарихы мәселелерімен қатты әуестенгенімді білер еді. Отанына барғаннан соң ол түріктерге арналып жазылған кейбір өлеңдерін жазып маған жіберді.

Түрік даласында газелдер* бағылады.
Сексеуіл ағашын олар кеміреді.
Сол жануардың қаны төгілсе,
Сол заматы ол мускуса** айналады.

Бұл өлең жолдарын Равалпиндиде өткен конгресте маған «Филистаның» мүфтиі Мұхаммад Әмин әл-Хүсейн оқып берген еді. Қалай болғанда да олар араб әдебиетіндегі белгілі өлеңдердің үзінділері болуы керек.

Ескертулер

12. Ядринцев Н.М. (1842–1894) – русский публицист, исследователь Сибири, археолог и этнограф. В начале 60-х годов входил в кружок сибирских областников, был арестован, провел в тюрьме и ссылке 9 лет. Совершил комплексные экспедиции на Алтай, в Минусинский край и к верховьям Орхона, где открыл развалины Хара Балгаса и Каракорума, а также памятники древнетюркской письменности (орхоно-енисейские надписи). Этнографическое изучение Сибири ученый связывал с практической борьбой за улучшение быта коренных народов Сибири. Важнейшие этнографические труды: «Сибирь как колония» (1882) и «Сибирские инородцы, их быт и современное положение» (1891).
13. Младотурки – участники турецкого революционного движения в конце XX вв., ставившие своей задачей замену султанского самодержавного правления конституционным строем, в более узком смысле – члены организации «Единство и прогресс».
14. Ибн Халликан (1211–1282) – перс. по происхождению, автор обширного биографического словаря «Некрологи выдающихся людей», где содержится много достоверных сведений о современных ему государственных деятелях и писателях Ближнего востока.
15. Ибн Хальдун (1332–1406) – видный средневековый арабский историк. Свой важнейший труд – «Книга назидательных примеров по истории арабов, персов, берберов и народов живших с ими на земле» – он написал в 1370-х гг. Западноевропейские ученые считают Ибн Хальдуна «первым социологом» за его попытку установить зависимость расцвета и упадка государства от географических и других факторов. Ученый выдвинул теорию исторических циклов, согласно которой в странах с умеренным климатом наиболее активной силой истории являются кочевники, якобы обладающие физическими и моральными преимуществами над оседлым населением. Поэтому, по Ибн Хальдуну, кочевники периодически завоевывают страны с оседлым населением и образуют обширные империи.

* Газель – қарақұйрық (киіктің бір түрі)

** Мускус – жұпар су (бірқатар жануарлардың ұрық безінен шығатын хош иісті зат)

А.З.Валиди Тоған. Естеліктер.

Но через 3–4 поколения потомки кочевников завоевателей в условиях городской цивилизации утрачивают свои положительные качества. Тогда из степей и пустынь появляются новые волны кочевников завоевателей и история повторяется.

16. Саблуков Г.С. (1804–1880) – русский востоковед, арабист, родился на Архангельском заводе близ Уфы в семье священника. Написал ряд нумизматических, историко-археологических и этнографических работ, связанные с изучением истории Поволжья, кипчаков и Золотой Орды, автор первого печатного русского перевода Корана с арабского языка.

Аударған – Сайран Ә.

(Жалгасы. Басы өткен сандарда)

МАЗМУНЫ, CONTENTS

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ		
Бутанаев В.Я. (Абакан)	Литературное наследство енисейских кыргызов времен древнетюркских каганатов	3-13
Butanayev V. Ya. (Abakan)	Literal heritage of Enisey Kyrgyz from Early Turkish Kaganat	
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР		
Турдугулов А.Т. (Бишкек)	Аксиологические парадигмы акынской поэзии (к вопросу о структуре, поэтике, форме и содержании)	14-20
Turdugulov A.T (Bishkek)	Axiological paradigms akyn poetry (to the question about the structure, poetics , form and content)	
Карамашева В.Н. (Абакан)	Хакасская литература 1920-х – 2000 –х годов	21-42
Karamasheva V.N. (Abakan)	Hakas literature between 1920-2000	
Ислам Д.А. (Түркістан)	Қазақ өлеңіндегі дәстүр мен жаңашылдықтың зерттелуі	43-53
Islam D.A. (Turkistan)	Investigation of Tradition and Innovations in the Kazakh Poetry	
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ		
Нұсқабаев О. (Түркістан)	Қоныраттар: түпкі ататек тарихнамасы	54-82
Nuskabayev O. (Turkistan)	Konyrats: historiography of relationship	
Абушарипов С. (Түркістан)	Кочевая цивилизация в Центральной Азии	83-90
Abuzharipov S. (Turkistan)	Nomadic Civilization in Central Asya	
Альжанова Э.Е. (Түркістан)	Туркестанский сборник – письменный источник культурного наследия среднеазиатских тюрков XIX века	91-109
Alzhanova E.E. (Turkistan)	Turkestan collection is a written source of the cultural heritage of Central Asian Turks in the 19 th century	
Салғараұлы Қ. (Астана)	Аңыз ел Атлантида	110-130
Salgarauly K. (Astana)	Epic state is Atlantis	
ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ		
Құлжаева Б.Ж. (Шымкент)	Қуатты мәдениеттердің тілдік ықпалы және ұлттық дәстүрді сақтауда патриоттық рухтың маңыздылығы	131-137
Kulzhayeva B. Zh. (Shymkent)	Linguistic Impact of Dominant Cultures and Importance of Patriotic Spirit in Preservation of National Tradition	
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ДІН		
Әбжет Б. (Түркістан)	Қазақ хандығының қалыптасуы жолындағы діни идеологияның атқарған қызметі	138-148
Abzhet B. (Turkistan)	Function of Religious Ideology in Formation of Kazakh Khanate	

СЫН

Тұрсұн Х. (Түркістан)	Этнотарихка қосылған сүбелі үлес	149-152
Tursun H. (Turkistan)	Ponderable contribution to Ethnic History	

ТҮЛІҒА

З.В. Тоған	Естеліктер	153-169
Z.V.Togan	Memoirs	

БАЙЛАНЫС

Түркология ғылыми-зерттеу институты

Түркістан/ҚАЗАҚСТАН

e-mail: turkologi@mail.ru

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы

Тәукехан даңғылы № 7

Телефон. 8 (72533) 3-21-17

Факс: 8 (72533) 3-31-63

Журналдың электрондық нұсқасын turkology.iktu.kz сайтынан оқуға болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның
кезқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік. Шартты баспа табағы 11,5.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс 630.